

Педагогика ғылымдарының кандидаты,
өмірден ерте кеткен лингвист ғалым Жаманбаева
Қаныгүл Әбдібекқызының шығармашылығына арналған
«ҚАНЫГҮЛ ЖАМАНБАЕВА ЖӘНЕ ТІЛ
ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ КОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ»
атты республикалық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Ақтау қаласы
2024 жыл

УДК 80/81
ББК 81.2
П23

**Yessenov University президенті Б.Б. Ахметовтің жалпы
редакциялауымен**

Редакциялық алқа:

А.А. Сейдалиев,
С.Сырлыбекқызы,
Н.С. Қамарова,
М.С. Жылқыбаева

П23 Педагогика ғылымдарының кандидаты, өмірден ерте кеткен лингвист ғалым Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызының шығармашылығына арналған «Қаныгүл Жаманбаева және тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2024. - 90 б.

ISBN 978-601-366-296-1

Бұл ғылыми жинақ Маңғыстау өңірінен шыққан лингвист ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызын еске алуға, ғылыми еңбектерін қазіргі гуманитарлық ғылымдар тұрғысынан зерделеу мен ғалымның ғылыми, педагогикалық және көркем еңбектерін зерттеуге арналған мақалалардан тұрады және конференцияда оқылған баяндамалардың материалдарына арналады.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналған.

ISBN 978-601-366-296-1

УДК 80/81
ББК 81.2

© Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті, 2024

**Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университетінің зерттеу және даму жөніндегі вице-президенті
А.Ә. Сейдалиев сөзі**

Құрметті ағайын!

Маңғыстау – таланттар түлеген жер. Ер Әбіш, Серікбол сынды ғалымдарды туғызған Маңғыстау топырағында ел білмей жатқан тұлғалар да бар. Соның бірі – Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызы. Қаныгүлдей тума талант иесі болғанын бүгінгі ұрпақ біле бермеуі мүмкін. Маңғыстау небір дарындарды дүниеге әкелді. Бұл елдік іске мен де ризашылығымды білдірем. Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып жатса – ел екеніміздің көрінісі.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, өмірден ерте кеткен лингвист ғалым Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызының (1960-2006) кім екенін таныту мақсатындағы конференция Маңғыстау облысы әкімдігінің қолдауымен өтіп жатыр.

Кешегі Серікбол сынды дарындар Маңғыстауда бар екенінің тағы бір дәлелі – өмірден небәрі 46 жасында өткен лингвист, психолог, прозаик, педагог ғалым Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызының еңбектері.

Сондықтан бүгінгі шараның маңызы өте зор. Талантты таныту – мақсатымыз. Өлі жарық көрмеген қолмен жазған еңбектері шаң басып жата бермеу керек. Жарыққа шығаруымыз керек.

Қазақ когнитивті лингвистикасының негізін салушы ғалым Қаныгүл Әбдібекқызы Жаманбаева 1960 жылы 7 қарашада Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Үштаған ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келген. 1967 жылы Шетпе орта мектебінің табалдырығын аттап, 1977 жылы Бейнеудегі Абай атындағы №1 орта мектепті бітіреді. Сол жылы Орал қаласындағы А.С. Пушкин атындағы педогогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түседі.

Институтты бітіргеннен кейін Бейнеу ауданында, Ақжігіт орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. Ұстаздықпен қатар шығармашылықты, ғылымды қатар алып жүрген Қ.Жаманбаеваның мақалалары аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарияланып тұрды. Қаныгүл Әбдібекқызы аудандық газет редакциясында да қызмет етті.

Ғылыми ізденістері оны 1988 жылы Алматы қаласына, ҰҒА-ның жанындағы тіл білімі институтына алып келді. Осы жылдан бастап, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өмірінің соңына дейін қызмет етті.

Қысқа өмірінде біршама қомақты дүниелер тындырып кетті. Бірақ жазары одан да көп еді. Болашақта жазам деп жоспарлап жүрген дүниелері де қалды. Өлі жарық көрмеген қолмен жазған еңбектері шаң басып жата бермеу керек. Жарыққа шығаратын кез келді.

1994 жылы «Әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесі (6-7-класс)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды.

Ғылыми-көпшілік басылымдарда ғалымның көптеген ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрді. 1998 жылы «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясы жарық көрді. Бұл ғалымның болашақ докторлық диссертациясының тақырыбы болатын. 1999 жылы осы бағытта ізденісте жүрген ғалымның денсаулығы сыр беріп, ұзаққа созылған науқастан 2006 жылы 25 қарашада дүниеден өтті. Дүниеден өткеніне 18 жыл болыпты. Ғалымды «шын ғалым еді» деп замандастары, ғалымдар іздеп жатса, елдігіміз емес пе?

«Алтын кездік қап түбінде жатпайды» деген сөз бар. Қаныгүлді бүгінгі жастарға, болашақ ұрпаққа танытсақ, нұр үстіне нұр емес пе?

Қ.Жаманбаева тек ғылыммен ғана айналысып қойған жоқ, шығармашылықпен де айналысты. 1992 жылы «Балауса» баспасынан «Үлкен жолдың адамы» повесі мен ертегілер жинағы басылып шықты. Бұл шығармасы кезінде жас жазушылар арасында арнайы ынталандыру сыйлығына ие болған.

Қаныгүлдің творчестволық жолы тек ғалымдықпен шектелмейді. Ол прозаик те, публицист те, тәлімгер де еді. Шебер педагог, психолог болатын. Ол облыстық, республикалық газеттерге жазып тұратын.

Қаныгүл апамыз арамыздан творчестволық қуаты толыса бастаған шағында ерте кетті. Әйтсе де артына азды көпті мұра тастап, өз ізін қалдырды.

Бүгін өмірден ерте кеткен лингвист ғалым Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызының шығармашылығына арналған «ҚАНЫГҮЛ ЖАМАНБАЕВА ЖӘНЕ ТІЛ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ КОГНИТИВТІК НЕГІЗДЕРІ» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өткізіп жатқандарыңыз – құптарлық іс. Келесі жылы Қаныгүл Әбдібекқызының туғанына 65 жыл толады екен. 65 жылдығы тұсында жарияланбаған еңбектерін жариялап, өзі өскен берекелі Бейнеуден Қ.Жаманбаева атына көше беру сияқты біраз жұмыстарды жоспарлап қолға алуды күн тәртібіне қою керек. Есенов университеті ғылыми орта болғандықтан Жаманбаева Қаныгүл Әбдібекқызының қалдырған мұрасын түгендеп, зерделеп, зерттеп жатса, Маңғыстаудың «екінші Серікболындай» тұлғаға айналары сөзсіз. Өшкеніміз жана берсін!

Келесі жыл Қаныгүл Әбдібекқызының туғанына 65 жыл толады екен. 65 жылдығы тұсында жарияланбаған еңбектерін жариялап, Есенов университетінен кабинет ашып, Қаныгүл Әбдібекқызының еңбектерін зерделеп, ғылыми жобаларға тақырыптар алуға мүмкіндіктер туып тұр. Сол мүмкіндіктерді пайдаланайық, әріптестер!

Бүгінгі конференция жұмысына сәттілік тілеймін!

Назарларыңызға рақмет!

ТІЛ ҚҰДІРЕТІН СЕЗІНГЕН ҒАЛЫМ

Фазылжан Анар,

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Алматы қаласы, Қазақстан*

Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгінгі конференцияға сәттілік тілеймін! Бүгінгі конференция ғалым Қаныгүл Жаманбаеваға, оның шығармашылығы мен тұлғасына арналып отыр. Ол кісі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Қазақ тіл білімінің дамуына өз үлесін қосты. Біз ол кісімен танысқан кезде университетті жаңа бітіріп келген бала болатынбыз. Жасыратыны жоқ, мен Қаныгүл апайды алғаш көрген кезде қасына жақындай алмай жүрдім. Өйткені, біз жаңадан келген аспирант едік. Ал Институтта қызмет етіп жүрген ғалымдар, тіпті сол Қаныгүл апай сияқты жас ғалымдардың өздері бізге бір үлкен тау сияқты көрінетін. Рабиға апайлардың қасынан жүріп өткеннің өзі үлкен бақыт болатын. Біз сияқты жас ғалымдардың көзқарастарының қалыптасуына ерекше әсер еткен тұлға еді. Қаныгүл апаймен көзтаныс болдық, әріптес атандық. Ол кісі Рабиға апай басқаратын Тіл мәдениеті бөлімінің белді қызметкері болды.

Келесі жылы Тіл білімі институты ғалымның 65 жылдық мерейтойына арналған іс-шара өткізеді. Институт ұжымы ол кісінің мұрасын түгел зерттейді. Сол кезде ғылыми баяндамалар дайындаймыз. Қаныгүл апайдың жеке тұлғасы туралы сөз қозғағанда, көзтаныс болған кезде үйренгенім туралы, ол кісінің адамгершілік, ғалымдық қасиеттері туралы айтқым келеді.

Қаныгүл апайдың дауысын есту, үлкен мінберлердегі баяндамасын көзбен көріп, құлақпен тыңдау үлкен ғанибет, мәртебе болып саналатын. Сол кездегі жас ғалымдардың қасында жүргенге, тіпті амандасып, сөйлескенге қатты қуанатынбыз, ондай кездер өміріміздегі ерекше оқиғаға айналатын. Қаныгүл апай ерекше жан болды. Адам дүниені миымен қалай қабылдаса, мінез-құлқы да, қоғамда өзін ұстауы да соған қарай қалыптасады. Қаныгүл апайдың ерекшелігі сонда, ол кісінің қасына жолай алмайтынбыз, қорқатынбыз. Ол кісінің жанына барып бұрыс сөйлеп қойсақ, ол кісі бізді түзеп жіберсе, ол кісіден ұят болып қалса, өзіміздің түк білмейтінімізді сездіріп қоямызба деп қашып жүретінбіз. Бірақ біздің ұжымда ғылыми ортада қалыптасқан дәстүр болды, ол әлі бар, жалғасып келе жатыр. Ол түскі уақытта бірге отырып ас ішу. Ғалымдар асхана іздеп кетпейді, бірге отырып бір бөлмеде, өз бөлімдерінде шай ішетін. Асханаға барса да топтасып бірге баратын, себебі ол кісілер сол уақыттың өзін ғылыми мәселелерді талқылауға жұмсауды көздейтін. Кезінде атақты түркітанушыларды Кеңес одағы тұсында соғыс кезінде Мәскеу, Тәшкенге, Алматыға депортациялаған. Сонда біздің ғалымдар оларға кетпеді өтінігенде «менің ортам ана жақта, мен ортам жоқ

жерде топырағымнан жұлып алған өсімдік сияқтымын, қайтуым керек» деп, қайтқан екен. Сол сияқты ғалымдардың жүрген жерінде үлкен орта қалыптасады.

Институтта түскі уақытта шай ішкенде Рабиға апай анда-санда арамызға қосылатын. Ол кісінің үйі жұмысқа жақын еді. Кейде бәрімізді шайға шақыратын. Жастар аға буынға шай беріп, сол кісілердің әңгімесін тыңдағанды сағына күтіп жүретінбіз. Сондай кездерде Қаныгүл апай қызық әңгіме көп айтатын. Менің есімде қалғаны, бірде Қаныгүл апай атақты психологтар, психология ғылымының негізін қалаған тұлғалар – Карл Густав Юнг, Зигмунд Фрейд, Лев Выготский туралы айтқанда таңғалғанмын. Сонда Қаныгүл апай таза лингвистикамен емес басқа саламен, лингвистиканың тоғысындағы мәселелермен айналысатын кісі екен ғой деп ойладым. Выготскийді студент кезімде оқығаным бар, бірақ Қаныгүл апайдың әңгімесінен кейін маған Выготскийдің еңбектерінен лингвистикамен байланысты көптеген дүниені көрдім. Бажайлап қарасақ, жай бір шай үстіндегі әңгімеде, көптеген білімге қанық болыппыз.

Ғалымның адами тұлғасы туралы айтатын болсақ, ол кісінің қайсарлығына тәнті болдым. Әлі күнге дейін ол кісінің өмірі мен үшін бір Алланың сол кісі арқылы маған берген адам бойындағы рухтың қандай болатыны үлгісі сияқты, маған көрсеткен адам қайсарлығының үлгісі сияқты көрініп тұрады. Себебі біз тәуелсіздіктің бастапқы жылдары Алматыға жаңадан келгенде өте қиын кезең болды ғой. Халықтың күнкөрісі қиындап кетті. Ауылдан келген қазақтың қарағөз қыздары қаланың түкпір-түкпірінен арзан пәтер іздеп талай орыстың тар үйінде тұрдық. Абай – Алтынсарин (бұрынғы – Правда көшесі) қиылысындағы ұсақ жатақханаларда бір бөлмелі пәтерлер жалға берілетін. Сондай бір жатақханада тұрып жүргенде Қаныгүл апайдың ауырып қалғанын естіп, іздеп тауып алдым. Ол кісінің тұрып жатқан жайын көріп, мынадай мықты ғалым осындай жағдайда қалай өмір сүреді деп қатты толқыдым. Сөйтсем сол кезде біздің еліміз үлкен дағдарыстан өткен екен ғой. Қазір, шүкір, жас ғалымдардың өздеріне жеңілдікпен үй беріліп жатыр. Ал Қаныгүл апай сондай қиын кезде ғылымды тастамай, ғылымды жанындай жақсы көрді. Біз қазір қаншама ғылым докторы, ғалымымыз бар деп мақтанамыз, ал Қаныгүл апай сияқты ғалымдардың еңбегінің арқасында Тіл білім институты деген институттың қабырғасы нық болып тұрғанын қазір түсініп жатырмыз. Сол кездері Қаныгүл апайға жиі барып, әңгімелесіп жүрдік. Қатты ауырғаны сонша, бір қолы қозғалмай қалды. Мен сонда «Қаныгүл апай, мен сізге көмектесіп тұрайын» дедім. Ол кісі қайсар адам ғой, жалғыз қолымен киінуді де, бәрін өзі істеп үйреніп алды. Тағы бір есімде қалғаны, ол кісі бізбен бірге түстенгенде маған «сен енді Қаныгүлдей сайрап үйренуің керек» деді. Қаныгүл апай аурудан кейін, сөйлеуі қиындаса да, Мұқағалидың өлеңдерін жақсы көретін соны күшті интонациямен мәнерлеп тұрып оқитын. Ол кісі былайша айтқанда өзінің ауруын жұдырықтай жүрегімен, үлкен рухымен, қайсарлығымен жеңді. Қиындықтың бәрін өзінің сүйікті ісімен айналысу үшін жеңді деп ойлаймын. Адамда мотивация болу

керек. Мотивация болмаса ондай ауруды жеңе алмас еді. Қаныгүл апайдың мотивациясы – ғылымға деген сүйіспеншілік. Ол кісінің біз сол кезде жазып жүрген еңбегін жасыратыны жоқ, түсінген жоқпыз. Мен апайдың монографиясын оқыдым. Ол маған Джеймс Джойстың «Поток сознания» атты романы бар ғой, сондай болып көрінді. Қазір тіл ғылымында когнитивтік лингвистика деген сала дамыды. Біз қазір сала ғалымдарының тарихи еңбектерін оқып, ары қарай дамытып жатырмыз. Осы арқылы Қаныгүл апайды, ол кісінің еңбектерінің мәнін, мағынасын енді ғана түсініп жатырмыз.

Менің сүйікті мысалым, мәселен, аудиторияда тек орыстар ғана отыр деп елестетейік. Мен қазір «пришла зеленоглазая девушка» десем, аудиторияда отырған орыстың жігіттерінің жүректері қозғалады иә?! Бір әдемі қыз келген шығар, әлгі қызды көргенше бір әуес болады немесе «пришла голубоглазая девушка» десем, тіпті көргісі келеді. Енді осыны қазақша айтсам, мәселен, көзі жасыл қыз келіп тұр десем немесе көзі көк қыз келіп тұр десем, осы жерде отырған ағаларымыз «көзі тұздай болған кім екен ол» дейді ғой! Қазақ көз алдына сұлу қызды елестете ме? Елестете алмайды. Өйткені әр халықтың өзінің жетелеп жүретін образдары бар, символдары бар. Ана тілі бізге кімнің сұлу екенін, ненің жаман екенін сөзбен-ақ туғанымыздан үйретіп қояды. Ал енді қазақ аудиториясына «бір бота көз қыз келіп тұр» десем, көз алдарыңызға түрі қорқынышты қыз елестей ме? Жоқ, көз алдарыңызға сұлу қыз елестейді. Қазақтың «бота көз» деген тіркесі сұлулықтың эталоны болып, атам заманнан тілімізге бекітіліп алған. Ал орыс аудиториясына «пришла девушка с верблюдими глазами» десем, орыстар оны сұлу қыз деп көз алдына елестете ме?! Елестетпейді. Осыны Гумбольдт зерттеген. Ана тілінің құдіретін осындай эталондар, символдар, концептілер арқылы түсіндіреді. Ал оны біздің Қаныгүл апайымыз сонау тоқсаныншы жылдарда айтқан екен. Ғалымның өзі өлсе де, хаты өлмейді деген осы екен. Жастар осындай зерттеулер жасауға, ізденуге тиіс.

Қаныгүл апайдың рухы шат болсын!

ӘОЖ 82.08:159.9

ЖАНАРЫ ЖӘУДІРЕГЕН ҚАНЫГҮЛ ЖҮРЕГІМДЕ

Манкеева Жамал Айтқалиқызы,

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының

аға ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының докторы, профессор,

Алматы қаласы, Қазақстан

Осыған дейін сөйлеген әріптестерім, шәкірттерім Қаныгүл туралы тек ғалым ретінде ғана емес, адам ретінде де сондай ерекше сезіммен, толғаныспен сөйледі, оның көптеген қасиеттерін ерекшеліктерін көрсетті. Тіл білімі институтында бірге қызмет еткен кезде Қаныгүлге жақын болып, апа

болған адамдардың бірі болғанымға қуаныштымын. Енді ерте жоғалтқанымға, әрине, өкініштімін. Қаныгүл өте әдемі, сұлу жан еді. Оның көзі ботагөз, адамға сондай жәудіреп тұрып қарайтын. Көзі адамның айнасы дейді ғой, оныңтұңғыық көзі жан дүниесінің тұнықтығын, жан әлемінің байлығын көрсетіп тұратын. Кейіңгі өкінішті жағдай: инсульт алып, А.Н.Сызғанов атындағы ауруханаға түсті. Бірінші рет барғанымда, сөйлей алмай тек қана көзі жәудіреп жатыр екен. Маған қатты әсер етті, сол көз жанары әрқашан көз алдымда қалып қойды. Қаныгүл сөйлегенде де әдемі сөйлейтін. Бірақ та ол кезкелген уақытта сөйлеп кете бермейді. Сосын, жаңағы қыздар айтып кеткендей, кезкелген адаммен бірден араласып, сырласып, ішкі сырын жан дүниесін ақтарып ашылмайтын. Сондай адамның жан әлеміне кіре алғанымға қуаныштымын. Ең бірінші Қаныгүл туралы Орал пединституты мұғалімдерінен естіген болатыным. Менің жолдасымның әріптесі, әрі жолдасы Серікқали Шарабасов сол М.Өтемісұлы атындағы Орал университетінің белгілі профессоры болды. Сол кісі кейін Қаныгүл Алматыға кетті деп естігенде: “А, біздің Қаныгүл сіздерге кетті ме?” – деп көзі жайнап, Қаныгүл туралы керемет қылып айтатын еді.

Қаныгүл Орал университетін бітіргеннен кейін, Бейнеуде мұғалім болып жұмыс істеген. Сонда ол жәй мұғалім емес, өнебойы ізденісте жүретін, жаңашыл, шын мәнінде ерекше мұғалім болған ғой. Осы қабілетін таныған ұстазы оның ғылымға келуіне ықпал етеді. Текті отбасы, көзі ашық, зиялы ата-анасы жасынан арманшыл Қаныгүлдің бетінен қақпайды. Сөйтіп, ол ғылым жолында Рәбиға апайға жолығады, апай да Қаныгүлді бірден өзінің жан дүниесіне сай қабылдайды. Алғашқы сөйлескенде-ақ, бірден апайдың көзіне түскен. Ұлы тұлға ғой, апай бірден таныған.

Қаныгүлдің ерекшелігі сол жан дүниесі үйлесетін болса, бала ма, үлкен адамба, ғалым ба, инженер ме қарамай сөйлесіп кете беретін. Сол біздің балаларымызбен де Қаныгүл керемет араласып кетті, әлі күнге дейін Қаныгүл апай десе, біздің балаларымыз ішкен асын жерге қояды. Тіпті біздің отбасымыздың бір мүшесі секілді болып кетті.

Енді Қаныгүлдің ғылыми қызметі туралы айтайын. Еліміз тәуелсіздік алып, тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғаннан кейін жаңаша деңгейде тіл арқылы қазақты таныту мәселесі алға шықты. Халқымыз туралы мәдениет, ғылым, білім бәрі тілде сақталғандығы белгілі.

«Қазақ тілінің мәдени лексикасы» деген тақырыпта докторлық диссертация жазып жүргенмін. “Материалдық мәдениет” деген ұғым бар, диссертация жазу үстінде мен оны тек қана этнолингвистикалық бағытта сипаттап беру жеткіліксіз екендігін түсіндім. Қазақтың мақал-мәтелдерін зерттей келе, тіл қарым-қатынас құралы деген қызметтен көрі терең екенін түсіне бастадым. Сол кезде когнитивті лингвистиканың алғышарттары орыс тіл білімінің өзінде де керемет дамып кеткен жоқ. Тілдің қызметі туралы қызықты мәліметтерді оқып қатты әсер етті. Бір күні Гумбольт еңбегімен таныстым. Гумбольт – лингвофилософ, ол тек қана тілші ғалым емес, тілді философиялық тұрғыдан қарайды. Сол тұрғыда Гумбольттың тілде рух бар

деген атақты тұжырымы бар.Сөйтіп мен когнитивті,психолінгвистика деген салалардағы кейбір мәселеге байланысты нәрселерді қарап жүрдім.Бірақ өзімнің саламнан кетіп қалмайын деп, осы мәселелер жөнінде Қаныгүл екеуіміз сөйлесіп жүрдік.Қаныгүл осы танымдық бағытта зерттеулер жүргізіп жүрді. Диссертациямды қорғап болғаннан кейін байқасам, Қаныгүл тіпті тереңге бойлап кетіпті.Сосын бір күні мен:«Мен мына материалдық мәдениетке байланысты этнопсихологиялық сипатты негіздеу барысында бір жерден Швецарияның психотерапевт ғалымы болған Густов Юнгтің цитатасын көріп таңғалғанмын», – дегенмін.Бір күні Қаныгүл келіп: “Апай мен сіз айтқан Густов Юнгтың “Архетип и символ”деген еңбегін таптым,конспект жасадым”, – деді. Оны кейінде өзімде тауып оқыдым. Шындығында, психотерапевт, аналитик ғалымдарды оқу,түсіну, оған еру адамды шаршатады, бір психологиялық әлемге түсесің. Қаныгүл осындай еңбектердің ішіне кіріп кететін. Бір күні Шопенгауэрдің еңбектерін, теорияларын қарағанын айтты. Одан кейін сопылық ілімге кіріп кетті, ол ілімді де игерген. Оны санаға игеру оңай емес қой. Ал Қаныгүл оны қабілетімен, ерекше болмысымен, мененде тереңірек түсініп, меңгерді.

Мен диссертацияны қорғап болғаннан кейін екеуіміз қайтадан шығармашылық бірлестікте болдық. Ол кезде біздің тіл білімінде тіпті когнитивтік деген ұғымды көптеген тілшілердің өзі түсіне бермейтін.

Мен оған: «Осы тапқан материалдарыңды жинақта, бұны біз енді жұртқа да айтуымыз керек.Мына еңбектерді көп адам таба алмайды,оқи алмайды, оқысада игере алмайды немесе оның мағынасын мәнін ұғына алмайды.Сондықтансен бұның бәрін белгілі бір жүйеге түсір», – деп кеңес бердім. Соданжұмыс істеп жүрді, екеуіміз қосылып бірге оқулық жазармыз, жұмысымыз әрі қарай жалғасар деген жоспарларымыз болды.Шаршағанына қарамастан, тынбай ізденді. Өзі тезірек кітап қылып шығарғысы келді, сондай асықты. Мүмкін, сезді ма екен? «Жоқ, мен шығарам, апай, сіз қалай ойлайсыз? Жарай ма шығаруға?» – деді. Мен оның еңбегін түгел оқып шықтым,редактор болдым. Бірақ редактор деп жазғызбадым, себебі «мен әлі когнитивист ғалым болып қалыптасқан жоқпын, мынау еңбектің бәрі сенікі, одан да мені пікір жазған деп жаз», – дедім.Сөйтіп еңбегі жарыққа шықты. Ол жарыққа шыққаннан кейін қатты қуанды. Бір қарасаң мына кітап жұп-жұқа, алайда Қаныгүлдің кітабына барлығы сілтеме жасайды. Менің өзімнің шәкірттерімнің (магистрлар, ғылым кандидаттары мен докторлары) көбі осы когнитивтік лингвистика бағытында.

Когнитивтік лингвистика деген не? Тілді құрылымдық жағынан құрылымдық лингвистика қарастырады. Ал тілдің құдіреті сол тіл иесінің философиясымен, психологиясымен зерттегенде ғана ашылады. Енді қазіргі ерекше назар аударатын жай – көркем мәтін тілі. Қазақ сөзінің әлеуеті көрінетін жері – көркем мәтін. Себебі көркем мәтінде Әбіш Кекілбаев сияқты сөздің біз білмейтін, біз түсінбейтін,ұмытқан тұстарын жаңаратып мағыналық мән қоса білу. Мысалы, «мәңгірт» сөзі қазақтың қолданыстағы сөзі, яғни ойлауында мүкістігі бар адамды айтамыз. Соны Әбіш ағамыз

сөзінің құдіреттілігі сонша – Ресейге бодан болған кездің өзінде аңыз арқылы «Күй» шығармасында шебер суреттеген. Соны сол заманда Әбіш ағамыз қалай жариялаған? Ол бір керемет тәсіл тапқан. Ол аңыз шығарма ретінде жариялаған, сөйтіп цензурадан өтіп кеткен. Ал кейін, тәуелсіздіктен кейін, қазақ тілін білетіндер, білмейтіндер деп бөліне бастадық. Шыңғыс Айтманов «қазақ тілін білмейтіндерді «мәңгірттер» дейміз» деп, оны терминге айналдырып жібереді. Міне, мұның барлығы көркем мәтінде қалыптасады. Қаныгүлдің негізгі алған білімі – әдебиет пәнінің мұғалімі, тілші емес, мектепте сабақ бергенде де әдебиеттен сабақ берген. Ол бірінші кандидаттық жұмысын педогогикадан қорғаған, педогогика ғылымдарының кандидаты болды. Себебі оның осыған дейін жазғаны педогогикаға байланысты, әдебиетті оқуға байланысты болды. Осы бағытта бірнеше кітаптар, оқулықтар шығарған. Сонда айтайын дегенім, Қаныгүл о бастан әдеби бейнелі түсінуді, сөздің көркем кестесін түсінуді, бұрыннан оның жан дүниесін сипаттайтын үлгіні таңдаған.

Қазіргі тіл білімі кешенді тіл біліміне айналды. Қазгі тілдік зерттеулерде әдебиеттанушылардың да, философтардың да, психологтардың да еңбектерін пайдаланамыз. Соның бәрінен тұтастырып келгенде шығатын нәрсе – дүниенің тілдік санада құрылымдалатыны. Ал тілдік санада құрылымданудың сыртқы бейнесі тіл арқылы көрініс табады. Соны Қаныгүл өз еңбегінде алғашқылардың бірі болып баяндаған. Когнитивтік лингвистика деген не? Тұтастыру – когезия дегеннен шыққан. Бәрін тұтас қарау. Қаныгүл соның барлығын оқып, теріп, түсініп, тілдік санадағы көріністердің когнитивтік тілдік модельдер құратынын айтады. Мысалы, құрылымдық жүйеде зат есім, сын есім деп грамматикалық категорияларға бөлсек, Қаныгүл оның басқа да жақтары бар екенін ескеріп, эмоция мен символға құрады. Оның психологтардың еңбегіне сүйенген себебі, адамның күйзелісі, қуануы немесе шаттануы, я болмаса жауласуы деген сияқты керемет психикалық әрекеттер болады ғой. Тіл, сөз соны қалыптастыратын көз. Сонда Қаныгүл эмоция дегенде көбінесе, мұң, қайғы, жалғыздық деген нәрселерге осындай эмоцияның тілдік көріністеріне мән береді.

Мерей тойлы жасында, жанымызда бар, жүрегімізде бар Қаныгүлдің шығармашылығын, танытайық, соған еңбек етейік. Бұл қазақ тіл біліміне, тек тілге емес әдебиеттанушыларға адамның жан дүниесін табуға көмектесетін еңбек ретінде үлкен мұра болады деп ойлаймын. Осы істі абыройлы атқаруға шақырамын.

ҚАНЫГҮЛ ЖАМАНБАЕВА ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛҒАН ЖАН ЕДІ

*Есенова Қалбике Өмірбайқызы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Алматы қаласы, Қазақстан*

Құрметті, әріптестер! Құрметті, конференцияға жиналған қауым! Бүгінгі іс-шара ғалым – Қаныгүл Жаманбаеваның жалпы ғылымдағы орны, құнды еңбектеріне қатысты соған арналмақшы. Қаныгүл Жаманбаеваның керемет туындысы, керемет еңбегі “Тіл қолданысының когнитивтік негіздері” деп аталады. Бұл кітап шын мәнінде өте күрделі жазылған, кез келген адам оны батып, оның барлығын түсіне алмайды. Неге? Өйткені ол кітапты жазу үшін ең бірінші философ болу керек, екінші психолог болу керек, (когнитолог) болу керек, лингвист болу керек осының барлығын біріктіре, осындай үлкен бір жоғары деңгейде жазылған құнды еңбек. Енді осы еңбекке қатысты кейбір мәселелерге тоқталуды жөн көріп тұрмын. Еңбектің ең құнды жері деуге де болады, осы еңбекті жазудағы негізгі мақсаты мынадай болса керек, бірінші еңбектің құрылымы – гештальт теорияларын қолданысқа түсірудің бір үлгісін көрсетті, сонау осы еңбек жарыққа шыққан кезде когнитология туралы, лингвокогнитология, оның ішінде гештальт, (фрейм-сценарий) туралы терминдерге енді-енді ғана құлағымыз үйреніп жатқан кезде ең бірінші осы когнитологияға қатысты оның ішінде лингвистикалық тұрғыдан талдау жасаған осы еңбек болды, екіншіден, тілдік элементтің көркем формаға айналуына ғылыми тұжырым жасады, үшіншіден, ақын шығармаларындағы терең жан күйлерін, аффект атауларын тезаурсқа түсіріп талдады. Абай, Мұхтар Әуезов, Әбіш Кекілбаев, Мағжан Жұмабаевтың шығармаларындағы осындай жыр-күйді қалай беріп тұр, тілдік қолданыстар, оларды қалай жеткізіп тұр деген мәселелердің барлығын осы еңбекте біз көре аламыз. Сол сияқты, осы еңбекке тіл бірліктеріне концептологиялық, концептілік талдау жүргізді. Оның ішінде (мұң концептісіне) тура сол тілдік тұрғыда жақсы талдау берген осы құнды еңбегін атауға болады. Сол сияқты Қаныгүл Жаманбаева бірнеше терминдер ұсынады, ол қандай терминдер, мысалы: жан дүниенің «етістіктелу» деген процесіне тоқталады екен. Жан-дүниенің *етістіктелуі*, етістік дегенді білеміз ғой, біз құрылымдық лингвистикада жалпы етістік деп қана қоямыз, ал мына жан-дүниені берген кездегі етістіктің рөлі, ол қандай формаға айналды деген кезде тұтас модель көрсеткіші ретінде жақсы түсіндіріп берген екен. Сол сияқты дүниенің тұтас моделін ұсынады. Мысалы, “апатты кезең” деген термин ұсынады екен, әсіресе мына өлең шумақтарында қорытынды жерлері бар ғой, автор нені айтады деген кезде, түйінді ретіндегі тіл бірліктерін “апатты кезең” деген терминмен балайды. Бұл жалпы еңбегіне қатысты айтқанымыз, ал жалпы

өмірде мен ғалымды қалай таныдым. Ең бірінші, Қаныгүл Жаманбаеваның жалпы мына ғылымдағы орны, оның біліктілігі, таза ғалым ретіндегі болмысын, ұстазымыз академик – Рабиға Сыздықованың өз аузынан естідім, апайдың үйіне барған кезде “осындай Қаныгүл Жаманбаева деген керемет ғалым бар, оның осындай-осындай ойлары бар, ғылыми тұжырымдары бар дегенде сүйсініп тыңдап отыратынбыз. Содан 2005-жылдары тіл білімі институтында, оның алдында аспирантурада оқыдым, сол 2005-жылдары мен келген кезде апайымыз сәл сыртқаттанып, науқастанып қалған екен. Тіл мәдениеті бөлімінде Рабиға апай бар, Нүргелді ағай бар, Жамал апай, Құралай, Анар барлығымз түскі асты бірге отырып, сол жерде біз көп мәселелерді айтатынбыз. Біз ол кезде ешкімді талдамаймыз, еш адамды талқыламаймыз, біз тек қана ғылымға қатысты, қазіргі өзекті мәселелерді қозғап, сол шайдың үстінде біз көп ақпарат алатынбыз. Сол бір керемет кезеңде Қаныгүл апайдың талай өлең оқығанының куәсі болдық. Өлең оқыңызшы десе, қуанып кететін. Мені мына аудитория тыңдап тұр, тыңдағысы келіп тұр деген сияқты апайдың көзінен бір үміт отын көретінбіз. Сонда апай үнемі, неге екенін білмеймін, мұңға қатысты өлеңді көп оқиды. Төлеген Айбергеновтың өлеңдерін ол сүйсініп, жүрекпен, көзбен оқитын. Сонда бір өлеңі есіме түсіп отыр, мен қазір жазып келдім, ол кітапта да бар. Сонда көп оқитын өлеңі мынау екен, әсіресе мынау гештальтқа байланысты жаңа айттым ғой, мына жан дүниенің етістіктелуі деген процесті осы өлең арқылы берген екен, сол өлеңді сүйсініп оқитын:

Көп кешікпей көктем де келер енді,

Көгертін тіршілік көгереді.

Қу бұтағы арса-арса кәрі еменге,

Келер көктем, білмеймін, не береді?

Көп кешікпей көктем де келер енді,

Көгереді ауылдың төңірегі.

Ерте кеткен досымның қабірі тұр,

Келер көктем, білмеймін, не береді?

Сонда осы өлеңде досының, ерте кеткен досының ішкі мұңын айту арқылы апайдың өзі де дүниеден ерте кеткен екен ғой. Енді апайдың өмірімен тағы да бір байланысты нәрсені айтқым келеді, осы монографиясында адамның дейді, жан-дүниесі мұңға түскен кезде сананың дейді, үшінші формасы жүзеге асады дейді. Сол кезде ұлыларда қайталанбайтын туынды дүниеге келеді дейді. Соған мен мысал келтірейін, апайдың өзінің сөзі : “Мұң секілді жоғарғы формаға айналған сезімдер ұлылардың жан-дүниесіне барған сайын күрделі психикалық құрылымға өте береді. Мұң - үшінші сатысында ойға батудың, толғанысқа берілудің өте күрделі формасы. Ұлылардың дейді, қайталанбайтын бір тума шығармалары осындай күрделі жан құрылымынан туған дүниелері”– дейді. Міне, өзі де осындай туынды берген екен. Өзі айта отырып, сол өмірге, сол сезімге өзі де кіргендігін біз осы кітаптан оқимыз, көреміз.

Апай өте қайсар еді, намысшыл еді. Ол сырқаттанып жүрген кездің

өзінде көйлегін, пальтосын кигізейік десе, жоқ-жоқ-жоқ өзім дейтін. Ең соңында біз айтпайтын да болдық. Намысына тиеміз, өзі қимылдасын, өзі қозғалсын деп. Осындай қайсар қыз дүниеден өтіпті. Қайсар қыздың дүниеден өткенмен, оның артында құнды дүние қалыпты, тілекші бауырлары қалыпты. Қаныгүл апайдың рухы шат болсын, иманды болсын, жатқан жері торқалы болсын. Осындай үлкен шараны ұйымдастырып отырған осы университеттің ұжымына, басшылығына ризашылығымды білдіремін. Енді кез келген конференцияның соңында бір қарар қабылдайсыздар ғой, ұсыныс ретінде мен айтатыным, мына Ахмет Байтұрсыннов атындағы Тіл білімі институты мен Абай атындағы университет бірігіп осы Қаныгүл Жаманбаеваның 65-жылдығына бір арнайы үлкен шара ұйымдастырса, екіншіден, осы конференцияны Есенов атындағы университетінде болып жатыр ғой, осы университетте Жаманбаеваның атына арнайы бір зертхана, болмаса орталық ашылса, апайдың еңбегі қайта-қайта талқыланып, оны пән ретінде мысалы кейін де ұсынуға болады. Біз Абай атындағы университетте лингвокогнитология деген пән жүреді, сонда міндетті түрде біз Қаныгүл Жаманбаеваның еңбегіне тоқталмай кете алмаймыз. Біз үнемі сілтеме жасаймыз, шәкірттер оны жақсы біледі, сондықтан да апайдың туындылары, апайдың қолжазбасы бар деп жатырсыз, солардың барлығы әлі де жарық көреді, біз оған сенімдіміз, конференция жұмысына сәттілік тілейміз! Рақмет!

ӘОЖ 82.08:159.9

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Нұрдаулетова Б.И.,

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы,
Ақтау қаласы, Қазақстан*

Андатпа. Тілді жеке тұлға аспектісінен қарастыру соңғы жылдары тек лингвистика ғана емес, психология, философия, лингводидактика тәрізді пәндерде де зор қызығушылық тудыруда. Бұндай «аралас контекстегі» қызығушылықтың басты нысаны жай адам емес, жеке тұлға. Яғни өзіндік күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан, өзін-өзі, өзі және өзге, өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам болуы қажет.

Мақалада тілдік тұлғаны зерттеудің қазақ тіл біліміндегі өзіндік ерекшелігі когнитиволог ғалым Қ. Жаманбаеваның «дара тұлға» идеясымен байланыста қарастырылады.

Кілт сөздер: Тілдік тұлға, дара тұлға, Ю.Н. Караулов, Қ. Жаманбаева, автор бейнесі, ішкі терең қажеттілік, интеллектуалды мінездеме

Лингвистикалық аспектедегі жеке тұлғаны зерттеу тек тіл арқылы жүзеге асырылады. Яғни бізді қызықтыратын жалпы адам емес, тілдегі адам: «... язык единственные средство способные помочь нам проникнуть в скриту от нас сферу ментальности, оба он определяет способ членения мира в той или иной культуре. Он рассказывает нам о человеке такие вещи, о которых сам человек и не догадывается» [1, 114]. Тілдік тұлға мәселесін орыс тіл білімінің аясында зерттей отырып, Ю.Н.Караулов сөз болып отырған мәселені лингвистикалық деңгейде қарастырудың 3 түрлі жолын көрсетеді: Біріншіден, сөйлеу мен тілдің психологиялық ерекшелігі тұрғысынан, бұл психолингвистикалық жол; Екіншіден, тілді оқып-үйрету әдістемесі тұрғысынан, бұл лингводидактикалық жол; Үшінші, көркем әдебиет тұрғысынан зерттеу [2, 10]. Бірінші әдіс Б.Куртенэнің зерттеулерінде қолданылды. Ол әдеби тілге тарихи талдау жасауда, тарихи танымды дүниеге көзқараспен қатар қойды. Ол тілдік тұлғаны түрлі әлеуметтік-тілдік категориялардың бірлігі ретінде қарастырды. Оны жазушының дара стилінен гөрі көркем шығармадағы әлеуметтік-топтық, ұжымдық дағдымен ұстанған бағыты қызықтырды [3, 14].

Қазіргі психолингвистикада тілдік тұлға тіл мен ойлаудың қарым-қатынасына байланысты немесе тілдік онтогенезге қатысты қаралады.

Тілдік тұлғаны зерттеудің лингводидактикалық аспектісі ең ежелгі және тамыры тереңдегі мәселе болып табылады. Тілдік тұлғаны лингводидактика тұрғысынан түсіну екі ерекшелігімен ажыратылады: біріншіден, тілдік тұлға жалпы тілді қолданушы, ал тілді қолдану адамға тән тума қабілет ретінде қаралды, мұндай жағдайда тілдік тұлғаның құрылымы мен мазмұны оны қолданушы тұлғаның ұлттық ерекшелігіне қатысты бола алмайды. Екіншіден, лингводидактика тілдік тұлғаның генезисіне меже жасай отырып, жинақтық баға береді, сол арқылы көркем шығарманың тілін зерттеу ретінде тілдік тұлғаны талдаудың кең мүмкіндігін жасайды.

Көркем шығарманың тіліне қатысты тілдік тұлға мәселесі түрлі қырынан зерттеу нысанына айналуға. Осы терминнің қалыптасу, даму тарихында онымен іргелес бірнеше ұғымдар қатар алынып зерттелді. Мәселен: көркем шығармадағы «автор образы», «авторлық мән», «тұлға образы», «шығармашылық тілдік тұлға», «речевая личность» т.б. «Поэтикалық тілді зерттеу теориясында» «тілдік тұлға» ұғымының пайда болуы жайдан-жай (кездейсоқ) емес. Олай болатын себебі көркем әдебиетте авторлық даралық ұғымы бар. Автор өзінің дара стилін жасау арқылы оқырманның санасында дараланады. Автор тілдік тұлға ретінде сол, бірақ көркем шығармашылықтан тыс тұлғадан ерекшеленеді. «Идиостиль/идиолект» «автор бейнесі», «лирикалық қаһарманның бейнесі» – «тілдік тұлға» терминдерінің өзара қатысты сипаттамалары қазіргі таңда мамандардың басты назарында болып отыр [2, 10].

Тілдік тұлға және автор бейнесі. Алдымен, тілдік тұлғаның «автор бейнесі», «көркем бейне», «авторлық тұлға» мәселесінен шығарып талдау В.В.Виноградовтан басталады. Десек те, көркем шығармадағы «авторлық мен» -нің жалпы көркем бейнемен астасқан сипаты сөз өнері теориясының бір мәселесі ретінде А.Потебняның еңбектерінде қарастырылғаны белгілі.

Сөзді тілдік қатынас құралы ғана емес, ойлауды қалыптастырудың бірден-біркөзі ретінде қарастыра келіп А.Потебня: «Мағына дегеніміздің өзі – оны білдіретін сөздің тууына себеп болатын объективті негіз. Сондай-ақ, сөз арқылы сөйлеуші өз ойын өзгеге жеткізбейді, тек қана оның жеке ойлауы мен ішкі әлемін тануына қозғау салады» – дейді. Сөйтіп, Потебняның көрсетуінше, сөз мазмұны екі түрлі: «Біріншісі, сөздің халықтық немесе ең жақын мағынасы сөз арқылы танылатын ең басты белгісі. Осы мағынасында сөз адамдардың тілдік қарым-қатынасына қатысады. Екіншісі, жеке немесе ұласқан, субъективті мағына. Сөздің осы мағынасы арқылы сөйлеушінің жеке ойлау қабілетінің сандық, сапалық белгілері танылады [5, 80]. Біздің ойымызша, сөйлеуші «автордың» жеке тұлғалық сипатын анықтап, ашып беретін де осы жекелік, даралық ойлау қабілеті тудырған сөйлеу мазмұны болса керек.

Кез-келген шығарманы оқып, мазмұнын түсінуге ұмтыла отырып, біз, қатардағы оқырман, шығарманың авторын іздейміз. Басқаша айтқанда шығарма мәтінінен қабылдаған, өзіміз тауып, таныған «көркем әлемімізді» қалай болмасын, оның авторының кісілік кейпімен байланыстырамыз.

В.Виноградов авторлық бейнені жазушының жеке стилі тұрғысынан қарастыра келіп: «көркем шығармада, оның стильдік құрылымында, автор бейнесінде жазушының өз дәуіріндегі әдеби тілге қатысы, оны түсіну қабілеті, поэтикалық қолданымдарды қайта құра білуі жүзеге асады» дейді [6, 106]. Сондай-ақ, автор бейнесі – жеке ақынның, оның шығармашылық жолын ұштаған әдеби ағымдар мен мектептердің шеберлік-ерекшеліктерін жинақтаған бейне. Ол кейде автордың көркемдеген биографиясын да танытады. А.Потебня: «...лирик ақын өзінің жан-дүниесінің тарихын жазады» [5, 238], – деп өте орынды көрсеткендей, лирикалық мен – тек автор бейнесі емес, сонымен бірге, адамзат қоғамының өкілі ретінде біздің поэтикалық санамыздан орын табады.

Поэтикада және стилистикада автор бейнесі суреткердің идеалды және субъективті дағдысы ретінде бейнеленген тұтас әлемді көркемдеуге қатысады. Ол жазушылық «мен»-нің өн бойында сипатталады. Көркем «мен» проблемасы қоғамдық ой-санада жеке тұлға туралы ұғымның дамуымен байланысты көрініс береді. Автор бейнесі туралы ұғым жазушының бір шығармасының шығармалар шоғырының, жалпы шығармашылығының конструктивтік бөлшегі болып табылады. Автор бейнесі оны танып-білу мен қабылдаудың әр түрлі қырларына қатысты болуы мүмкін.

Автор бейнесінің авторлық «мен» аясында танылуын зерттеуші көркем мәтіндегі ішкі монологпен байланысты қарастырады. Кез-келген көркем шығармада автордың өзіндік позициясы (дүниетанымы) көрінуі керек. Ішкі

монолог автор бейнесі, оның құрылымы туралы мәселемен тығыз байланысты. «Қаһарманның ішкі монологы автордың сыртқы үніне айналуы керек. Бұл – автор романды өз атынан айтып шықсын деген сөз емес, әңгіме бұл жерде автордың персонаждануы туралы...» [6, 117].

Сондай-ақ, ғалым автор бейнесінің көркем шығармада әңгімені баяндаушы (әңгімелеуші) бейнесімен астасып берілетінін де сөз етіп өтеді: «Автор бейнесі – бұл жай ғана сөйлеу субъектісі емес, тіпті ол көркем шығарма құрылымында да аталмайды. Автор бейнесі дегеніміз – персонаждардың сөйлеу құрылымының бүкіл жүйесін, олардың әңгімелеушілермен, баяндаушылар мен қарым-қатынасын біріктіретін шығарманың негізгі мәнінің көрінісі».

Л.Толстой: «Суреткер мейлі әулиені, қарақшыны, не ханды, болмаса, қызметшіні суреттей берсін, біз, оқырман, тек қана суреткердің жан-дүниесін іздейміз» [6, 181], – деп жазады.

Автор бейнесінде, оның сөйлеу құрылымында көркем шығарманың стильдік ерекшелігі мен сапалық жағы: мәнерлі сөйлеу құралдары арқылы берілетін жарық пен қараңғы, бір стильден екінші стиль түріне өту, шешендік бояудың үйлесімділігі, бағалау сипаты, олардың сөздер мен тіркестер арқылы берілу жолдары, синтаксистік қызметтің өзіндік ерекшелігі өзара біріктіріледі. В.Виноградов Л.Толстойдың: «Көркем шығарманың бағалылығы ойдың тұтастығында ғана емес, автордың өмірге нақты, анық қарым-қатынасының болуында» [6, 181], – деген пікірін келтіре отырып, автор бейнесінің, оның құрылымының жеке автордың шығармашылық даралығына, түрлі әдеби ағымдар мен әдеби мектептердің шығармашылық бағыт-бағдарына байланысты әр алуан мазмұндар мен формаларда көрінетінін баса айтады. Жалпы айтқанда, В.Виноградовта «тілдік тұлға» автор бейнесі ұғымымен байланысты: біріншіден, суреткердің жеке стилі тұрғысынан, екіншіден, проза мен поэзияның теориясы мен тарихына қатысты; үшіншіден, шығарма мәтініндегі ішкі монологпен тығыз байланысты; төртіншіден, әңгімелеуші бейнесімен (образ рассказчика) салыстыру барысында ғылыми-теориялық зерттеуге нысан болады.

Әрбір көркем мәтін белгілі бір дәрежеде автордың болмысын да бейнелейтінін айта келіп, Қ. Ахмедияров өз зерттеуінде Г.В. Гаврилов пен Н.М. Малышеваның мынандай пікірлерінен дәйек келтіреді: «Мәтінде тұрпатталған әлем бейнесі суреткердің жеке танымының сүзгісінен өткізіліп оқушыға ұсынылады. Мәтін арқылы шығармашылық кезең үстінде автордың өзі байқап үлгермеген тың ойлар туып қалыптасуы мүмкін. Ондай тың ойларды тудыратын оқырман танымындағы «автор бейнесі», яғни автордың санадағы бейнеленуі болмақ. Осы тұрғыда автордың өзі мен «автор бейнесі» туралы ұғым бір-бірімен бара-бар емес.» [7, 216].

Осыған ұқсас пікірлерді А.Б. Жуминованың талдауларынан да кездестіреміз: «Автордың «мені» (эго) көркем шығарманың мазмұндық қазынасын түгел қамтиды. Оның «автор бейнесінен» айырмасы да осы. Авторлық «мен» тұтас мәтіннің көркемдік идеялық концепциясымен бірлікте

танылады, ал персонаждық «мен» бұл концепцияның белгілі-бір бөлігін ғана қамтиды» [8, 16].

Автор мен авторлық бейне туралы немесе тыңдаушы санасында белгілі-бір автор бейнесінің қалыптасуы туралы пікірлер А.А. Потебняның төмендегі тұжырымдарымен тамырлас деуге болады: Сөздің астарында не жасырынып жатқанын сөйлеушіден де гөрі тыңдаушы артығырақ аңдайды, сонымен бірге оқырман шығарманың идеясын ақыннан да артық тануы мүмкін. Бұндай шығарманың қуаты – автордың нені ойға алғандығында емес, оқырман мен көрерменге қалай әсер етуінде [5, 81]. В.А.Маслова автор образын – зерттеушілікпен, көркем образды – оқырманмен байланысты категория ретінде қарастыруды ұсынады. «В.Виноградов аталған екі позицияны бір-бірімен сәтті астастыра білді. Мұндай астастырудың нәтижелі болғандығы соншалықты, ғалым нақты зерттеулер арқылы ауқымды категорияларды біріктіріп, кең көлемде зерттеу панорамасын жасады» [1, 32].

«Автор образы», «авторлық мен», «қаһарман бейнесі» туралы мәселе М.М Бахтиннің еңбектерінде «көркемдік таным әлемі», «мен» және «өзге» ұғымдары арқылы талданады: көркемдік таным әлемі – белгілі-бір адамның рухани құндылықтарының қоршауындағы тәртіптелген, жүйеленген әлем. Оның кеңістігінде мезгілдік, мекендік, мағыналық қатынастар көркемдік мәнге ие болады. Көркемдік таным арқылы «мен» мен «өзгенің» құндылық айырмашылығы айқындалады. «Мен» және «өзге» қатынасы – құндылық категориясының негізгі мәні.

«Мен» өзімнің көркемдік кеңістігімде белсенді роль атқара алмаймын, эстетикалық мәнге ие бола алмаймын, мен өзім арқылы жасалынбаймын, анықталмаймын, менің құндылық мәнімді тануымда менің тәнім, жаным рөл атқармайды. Мен көркем шығарманы тудыра аламын, бірақ оның қаһарманы, кейіпкері бола алмаймын. Барлық эстетикалық құрылымда ұйымдастырушы күш өзгенің құндылық категориясы арқылы танылады [9].

Орыс тіл білімінде тілдік тұлғаның ғылыми - теориялық негіздемесін жасауда Ю.Н. Карауловтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің маңызы зор. Оның ғылыми пайымдауларында тілдік тұлға құрылымы үш түрлі деңгейде қарастырылады: нөлдік – тілдік – құрылымдық немесе семантикалық, бірінші – лингво-когнитивтік, екінші – уәждемелік (мотивационный) деңгей.

Жалпы тұлға дегеніміз кім? Тұлғаның тілден тыс зерттелуі, тұлғаға берілген анықтамалар оны когнитивті емес аспектіде қарастырады, яғни тұлғаның эмоционалды мінездемесі мен еркі айтылады, интеллекті мен қабілеті ескерілмейді. Тілдік тұлға мәселесінің көтерілуімен байланысты ғана тұлғаның интеллектуальдық мінездемесі алдыңғы қатарға шығарылды. [2, 41].

Интеллектуалдық мінездеменің өте терең сипаты Қ.Жаманбаевада «күрделі терең қажеттілік» терминімен беріледі. Таным процесі адамның ішкі қажеттілігін тудырады. Ішкіқажеттілік арқылы адамның өзін-өзі дамытуы жүзеге асады. Кейде адам баласы өзінің ішкі қажеттілігін тап баста

тани алмайды. Себебі ішкі қажеттіліктерді қанағаттандыру белгілі бір жылдар мен формалар түрінде көрініс табуы керек. Мәселен ұлы ақындарда өсу, жетілу қажеттілігі поэзия арқылы, жоғары ритмге жету арқылы жүзеге асқан. Қ.Жаманбаеваның көрсетуінше ішкі күрделі қажеттілік кез-келген адамға ояна бермейді немесе «терең түпкірден әлдене сыр берсе де, оған лайықты форма табылмайды. Ал күрделі қажеттіліктердің жолы ашылған» жағдайда, ол санада белгілі бір формалар арқылы белгілі болып, санадан үстем тетіктерді іске қосады. Ғалым «күрделі ішкі қажеттіліктің» көріну (жүзеге асу) формасы символдар дейді. «Дара тұлға болмысы тудырған модель, форма тілдік сана тетігі іске қосылғанда барып көптің қолданысына көшеді. (бұл кезде сана тап сол форманы дәлме-дәл қайталап тұрмауы мүмкін. Мүлдем басқа сипаттағы образбен, сөзбен берілуі ғажап емес, бірақ ол образдың, сөздің негізінде әлгі айтқан форма жатады)» [10, 8].

Автордың пайымдауынша, «күрделі ішкі қажеттіліктің» санадан жоғары тетіктері арқылы белгілі бір формаға (символ) өтіп көрініс беруі дара тұлғаға ғана тән. Дара тұлға тудырған ерекше интеллектуалдық модель мен форма тілдік сана арқылы адамзаттың игілігіне айналады.

Дара тұлғаның тілдік санада көрініс беретін құрылымы Қ.Жаманбаевада «тілдік тұлғамен» (языковая личность) бара-бар емес. Себебі тілдік тұлғаға әлеуметтік те, даралық та (индивидуальность) сипат тән болса, (В.Маслова, Ю.Н.Караулов), дара тұлға – индивидуальды, жеке, тұйық жүйе.

Біздің ойымызша, тұлға – интеллектуалды ерекше жаратылыс иесі. Кез-келген адам мен болмыс тұлғаның деңгейін («тұлғаны» «жеке адам» ұғымымен шатастырмау керек) бере алмайды. Кез-келген шығармашылық адамы жеке-дара тұлға бола алмайтыны белгілі. Сондай-ақ, тілдік тұлға – «автор бейнесі» де, «көркем бейне» де, «авторлық тұлға» да емес. Тұлғаға ең алдымен даралық қасиет тән. Яғни «өзгелер» деп атауға болатын жалпылама ортақ болмыстың ерекшеленіп бөлініп шыққан өзіндік бітім-болмысымен анықталуы қажет.

Екіншіден, тұлға адамзатқа тән құндылықтарды тап басып тани білуі, сезініп қабылдай алуы тиіс. Және сол құндылықтар үддесінен өзі де көрініс беруі керек.

Үшіншіден, тұлға тудырған интеллектуальды таным нәтижесі белгілі бір мәдениет түрінде (сөз өнері, сурет, мүсін, музыка т.б.) көрініс беруі қажет.

Ал тұлғаға ұлттық сипат тән бе деген заңды сұрақ туады. Тұлға – жалпы адамзатқа тән ішкі терең құндылықтарды танытушы болмыс болғандықтан, оны бір ғана ұлттың шеңберінде қарау тарлық етеді. Бірақ тұлғаның тіл арқылы көрінетін сипаты – тілдік тұлға – жалпы адами жоғары сана болмысын танытумен қатар, әрбір тілдің өзіндік ұлттық ерекшеліктері тұрғысынан да нақтыланып айқындала түсетіндігін мойындатады. Орыс тілдік тұлғасын талдау барысында Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаны ұлттық мінездеме тұрғысынан сөз етеді: «Для языковой личности нельзя провести

прямой параллели с национальным характером, но глубинная аналогия между ними существует. Она состоит в том, что носителем национального начала и в том и в другом случае выступает относительно устойчивая во времени, т. е. инвариантная в масштабе самой личности, часть в ее структуре которая является на деле продуктом длительного исторического развития и объектом межпоколенной передачи опыта.» [2, 11]. Д.С.Лихачев: «Отрицать наличие национального характера, национальной индивидуальности, значит делать мир народов очень скучным и серым» [11, 56], – дейді. Ғалым ұлттық мінез бен ұлттық идеалды салыстыра келіп, соңғы категорияны алдыңғысына қарағанда әлдеқайда маңызды екендігін айтады. Яғни: «Народ, создающий высокий национальный идеал, создает и гениев, приближающихся к этому идеалу» [11, 56].

Ұлттық дарын (гений) дегенімізді сол ұлтқа тән жоғары құндылықты танытатын ұлттық тұлға деп қарастыруға болады.

Маслованың ғылыми сараптауларындағы ұлттық мінез, мәдениет тілдік дәстүр ұғымдары тілдік тұлғаның ұлттық сипатын айқындайтын құрамдас бөліктері деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. –Москва, Академия, 2001. - 203 с.
2. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. М.: Наука, 1987. - 261с.
3. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по языкознанию. Москва: Изд.Акад.Наук, 1963. - 384 с.
4. Язык и личность (под.ред. Д.Н. Шмелевой) –Москва: Наука, 1989.- 211 с.
5. Потебня А.А. Слово и миф. –Москва: Правда, 1989. - 486 б.
6. Виноградов О теорий художественной речи. – Москва: Высшая школа, 1971. -240 с.
7. Ахмедьяров К. Лингвистическая поэтика: традиций и новаций. Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 234 с
8. Жуминова А.Б. Тезаурус языковой личности поэта О.Сулейменова. Диссертация кандидата фил. наук. –Алматы, 2003. – 254 с.
9. М.М.Бахтин. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусства, 1980. – 445 с.
- 10.Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. –Алматы: Ғылым, 1998. - 140 б.
11. Лихачев Д.С. Заметки о русскомю Москва, 1981. - 64 с.

ӨШПЕС МҰРА ҚАЛДЫРҒАН ҒАЛЫМ

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы
Астана қаласы, Қазақстан*

Бүгінгі конференция жалпы ғылым әлемінің, әдебиет әлемінің, тіл білімінің кеңістігі қазіргі таңдағы біздің ұлттық негіздегі даму арналарына және оның жаһандық процестерге байланысу жолдарына қатысты болып отыр. Әсіресе бүгін бір ерекше жағдайда өмірден жас кеткен осы ғылымның саласында бастау із қалдырған ғалымның құрметіне арналған конференцияда жиналып отырмыз.

Мифология деген дүниені біз Кеңес одағы кезінде қиял, теріс нәрсе деп келгенмен, оның өзінің арғы жағында бүкіл дүниенің танымы жатқанын, күрделі дүниетаным екендігін дәлелдейтін әлемдік еңбектер бар болғанымен, тек қана қазақ мифологиясы туралы айтылмаған. Оны алғаш зерттеген Серікбол Қондыбай – Маңғыстаудың топырағынан шыққан адам. Жалпы мифологияны лингвистикалық тұрғыда зерттеудің басты концепцияларын ұсынып кеткен. Екінші бір мәселе, мен осы Серікбол Қондыбайдың мифология туралы еңбектерін жақсы білемін. Қаныгүл Жаманбаева деген өте мықты, талантты ғалымның өмірден ерте озғанын естідім. Бірақ шынын айтқанда ол кісімен өзім жеке таныс болған жоқпын. Мына жақсы еңбек, жақсы зерттеу жалпы ғылымда бәрін ерте ме, кеш пе, тоғыстырады екен. Қаныгүлдің еңбектеріне қарасақ, ол өзінің барлық еңбектерінде тек лингвист ретінде ғана танылмайды. Қазір ғылымдардың ықпалдастығы деген бар. Психология, философия, әдебиет, тіл барлығы тоғысып келеді де тұтастай танымдық жүйеге бірігеді. Тілдік сана деген мәселе бар. Былай қарасақ, бұл философияның категориясы, бірақ тілдік сана қолданысының когнитивтік негіздері деген тақырыпта жаңа ғалым ағамыз Зейнол Бисенғали өте жақсы айтты. Когнитивтік ұғымының аясында біз танымдық деген нәрселерді көп кіргізіп жүрміз. Бұл танымның астарында терең мәселе бар. Осы танымдық негіздер, эмоция, тілдік сана барлығын 60-шы жылдары американдық ғалымдар зерттеп, бүкіл дүниені антропологиялық тұрғыда зерттеуіміз керек дейді. Оны біздің ғалымдар қабылдамады. Өйткені біздің санамызға физикалық антропология сіңіп қалған (адамның пішіні, беті, тұрқы деген секілді). Американдық ғалымдардың айтуынша, нені зерттесеңізде сол жерде адам тұрады дейді. Сол ойды Қаныгүл Жаманбаева осы шағын еңбегінде айтады. Тілдік сананың құрылымы жайында айтады да, ал оның арғы жағында адам тұр дейді. Барлығы адам арқылы жүзеге асады. Адам психологиясы, сезіну, қабылдау, эмоциясы барлығы жиналып келіп сөзді түзеді. Енді біз тілдік сананың құрылымын зерделегенде нені негізге аламыз десек, көркем мәтін дейді. Жай мәтінді, философиялық мәтінді айтпайды.

Адам жасаған нәрсенің бәрін адам қабылдап оны қағазға түсіргенде оның мәні поэтикалық мәтінде жатыр дейді. Сол көркем мәтіннің құрылымын зерттеп отырған кезде сананың барлық элементтерін жинап ала аламыз. Біз тілдік сананың құрылымын, таным мен тілдің байланысын Қаныгүлдің қалдырған еңбектерінен байқай аламыз.

Шынында Абайдың, Мағжанның, Мұқағалидің, Әбіш Кекілбайұлының шығармаларын талқылаған кезде, мұнда тілдік талдау емес филологиялық талдау бар. Біз құрылымдық жүйеден бас тартпаймыз. Ол парадигмамен дами береді. Міне Қаныгүлде осының дәлелдері бар. Ол мәтінді құрылым ретінде зерттеген. Ол құрылымның ішінде модельдер жүйесі, көркем шығарманың символдық қызметін көрсетіп, астарлы мәтіндерге үңіледі. Сол астарлы мәтіннен кейін түпкі сана мәселелері қамтылады. З.Фрейд, Достоевский шығармаларын зерттеген кезде, бейсаналық психологияда көрсетілген.

Тілдік қолданыстың когнитивті негіздері деген кезде, тек лингвистика емес әдебиеттің де қатысы тұрғанын айтқым келеді. Өйткені көркем мәтін қазақтың классиктерінің шығармаларында көп кездеседі. Неге біз олардың шығармаларын таңдаймыз дегенде, еңбектері жүйе, құрылым, шеберлік, суреткерлік сияқты ерекшеліктердің кешеніне толы. Классикалық туындылардың мәтіндік көркемдігінен қателеспейміз. Қаныгүлдің еңбектері қазақ әдебиетін биік деңгейге жеткізген көркем туындылар басшылыққа алынады. Соны талдап отырып, жүйесін жасап шығарды.

Модельдеу деген дүние бар. Оны біз көбіне математикалық ұғым деп түсінеміз. Көркем модель деген ұғым әлем әдебиеттануында, тілтану ғылымында көп қолданылады. Мен өзім осы терминді жақсы көремін. Ал Қаныгүл өзінің еңбектерінде модельдеу жүйесі және мәтіндегі символдық модельдің өзіндік қызметін зерделеп талдайды. Заманауи әдебиеттану мен гуманитарлық ғылымдарда құрылымдық әдістер мен психоаналитикалық әдістер туралы күрделі еңбектер қалдырған ғалымдар көп емес. Сонда қарап отырсақ, осындай терең тақырыптарды мықты ғалым зерттеу керек. Осындай батыл қадам жасаған Қаныгүл Жаманбаеваның қалдырған кітаптары мысал бола алады. Оның зерттеулері мен тұжырымдары өзім іздеп жүрген ақпараттар болғандықтан ерекше әсер қалдырды. Артына өшпес мұра қалдырып кеткен ғалым апамыздың еңбектерін біз насихаттауымыз керек!

ТІЛДІК ТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТКЕН ЕҢБЕК

Сағын Бекзада,

*филология ғылымдарының кандидаты,
Астана қаласы, Қазақстан*

Маңғыстау өңірінен түлеп ұшқан, қырықтың қырқасынан асқан кезде дүниеден өтіп кеткен Қаныгүл Әбдібекқызы Жаманбаеваның ғылыми және шығармашылық ізденістері сан қырлы екенін аңдауға болды.

«Үлкен жолдың адамы» атты очерктер жинағы жарық көрген.

Орта мектепте ұстаздық еткен мол тәжірибесінің негізінде кейіннен педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясында 6-7 кластарда әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесін теориялық жағынан нақтылай зерттеген.

Осылайша, көп ізденісте болған ғалымның жаңаша көзқарасы – дара тұлға тұжырымдамасы 1998 жылы жарық көрген «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты еңбегінде жан-жақты, терең мазмұнды ойларымен көрініс табады. Кітаптың аңдатпасында осы еңбектің тіл білімі, әдебиеттану, философия, психология, психофизиология, эстетика, дінтану, мәдениеттану мамандарына арналғаны айтылады. Кітап авторының оқушысына ұғындырғысы келген мәселелерді аңдап-түсінуі үшін ізденушінің аталған ғылымдардан хабардар болып қана қоймай, жетік білгені жөн дер едік.

Осы кітапта жарық көрген ғылыми ой-толғамдары өте терең ізденістің, тек қана әдебиет пен тіл ғылымы саласы емес, психология мен философия саласындағы еңбектерге тереңдей еніп, зерттеуден туындаған өзіндік ой-тұжырымдар жатыр. Автор адам болмысын тереңдей тану, оның ішінде «дара тұлғаның позициясы тұрғысынан» (1, 23-б) қарай отырып, **түпсанаға** және **жоғары санаға** тоқталады. Адамның психофизиологиялық жай-күйіне жіті назар аудару арқылы түпсанада туындайтын процестердің шығу көзіне тереңірек үңіледі.

Алдымен Абайдай ұлы ойшылдың бойындағы түпсіз қайғымен, қасірет үреймен, жұмбақ мұңмен ұштасып жатқан жан күйзелісіне, пендеауи тірліктен жоғары тұрған, шығармашылықтың шыңына жеткен тұлғаның ішкі жан дүниесіне ерекше көзқараспен қарап, оның «мұң өлеңдері тақырыбы, сезім сарыны бөлек дүние деп бағалайтын» (28-бет) М.Әуезовтей ғұламаның пікіріне тоқталады.

Автордың Абай, Мағжан, М.Әуезов, Ә.Кекілбаев сынды шығармашыл дара тұлғалардың ғылыми негізделген суреттемесін жасаудағы ізденістерінде тек қана тілдік немесе мәтіндік зерделеумен шектеліп қалмағаны, адам бойындағы ішкі кернеу, ішкі қажеттілік, термодинамикалық процестердің жүруі, энтропия құбылысы, хаос сияқты ішкі эмоциялар «ұлылардың тек

кана бүкіладамзаттық мәні бар туындыларын дүниеге әкеліп қоймайды, олардың тағдырын да белгілейді» (1, 28-29 бб) деп, бұдан әрі гештальт, метафизика ілімдеріне бойлап, ой тұжырымдайды.

Абай поэзиясындағы көңіл-күй лирикасындағы **мұнды** зерделеуде М.Әуезовке, Ә.Қоңыратбаевқа, Р.Сыздықоваға сілтемелер келтіре отырып, «таза мұнды лепке құрылған лирикасы да, мұнның ирониямен, ызамен, түңілу, баз кешумен шектесетін тұстары да» ақынның ішкі дүниесіндегі кернеудің, ақындық сезім күйінің тереңде жатқан түпбастауын психоэмоциялық жай-күйдің сатыларын жіктей саралауда да автордың ерекше ұстанымдарын аңдаймыз. Поэзия мен прозаға жасаған өзіндік талдауында шығармашыл дара тұлғаның таным дүниесінің иірімдерін тап басып, тылсым күштерді тануға ұмтылады.

Ежелгі грек философтары мен танымал психоаналитик ғалымдардың ой-пікірлерін өзгеше тұрғыдан бағамдай отырып, сан тараулы ғылымның сұрақтарын тоғыстырған аса ауқымды тақырыпты қамтуға ұмтылады және қолымызда қалған еңбегіндегі терең ізденістері арқылы зерттеушілерін соны ізденістерге жетелейді.

Автордың өзі де «біз күшті эмоция мен терең жан күйлері атауларына түсініктеме беруге басқаша тұрғыдан келуді көздедік» (1, 82-б) деп ой түйеді. *Homosapiens* санасы жоғары деңгейдегі адамзат баласының бойындағы **мұңға** ерекше тоқталып, жіліктеп-жіктей отырып, **МҰҢ** концептісін жаңаша қағидалармен ашып көрсете отырып бұл «әлемдік мұң теориясының қайталамасы болған жоқ» деген тұжырымын айтып кеткен.

Қаныгүл Әбдібекқызының қолымызда қалған, үлкен еңбектердің жүгін арқалап тұрған жұқа кітабындағы құндылықтардың күрделі жүйесін тануға құлаш ұрған ой-толғамдары бұлақ көзінен бастау алып, арынды арналарға апаратын ағынның бастауы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. - Алматы: Ғылым, 1998. - 140 б.

ӨОЖ 82.08:159.9

ҒЫЛЫМНЫҢ ТЕРЕҢ ҚОЙНАУЫНА ТҮРЕН САЛҒАН ҒАЛЫМ

Жұбай Орынай Сағынғалиқызы,

филология ғылымдарының докторы,

Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің

қауымдастырылған профессоры,

Алматы қаласы Қазақстан

Бүгінгі таңда тіл біліміндегі антропоэлектік бағытқа сәйкес адам факторына ерекше мән беріліп отыр. Зерттеу парадигмасының антропоэлектік

ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметін – танымдық (когнитивтік) және коммуникативтік қызметін терең ашуға бағытталады. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерде адам екі түрлі бағытта сипатталады: 1) адамның тілдегі көрінісі; 2) адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытқа сәйкес адамның дүниетанымы байқалады. Концептуалдау нәтижесінде адамның физикалық қабылеті, зияткерлік (интеллектуалдық) қабылеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді, адам сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретінде көрінеді. Адамның тілдегі көрінісі лексика мен фразеологияда айқын көрініс тапқан. Екінші бағыт бойынша, адам танушы әрі атаушы субъект ретінде көрінеді, концептуалдаушы, коммуникативті діндеміне байланысты коммуникация әрекетіне енгізуші, тілді тұтынушы тұлға ретіндегі қызметі айқындалады. Бұл орайда тіл қарым-қатынас құралы, әлемді тану құралы, білімнің шоғырлану құралы, білімді жеткізуші құрал ретінде көрінеді. Қанығұл Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты еңбегі осындай өзекті де күрделі мәселеге арналған. Еңбектің алғы сөзінде автор: «Бүгінгі таңда ғылым алдында тұрған үлкен мәселелердің бірі – адам жөнінде біртұтас тұжырымдамалық бағыттар белгілеу. Адам – күрделі жүйе. Оның құрылымы арнаулы рухани-психикалық, психосоматикалық (психика мен тән бірлігі негізіндегі санасыз әрекеттер мен қасиеттер) қабылеттер мен процестердің деңгейлерінен тұрады. Күрделі жүйені тұтастықта танып білу оның көп қырлары мен сыр-сипаттарын дұрыс, дәл ашуға септігін тигізбек», – дейді[1, 3-б.].

Зерттеу құрылымын «ізденіс моделі» деп атай отырып, ғалым адамтану ілімін «эмоция», «символ», «тілдік сана» ұғымдарымен байланыстырады. «Эмоция», «символ» ұғымдары тілдік сананың негізін құрайтынын, сондай-ақ тілдік сана символдарды танып-білу арқылы қалыптасатындықтан, символ тілдік сана арқылы орнығатындықтан, тілдік сана символдың құрамына еніп кететінін айта келіп, Қ. Жаманбаева зерттеу проблемаларын тілдік сана төңірегіне жинақтап, негізгі мәселені психофизиологиялық (психофизиологиялық эстетикаға жақындау), психологиялық (негізі психоаналитикалық теориялардан басталады), философиялық, тілдік, әдебиеттану (соңғы үшеуі семиотикалық сипатта) тұрғысынан кешенді түрде, когнитивтік жүйеге біріктіру арқылы ғылыми негіздеуге талпыныс жасайтынын ескертеді. Соның негізінде зерттеу еңбегін жоғарғы түйсіктердің, дара болмыстардың дәйектемесі ретінде сипаттайды.

Тіл – таным құралы. Таным – ақиқат болмыстың ойдағы көрінісі, сол арқылы білім қоры жинақталып, ақпарат қабылданады. Тіл таным нәтижесінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты. Сана мазмұны – субъектінің таным әрекетінің (когниция) нәтижесінде жинақталған әлем туралы білімі. Осыған байланысты ғалым таным сыртқы дүниедегі заттарға бағытталған тәрізді көрінгенмен, дұрысында, бұл үдеріс адамның ішкі дүниесіне бағытталатынын, адамның ішкі дүниесінің күрделі құрылымдарын тудыратынын айтады. Сондықтан зерттеуші ішкі терең қажеттіліктерді таным үдерісінің қозғаушы күші ретінде

сипаттайды. Бұл орайда Қ.Жаманбаева: «Ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады, Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде сана ішкі қажеттілікті қанағаттандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни сана сыртқы факторларға таңдаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді. Дара тұлға болмысы тудырған модель, форма – тілдік сана тетігі іске қосылғанда барып көптің қолданысына көшеді (бұл кезде сана тап сол форманы дәлме-дәл қайталап тұрмауы мүмкін. Мүлдем басқа сипаттағы образбен, сөзбен берілуі ғажап емес. Бірақ ол образдың, сөздің негізінде әлгі айтқан форма жатады)», – дейді[1, 8-б.].

«Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында А.Байтұрсынұлы: «1903-жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық», – деп жазып еді [2]. Ғалым жазғандай, Қ.Жаманбаеваның бұл еңбегін де бірден түсіне қою, тереңіне бойлау оңай емес. Осыған байланысты адресат факторын ескерген автор қолданған атау, ұғымдарының мәнін ашып көрсетеді:

Қажеттілік – өте күрделі категория. Ағзаның биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, рухани проблемалары қажеттілік негізінде туысады. Қажеттілік ағзаның өзінөзі сақтау және өзінөзі дамыту, жетілдіру мақсатындағы әрекетін ұйымдастырушы тетік.

«Құндылық» дегеніміз – ішкі бірлігі, ішкі тұтастығы бір дүниелерден, терең негізді семиотикалық жасалымдардан құралып, сол арқылы жеке адамның сана бітімін айқындайтын жүйе.

«Гештальт» деген сөздің мағынасының өзі «бейне, құрылым, біртұтас форма» дегенді білдіреді. Оның атқаратын қызметі сан алуан, сан тарапты нәрсені біртұтас күйінде қабылдату. Аталған біртұтас деген нәрседі жеке бөліктер болмайды. Ол – бір жүйе, құрылым. Оны санамен бөлішектен көрсету мүмкін емес. Ол тосыннан жарқ етіп, ерекше күй арқылы дүниеге келеді (оны ғылымда бір сөзбен «инсайт» деп атайды).

Психикалық тәжірибе – ұлылардың бастапқы негізге, түп бастауға қайта оралып отыру тәжірибесі, ол әлдебір терең жан күйлері арқылы жарыққа шығады.

Ағзаның басы артық энергияны аз көлемде жұмсау қабылеті ғана жүйені өзгеріске түсіріп, тереңде жатқан қажеттілікті оята алады. Мида қозудың өздігінен пайда болуына әкеледі. Оның әсерімен жүйке жүйесінде жаңа, тың құрылым түзіледі. Оны «психикалық мутагенез әдісімен түзілген жүйе» дейді. Психикалық мутагенез туа біткен іздер мен жаңа жүйке байланыстарының өзгеше тоғысуын білдіреді...

Зерттеуші түсініксіз атаулардың түсініктерін жақша арқылы қысқа да нұсқа түрде беріп отырған: Сөз сондай құдіретке жеткенде өзі де өздігінен энтелехияға (ішкі ниетке) айналады.... Олар – күшті эмоцияның (аффект), терең жан күйлерінің атауын білдіретін сөздер... Іштей құптау, өзін өзі өзектендіру (самоактуализация), үздіксіз ішкі қозғалыста болу, өздігінен даму туындайды.... Ең алдымен, Абай шығармашылығы негізінде анықталған терең жан күйлерінің, күшті эмоциялардың (аффект) атауларын тезаурусқа түсіріп көрелік... Бұл тезаурус терең жан күйлерінің, күшті эмоция атауларынан құрылса, енді біз толықтыратын нұсқасы «сегмент» (бөлік) деген қағидаға негізделеді. Яғни тезаурус ішіндегі жан күйлері атауларының ішкі сипаттары түзу жазық бойымен немесе тік жазықпен орналасқан сегменттер (бөліктер) арқылы айқындалады... Әлемдік ерікті қазіргі ұғым түсінігіне жақындатсақ, жан түкпіріндегі инстинктер (санасыз түйсіктер) деп қарауға болады... Ол «дхарм (болмыс элементтері) теориясы» деп те аталады...

Қ.Жаманбаева зерттеуде жекелеген терминдерді қандай мәнде қолданып отырғанын да нақтылайды: «Дара тұлға (индивидуальность) – тұйық жүйе. Оның қатынастары ішкі дүниеге бағытталады. Және дара тұлға болмысы абстракцияланып, «сана» дәрежесіне көтеріледі. Сана дәрежесіне көтерілудің, абстракцияланудың мәнін зерттеу барысында көңілге түюге болады. Сонымен, біздің зерттеуіміздегі тілдік сана – абстракцияланған ұғым»[1, 9-б.].

Нейролингвистикаға, психоллингвистикаға қатысты төл атауларды ұсынумен қатар олардың иерархиясын да көрсетеді: «Түпсана «санадан тыс жатқан аумақ» деген ұғымды бергенмен, негізгі мәні сана іргесіндегі аумақты қамтиды. Одан қызметі жағынан көп ерекшеленетін болмыс – филогенетикалық, архаикалық мәні бар, адам психикасының терең түкпірін қамтитын жалпыадамзаттық түпсана. Бүкіл адамзатты түп негізден біріктіріп тұратын – ортақ түпсана. Онда жалпы адамзатқа ортақ психикалық тәжірибе жинақталған. Олар әлдебір архетиптер арқылы санаға лықсып шығады» [1, 24-б.].

«Жоғарғы сана – адамзат дамуындағы алғашқы бастау, ғылым жетістіктерімен келген, өнер күшімен алынған этикалық нормалардың жоғарғы дәрежеде жетілуімен қалыптасатын тетік. Жоғарғы санаға жақын

тағы бір психикалық болмыс – «сана үсті» (надсознательное) деп аталатын тетік»[1, 24-б.].

Жалпылау, жалқылау, жалқылаулы жалпылау әдістерін қолдана отырып, ұғымдарға түсінік береді: «Тілдік сана – үш метакұндылықтан жасалған форма. Олар: дара тұлғаның түйсік дүниесін жасайтын ішкі интенциясы, діни шығармашылыққа өткен эстетикалық форма және символға айналған атау-сөз (символ-сөздің өзінің ішкі ниетке, энтелехияға айналуы). Қорыта келгенде айтарымыз: эмоция адамды таным шегімен байланыстырады. Таным эволюциясы үстінде адам моральдық, интеллектуалдық тұрғыдан жаңа болмыспен қайта жасалып шығады. Сөз-символ адам баласын мәндер дүниесімен косады. Осы процестердің нәтижесінде тілдік сана өмірге келеді»[1, 104-105-б.].

«Суфизм бүткіл процестердің жаратылыстың, ойлаудың, қоғамның, адамның негізінде жатқан, соларды бірлікте, тұтастықта ұстап тұрған, олардың дамуының орасан зор мүмкіндігін іске асырып тұрған мәңгілік болмыстың не екенін ашты. Біз сыртқы дамуда ұлан-ғайыр өзгерістерге түскен секілді көрінгенімізбен, шығыс философиясында түйінделген мәңгілік болмыс мызғыған жоқ. Адамзат дамуында қол жеткізген әрбір жетістік сол болмыстың сыртқа шыққан тағы бір ұшығы ретінде ғана көрінеді. Сопылық – мәңгілік рух ілімі»[1, 113-б.].

Ғалым атауларды, ұғым-түсінікті сипаттауда М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев, Р. Сыздықова, Ә. Қоңыратбаев, Т. Жұртбай, Ғ. Есімов, Т. Шапай сынды отандық ғалымдармен қатар К. Г. Юнг, И. Кант, И. Г. Фихте, А. Шопенгауэр, Г. В. Лейбниц, К. С. Станиславский, П. В. Симонов, М. Г. Ярошевский, А. Ф. Лосев, Ю. Н. Караулов, т.с.с. шет елдік зерттеушілердің тұжырым, ұстанымдарына да иек артады. Алайда Қ. Жаманбаева зерттеушілердің пікірін құптап, ұстанымдарын басшылыққа ала бермейді. Мәселен, Ю. Н. Карауловтың «языковая личность», «средний носитель» ұғымдарына қатысты ұстанымдарына батыл түрде қарсы шығады: «Біз ұсынып отырған «тілдік сана» деген ұғым орыс тіл біліміндегі (В. В. Виноградов, Ю. Н. Караулов) «языковая личность» деген тұлғадан өзгеше [1, 8-б.].

«Орыс тіл білімінде «языковая личность» деген тұлға «средний носитель» қызметін атқарады. Бізде «средний носитель» деген тұлға жоқ. Жоғарғы интеллектуалды тұлға дара тұлға нысанаға алынады. Және ол тұлға («личность») деген ұғымды білдірмейді. Психология ғылымындағы *субъектіні* «жеке адам» деп атасак, *личность* дегенді «тұлға» деп алу керек. Бірақ тұлға даралық болмыспен сипатталмайды. Оның қатынастары сыртқы факторларға негізделген. Ол – әлеуметтік тұлға» [1, 9-б.].

«Ю. Н. Карауловтың еңбегінде алдымен тұлғаның нөлдік деңгейі көрсетіледі. Ол – тілдік-құрылымдық саты немесе ассоциациялық-семантикалық саты болып есептеледі. Онда тұлға жалпы тілге тән айшықтарды меңгермек. Айталық, оқырманның көркем шығарманы оқығанда автор қолданған образдардың, тілдік тәсілдердің (метафора, теңеу

т.б.) мағынасын түсініп отыруы – тұлғаның нөлдік деңгейін анықтайтын өлшем болмақ. Қараулов осы деңгейді де «языковая личность» тұлғасының құрылымына енгізеді. Біздің зерттеуімізде бұл секілді деңгей болмайды» [1, 9-б.].

Ғалым қазақ тіліндегі тілдік-құрылымдық сатының мазмұнын А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіндегі ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, сипаттайды: «Тілдік-құрылымдық сатыға А. Байтұрсынұлының «Тіл қисынында» жүйеленген тіл талғау шарттары енеді: 1. Сөз дұрыстығы, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру. 2. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру. 3. Тіл анықтығы. Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болады. 4. Тіл дәлдігі. Ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі. Сөз мағынасын дұрыс айыра білу. 5. Тіл көрнектігі. Коммуникативтік сапаларды меңгеру де осы сатының мазмұнын толықтырады. Тілдік сапаларға тілдік қабылет мазмұнына кіретін дағдылар кешені кіреді» [1, 9-10-б.].

Сонымен қатар зерттеуші «Құдайлықты аңсау» идеясы түрлі формада көрініс тапқанын айта келіп, бір көрінісі ретінде «әлемдік мұң» теориясын атайды. Бұл орайда ғалым: «Біз «Абсолют Мен» (Фихте), эйдос теориясы, болмыс бірлігі туралы ілім секілді формалардың қатарында Шопенгауэрдің әлемдік ерік теориясын әзірше шартты түрде атай алмаймыз», – дей келіп, оның себебін көрсетеді: «Себебі «құдайлықты аңсау» – махаббат күшімен болатын дүние. Оның түбінде бірігу жатыр. Әлемдік ерік болса, ыдыраудың сырын ашады. Ал мұң – біріктіретін күш» [1, 37-б.]. Бұл орайда Қ.Жаманбаева зерттеп отырған мәселенің байыбына барған, өзіне дейінгі зерттеушілердің тұжырымдарына сын көзімен қарай білетін, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін терең түсінетін, өзіндік ұстанымы (позициясы) қалыптасқан ғалым ретінде танылады. А.Байтұрсынұлы «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек», – деген еді [2]. Қ.Жаманбаеваның еңбектерін оқу барысында осы үш сипат ғалымның бойында табылғанына көз жеткіземіз.

Ғалым ұсынған «Мұң» концептісінде «Әлемдік мұң» теориясы қайталанбаған. Ғалым өз тарапынан батыт тұжырымдар жасай отырып, мұң болмысы – жоғарғы негіздегі түйсік формасы болғанын, мұң үлгісін тылсым діни түйсік тудырғанын, мұң үлгісі сопылардың лирикасынан, философиясынан бастау алғанын айтады. Сопылар ілімі символдар қағидасына, болмыс бірлігі қағидасына негізделгенін ескертіп, Жапар Садық, Әл-Газали, Ибн Рушд, Аттар, Ибн Араби, Руми сынды көрнекті өкілдерін атайды.

Сондай-ақ ғалым Абай Құнанбайұлының мұң өлеңдерін, М.Жұмабаевтың мистикалық поэзиясын, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Ә.Кекілбайұлының «Шыңырау» атты повесін «психологиялық тұрғыдан

жоғарғы формаға көтерілген шығармалар» ретінде танып, «мұң» концептісінің көріністерін талдайды. Қазақпоэзиясында мұң Абайдың шығармаларында ғана объективті сипатқа ие болғанын ескерте келіп, ақынның көңіл күй лирикасындағы мұңды екі түрге жіктейді: 1) таза мұңды ырғаққа құрылған өлеңдері; 2) мұң қапа-шерге, түнілуге ұласқан не ирониямен шектескен мәтіндер.

Мұң сөз зергерлерінің жан дүниесінде күрделі психикалық құрылымға айналатынын ескерте келіп, мұң күйінің сатыларын көрсетеді: 1-сатыда мұңнан эстетикалық серпіліс туады; 2-сатыда мұң күйі психикалық үдерістер мен күштердің жиынтығын тузетін формаға айналады; 3-сатыда мұң ойға батудың, толғанысқа берілудің өте күрделі формасы болып, жеке адамның жан дүниесінен дерексіздене бастайды; 4-сатыда объективті күшке өткен даналыққа ұласып, адамзат жан дүниесінің ең терең санасызқабатындағы құрылымға өтеді. Бұл кезеңде мұң бүкіл адамзаттың жан түкпірін лирикалық ырғақ пен тәртіпке түсіріп отыратын экзистенция түзеді. Жан жарақаттарын, дүлей түйсіктерді санаға өткізбей, жан дүние қайшылықтардан толық арылады. Осы төртінші сатыда мұң дін мен өнерді біріктіреді. Мұң лирикасының терең негізінде жатқан түп бастау жетілген жоғарғы форма арқылы бұл үдеріске өздігінен ұласады. Сөйтіп, «Құдай сипатты аңсау» мен «құдайлықты аңсау» (екеуі бір ұғым емес) діни шығармашылықты тудырады.

Зерттеуші таза мұң мен түңілу не ызалы мұңның айырмашылығын былайша көрсетеді: «Мұнмен түңілу, ең алдымен, жаңаны іздеу үстіндегі ішкі жан қайшылығынан туындайды. Әрбір жаңаны іздеу үрдісі жанда қайшы сезім күйлерін тудырып, ішкі конфликтіні шешуде ақынның бар күш-жігерін сарқып тауысардай күйге жеткізеді. Ал ішкі тартысты жеңетін бірденбір күш – мұң. Мұң – ақын үшін жанды тыншықтырып, қайтадан күш-қуат беріп, сергітетін құрал. Ыза араласқан өлеңдерінде көбіне мұңмен күресу секілді көрінетін сезім көлеңкелері бар. Мұң мұндай сәттерде ақын жаны үшін әрекетсіздікті көрсетеді де ыза, керісінше, жан күйін шиыршық аттырып, еріксіз әрекетке итермелейді.

Зерттеуші мұңды «жеке адамның күйкі тіршілігінен туған күй емес, «Меннің» эмпирикалық өмір шегінен шығып, таза пайым процесімен ұласатын болмыстағы күйі. Яғни мұңның экзистенция (иррационалды күш, жеке адамнан дара тұрған күш) дәрежесіне көтерілуі» ретінде сипаттай отырып, «Мұң» концептісіне күшті эмоцияның (аффект), адам жанына жайсыз тиетін эмоция түрлері қамтылған, терең жан күйлерінің атауын білдіретін сөздерді талдайды.

Абай Құнанбайұлының мұң өлеңдері, М.Жұмабаевтың мистикалық поэзиясы, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», Ә.Кекілбайұлының «Шыңырау» атты повесіндегі терең жан күйлерінің, күшті эмоциялардың (аффект) атауларын тезаурусқа түсіреді:

| Мағжанның мистикалық дүниесін көрсететін тезаурус | | |
|--|----------------|------------------|
| аңсау | тылсым | тағдыр |
| таң | от | жалғыз жап |
| күн | түн баласы | жапа-жалғыз |
| зұлмат | қайғы мен қан | түпсіз дүние |
| сарғаю | түн ұлы | асау жан |
| солу | қара қан | ессіз жел |
| қара жер | терең теңіз | жұмақ |
| қалың тұман | сары дала | есалаң қиял |
| қара жүрек | жұмақ суы | өлім көркі |
| сорлылар | қайғылы Ай | өлім |
| сағым | кең дала | періште |
| Шолпан | сап-сары бел | көр |
| Ай | бұйық дала | қорқыныш |
| түпсіз дария | тұйық дала | әйел |
| қара түн | жұмбақ дала | сағыну |
| жан-жүрек | жұмбақ | тұңғық теңіз |
| қара бұлт | жұлдыз | жүйрік жел |
| көк | қара көк дария | шоқ |
| қараңғылық | жын | қара көк |
| нұр | пері | «Әпсүн» оқу |
| жұмақ нұры | ұлан | көз жасы |
| қара орман | өлім күйі | өлімді аңсау |
| бала | дала | сұлулыққа табыну |
| тұңғық қайғы | жат өмір | қасірет |

Ғалым мұңның ішкі бөлшектерін көрсетеді (*жалғыздық, өлім, қараңғы көңіл, түпсіз терең, т.б.*). Тезаурус сатыларын жинақтау үшін «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі» күшті эмоция мен терең жан күйлерінің атауларын формалды және мағыналық бірлігіне қарай топтастырады:

| | | | |
|---------------|----------------|------------|-----------------|
| күдік | ішкі сенбеу | жалған | ішкі дүниетану |
| күмән | | жалқы | |
| | | жапа | |
| | | жалғыз | |
| жан түршігу | күйреу | жабығу | таныныстық қалу |
| жан ұшыру | | жасу | |
| жаны жүдеу | | жалыну | |
| жан күйеу | | жалығу | |
| жаны шошу | | | |
| жаннан түңілу | | жан құмары | дерт |
| жанды жеу | | жаны кара | |
| іш жану | | жаны-жара | |
| | | жара салу | |
| қайғы | жанның қамалуы | күпия | терек күштер |
| қайғы-дерт | | күрбан | |
| қайғы-зар | | күрдым | |
| қайғы-шер | | құса | |
| камығу | | құштарлық | |
| кам-шер | | құлазу | |
| қасірет | | | |
| қапа | | | |
| қатер-қауіп | | | |
| мұң | іштегі түйін | наза | жан кегі |
| мұң-нала | | нала | |
| мұң-мүдде | | налыну | |
| мұң-шер | | | |
| сарғаю | солу | талпыну | серпілу |
| сағым | | таңырқау | |
| сағыну | | таңдану | |
| сара | | | |
| сарылу | | | |

Түсіндірме сөздіктегі көңіл күй, сезім күйі атауларының түсініктемелерін талдай отырып, «наза», «нала» сөздерінің анықтамасы толық берілмегенін, мазмұндары мысалдарда нақтыланғанын айтады. Зерттеуші мысалдарды талдау арқылы: «*Наза* дәрменсіздікті танытпайды, онда ашық қайрат жұмсау бар, ал *нала*– кекпен тұншығу, іштей таусылу. Сөйте тұра екеуіне ортақ мағыналық бірлік – жан қарғысы, жан кегі» деген қорытынды жасайды.

Сөздікте көбіне белгілі бір жан күйінің болмысы екінші бір жан күйінің атауымен түсіндірілгенін (**Қасірет**. *Басқа түскен уайым, қайғы; Құса*. *Қайғы-қасірет, уайым-шер, сары уайым; Іш құса*. *Ішін жегідей жеген уайым, қайғы, шер; Құштарлық*. *Ынтығу, іңкәрлік, құмарлық*) немесе жан күйін білдіретін атауға бірнеше түсінік үстемеленіп, тізбеле берілгенін (**Қобалжу**. *Алан, күдік, абыржу, толқу, көңілі бұзылу, іші әлем-жәлем болу, қорқу, зәресі қалмай үрейлену, айну, жүрегі қобалжыды; Өксік*. *Қайғы-қасірет, өкініш, күйік*) көрсетеді. Сөздіктегі түсіндірмелердің қателігін көрсете отырып, түсініктеме дұрыс болуы үшін жан күйлерінің болмысын өз бойында анықтауға мүмкіндік беретін дүние моделі жасалуы керек екенін

айтады. Ғалымның талдаулары мен ұстанымдары түсіндірме сөздік құрастырушылар үшін өте пайдалы.

Философтар мен әдебиеттанушы ғалымдар жан күйі атауларының философиялық, эстетикалық мәніне көңіл аударып жүргенін айта келіп, Ғ.Есім, Т.Жұртбай, Т.Шапай сынды ғалымдардың ұстаным, тұжырымдарына қатысты өз ойын білдіреді. Мәселен, Ғ.Есімнің «Мұң мен қайғы – бір емес. Мұң – серпілмеген сезім, ашылмаған, айкындалмаған сана. Мұңды айқындайтын – дүниеге құмарлық болса, қайғы, керісінше, құмарлықтың орнына өмірден жалығу сияқты құбылыс аңғарылғанда болады. Бұл – «мұң» мен «қайғының» бірінші айырмашылығы. Екіншіден, мұң беймәлімділікті, тұмшаланған болмысты, қиялға айналған арманды бейнелесе, қайғы – суық ақылды, айқындықты, заңдылықты тануға бағытталған зерек ой. Бірақ қайғы зерек ой болғанымен, оның да, ақиқатқа жеткізетін қуаты шамалы. Ақыл ой мөлшерлі, шектеулі болғандықтан, қайғы да мұң сияқты дүниенің не екеніне жауап таба алмай, адамның пенде екендігін тағы бір дәлелдеп, Жаратушыға немесе «өлшеусіз ұлы ақылға» бас игізетін күш-қуат» деген тұжырымы туралы: «Біз бұл жерде соңғы сөйлемде айтылған ойға ғана келіспейміз. Ал «мұң – беймәлімділік», «қайғы – суық ақыл» деген тұжырымдар дәл әрі соны. Дегенмен мұңға қатысты мәселеде әлі де сырын ішіне бүгіп жатқан калтарыстар мен қатпарлар жетеді», – дейді. Бұл орайда қайғы, мұң, жалығу, құмарлық, мазасыздық, қиял-арман, суық ақыл сырларына үңілуге адамның ішкі өсу, жетілу қажеттілігі алып келетінін ескерте келіп, жан күйлерін түп негіз, түп бастауға қатысты дүние моделінің ішінде қарастырады. Оны «бүкіл адам баласын өзінің филогенетикалық негізімен, архаикалық мұрамен ұштастыратын дүние. Адам баласын терең түкпірден тұтастыратын қуат көзі» ретінде сипаттай отырып, мәселеге онтологиялық тұрғыдан келу арқылы құндылықтар дүниесін анықтауға болатынын айтады. Ғалым «мұң», «ыза», «қасырет», «қайғы» ұғымдарының мәнін ашып көрсетіп, құрылымын, ішкі белгілерін нақтылайды. Зерттеуші «мұң» концептісін құрайтын терең жан күйлерін былайша көрсетеді:

| | | |
|----------------|-------------|-----------------|
| құштарлық | торығу | түпсіз қасірет |
| тылсымды аңсау | құлазу | түпсіз ой |
| ұлан аңсау | жалығу | түңғиықты аңсау |
| өлімді аңсау | түңілу | қайғы рақаты |
| құдайды аңсау | қажу | мұңмен түңілу |
| түпсіз үрей | жабығу | көптен түңілу |
| тыныштық | жуасу | өзінен түңілу |
| жатсыну | жалғыздық | жасырын сыр |
| қайғы-қасірет | қайғы-мұң | ызалы күлкі |
| ызалы мұң | ызалы уайым | жоғалу |

Ғалым өзара мәндес, ортақ элементтері көп болғандықтан, концептідегі терең жан күйлерінің атауларынтағы да жіктеуге болатынын ескертеді. Жалығу, жабығу, құлазу, қажу, торығу, түңілу, аңсау, жуасу, жоғалу сияқты атаулардың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі», «Абай тілінің сөздігіндегі» сипаттамаларын талдап, өз тарапынан мазмұнын толықтыра

келіп, араларында қисынды байланыс орнағандықтан, бәріне ортақ тірек сөз («жан», «ішкі дүние») қолданылатынын негізге алып, оларды бір мағыналық топқа жіктеуге болатынын айтады. Қ.Жаманбаева мистикалық тұтасу, мистикалық әдіспен бір бүтінге айналған, сөздің философиялық мәнге ұласуының белгілі бір сатысын бейнелейтін атаулар да концептінің ішіне енетінін айтып, ондай атауларға *ызалы мұң, мұңмен түңілу, ызалы уайым, ызалы күлкі, қайғы рақаты* сияқты тіркестерді жатқызады. Ал *мұң мен зар, мұң мен шер, уайым-қасірет, қайғы-қасірет, қайғы-мұн, күдік пен күмән* сияқты жан күйлерінің атаулары «мұң» концептісінде қаралмағанмен, сонымен мәндес, шектес, жеке топ құрайтын атаулар ретінде көрсетеді.

«Мұң» концептісіне қатысты терең жан күйлері құндылықтар дүниесімен өзектесіп жатқанын ескерте келіп, дара тұлғаның ішкі интенциясы, діни шығармашылыққа өткен эстетикалық форма мен символға айналған атау-сөздің негізінде «тілдік сана» деген құндылық қалыптасатынын айтады.

«Жақсының аты өлмес, ғалымның хаты өлмес» дегендей, Қаныгүл Жаманбаеваның танымфилософиясын, эмоция, тіл, символ негіздерін трансценденттік негізде тұтастыру арқылы адам проблемасын шешуге бағытталған бұл еңбегі ешқашан құнын жоғалтпақ емес. Бұл еңбекте ғалымның ой, ұстанымдары тезис түрінде қысқа да нұсқа берілген. «Өлді» деуге бола ма, айтындаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деп ойшыл Абай жырлағандай, артына өлмейтін сөз қалдырған ғалымның қалдырған ізі мәңгілік жасай берсін! Болашақта ғалымның еңбектерімен сусындап, ізін жалғайтын ұрпақ көбейетіне сеніміміз кәміл. Ғалымның шығармашылығына арналған шараларды ұйымдастырып жатқан университетбасшыларына, ұстаздарына, туыстарына, ғалымдарға алғысымыз шексіз. Ғалымның еңбегін насихаттау жұмыстары жалғасын таба берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. - Алматы: Ғылым, 1998. - 140 б.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. - 1913. №39, 40

ДАРА ТҮЛҒА

*Акбердыева Б.К.,
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының
Маңғыстау облысы бойынша филиалының
профессоры, ф.ғ.к.,
Ақтау қ., Қазақстан*

Аса дарынды тұлға, қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика саласының негізін қалаған көрнекті тілші-ғалым Қанығұл Әбдібекқызы Жаманбаева кезінде менің және мен сияқты көптеген ізденуші ғалымдарға жол көрсетуші, құнды ақыл-кеңес беруші рухани ұстаз болды. Ата-тегінен берілген ғаламат шығармашылық ойлауы мен ішкі терең түйсігі арқылы тылсымы көп, жабық жүйелерге апаратын психоаналитикалық талдаулармен, семиотикалық тілдік модельдер мен танымдық символдармен айналыса жүріп, кез келген тақырыпта өз ойы мен пікірін, көзқарасын батыл айта алатындығымен бізді таңқалдыратын. Оқыған кітаптарымызбен бөлісетінбіз, сонымен бірге көптеген өзінің ой-армандарын, жалпы ең қажетті кітаптар мен ғылыми жаңалықтардың ішіндегі көкейтестілерін таңдап беретін.

Бөлмесіне бара қалсақ, қалың-қалың томдық кітаптарды көретінбіз. Апайдың сүйіп айналысқан тақырыптары өте көп, соның ішінде Семиотикалық, синэргетикалық әдебиеттер, әсіресе, АҚШ-тың Беркли қаласындағы Калифорния университетіндегі американдық лингвист, когнитивті лингвистика профессоры, когнитивті лингвистика халықаралық қауымдастығының президенті Джордж Лакоффың ғылыми идеяларымен жете таныс болатын. Афористика, Поэтика, Поэтикалық афористика, Риторика салаларымен де өте көп ізденгенін білемін. Неміс философы Артур Шопенгауэр, неміс ойшылы, классикалық филолог Фридрих Ницше, француз философы, метафизика, символизм және инициация бойынша еңбектердің авторы Рене Генон секілді ірі тұлғалардың шығармашылығы мен көзқарастарына өз еңбектерінде сілтемелер жасап, кеңінен көсіле талдаулар жасауынан Қанекеннің өте жоғары деңгейдегі өз терминімен айтқанда «Дара тұлға» болғандығын бағамдай аламыз.

Қ.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» [1] атты тыңнан түрен салған, кезінде ғылыми көпшілік тарапынан жете қабылданбаған, нағыз ғылыми құндылығы мен бағасын әлі де ала алмай келе жатқан ғылыми монографиясының өзі қазақ тіл біліміне қосқан зор сүбелі үлесі, Апамыздың тынымсыз ізденістерінің сығымдалған біртұтас жүйесі, көзқарастары мен ұстанымдары деп есептейміз.

Мұнда бүкіладамзаттық рухани арналардан бастау алатын, таным мен ойлау үдерісіне ықпал ететін, тіл қолданысының күрделі формаларын анықтайтын терең білім негіздері және олардың белгілі құрылымдар арқылы

танылып, дара тұлға, эмоция, мәтін семантикасы, концепт модельдері түрінде қолданысқа түсетін күрделі жүйелері кеңінен қамтылып, талдаулар жасалған.

Сонымен бірге зерттеудің когнитивтік қағидалары, тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік модельдің базалық білімдер деңгейі, яғни эмоциялардың иррационалдық сипаттары да қарастырылған. Дара тұлға дәрежесіне көтерілген дана дарындардың көркем шығармаларының дискурсын, нарративтік құрылымдары анықталып, символдық сипаттарында жасырылған тылсым құпиялары ашылып түсіндіріледі.

Әсіресе, символдың шығармашылықпен астасып жатқан күрделі табиғатына қатысты жүргізген зерттеулері мен талдаулары өзіне назар аудартады. Негізгі элементтері таңдау, ассоциация, салыстыру, көбіне бір-біріне ұқсамайтын құбылыстарды жақындастыру т.б. әдіс-тәсілдерден тұратын символизацияның творчестволық қызметі гносеологиялық тұрғыдан танымның қоғамдық-тарихи табиғатына, ал онтологиялық тұрғыдан дүниенің материялық бірлігіне негізделеді. Әдетте, символдық ұғым кең мағынада белгілі бір мазмұнды басқаша (таңбалық) формада бейнелеу деп түсініледі. Бұл орайда ол кодирование процесімен сәйкес келеді. Ал тар мағынадағы символдық мән дегеніміз жалпыланған мәнді, дерексіз (абстрактілі) мазмұнды көрнекті модель, сезімдік бейне арқылы беру. Сөйтіп, ол негізінен, танымның «Ішкі тетіктерін», яғни эвристикалық қырларын (қиял, интуиция т.б.) сипаттайды.

Дүниенің, шексіз ғаламның кескінін, мөлшерін, оның барлық қыр-сырын адам баласы тек қана символдардың көмегімен біліп, тани алады. Мифологиялық таным да символдардың жүйесінен тұрады. Реалдылықтың деңгейлері көп, мұндай деңгейлер жалпы алғанда, кез келген табиғи жөн-жосықтан бастап, сатылай келе абсолюттік шындыққа дейін барады. Символдың нағыз болмысы да осы деңгейлерді біріктіретін сәйкестік болып саналады. Осы арқылы табиғаттың шынайы мән-мағыналарының метафизикалық ақиқатын түйсінуге, сезінуге итермелейтін көрсеткіш деп қараған жағдайда ғана айқын көре аламыз. Сонда біз іс жүзінде қарапайым нәрселерден бастап, метафизикалық ақиқатқа дейінгінің бәрін символдай аламыз.

Бұл туралы мифолог ғалым С.Қондыбай былай деп көрсеткен болатын: «Символдардың барлық түрінің (геометриялық, таңбалық, сөздік, сандық, кескіндік-бейнелік т.б.), яғни олардың барынша қоспасыз түрінен бастап әбден қарабайырланған түріне дейінгі өзгерістерінің жиынтығы, жүйесі мифологияда сақталған. Символ өзі символдап отырған затынан (нысанынан) міндетті түрде төмен тұрады, яғни кез-келген зат немесе нәрсе барынша жоғарырақ тұрған реалдылықтың көрсеткіші ретінде осы шынайылықты символдай алады. Төменгі жоғарғыны символдай алса да, жоғарғы ешқашан төменгіні символдай алмайды» [2,67].

Сондықтан да орыс символизімінің негізін салушы А.Белый шығармашылық теориясы мен символизм теориясын тығыз байланысты деп санайды. Символдар шетсіз-шексіз алып дүниеге форма береді, адамның

ақылы, пайымы жетпейтін әлемге аяқ басуға құрал болады. «Символ менің санамның ең түкпірінде, санасыз аумақта тұнып жатқан тілсіз, көз жетпейтін дүниені менің жеке болмысымнан тыс жатқан тілсіз, ақылға сыймайтын екінші бір дүниемен байланыстырады» [3,67]. Ғалымның пікірінше, адамның жан дүниесін, көңіл-күйлерін бейнелеу құралдарының тәжірибесі көркемдік символ туғызады. Нақты айтқанда, сөздің сыртқы яғни сезім арқылы қабылданатын, көзге, көрінетін немесе құлаққа естілетін материясы идея-символда және символ арқылы іске асады. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: «Сөз - символ, ол мен үшін беймәлім екі мәнді жалғастырып, тұтастырып тұр. Олар: көзім жетіп көре алатын кеңістік пен ішкі сезімнің күңгірт естілген жаңғырығы оны мен шартты түрде уақыт деп атаймын» [4,131].

Сөйлеуші мен тыңдаушының ойлары тек сөзде ғана тоғысады. Белгілі бір сөзді айту үстінде сөйлеушілердің ойлары бірдей болмайды, себебі олар көз алдында тұрған бір затты өз таным-түсініктерінің деңгейінде қабылдайды. Адамдар бір-бірімен заттардың белгілерін жеткізу арқылы емес, бір-біріндегі түйсік, елестерді, ұғымдарды қозғау арқылы, рухани аспаптарының пернелерін дөп басу арқылы түсініседі. Соның өзінде бір нәрсе туралы әр адам әр түрлі ойлайды. Сөз тек сөйлеу құралы емес, адамның өзін-өзі тануының бірлігі. Сондықтан ол адамдардың арасында саналы байланыс орнатады. Адам ойының құдіретті күші сөздің адам санасындағы бейнелерді қозғауында емес, жандандыруында, адамды өз тарихының бай қазынасын пайдалануға мүмкіндік беруінде.

Қазіргі таңда философиялық-психологиялық концептуалды модельден өз бастауын алып, солардың негізінде қалыптасқан когнитивтік лингвистика жоғарыдағы атап өткен мәселелерді өз бойында жинақтап, біртұтас бағыт ретінде дамуда. Егерде XX ғасырдың екінші жартысындағы аналитикалық философияда (А.Айер, Д.М.Армстронг, Д.Дэвидсон, Дж.Остин) тілдің құрылымдық және қабылдау модельдері эпистемологиялық когнитивтік құрылымдар мен тіл арасындағы қатынаспен сипатталса, ал психологиялық концепцияларда когнитивтік даму заттар мен ұғымдарды символдық жағынан абстракциялаумен, ұғымдардың дамуымен сипатталады.

Сөздердің мағыналары когнитивтік модельдердің өзгеруімен дамиды. Соған байланысты ұғымдардың онтогенезде пайда болуына тікелей талдаулар жүргізілуі қажет болды. Әрбір мағына әлі қалыптаспаған, түсініксіз, айқындалмаған күйдегі ұғымды қажет етеді. Ал ұғым дегеніміз - өзінің формасы жағынан әрқашан да жалпы, белгілі бір ережелерге қызмет көрсететін нәрсе.

Шын мәнінде, сөздер мен сөз тіркестері ақпаратты беруші емес, олар тек тыңдаушының санасында бұрыннан бар лексикалық ұғымдарды өзектендіріп (актуализация), сол арқылы белгілі бір ассоциация туғызады. Сөзде екі мағына бар: біріншісі, объективті-этимологиялық жақын мағына, ол заттың белгісін көрсетеді, екіншісі, субъективті алыс мағына мұнда заттың белгілері көп болады. Сөздің бірінші мағынасы ойдың біздің санамыздағы мазмұны. Егер біз субъективті мағынаны алып тастасақ сөзде

дыбысталу, сыртқы форма және этимологиялық мағына қалады, ол да форма, яғни сөздің ішкі формасы. Ол ойдың мазмұнының санаға қарым-қатынасын білдіреді, нақтырақ айтқанда адамның өз ойының өзіне қалай елестеуін көрсетеді.

Басқаша сөзбен айтқанда, көркемдік мәннің, танымның алғашқы баспалдақтарынан басталатын бұндай жалпыадамзатқа ортақ танымдық-психикалық тәжірибелер бүкіл адамзатты түп негізден біріктіріп тұратын, филогенетикалық, архаикалық мәні бар ортақ түпсанада жинақталған. Олар кез келген уақытта, кез келген жерде әлдебір архетиптер арқылы санаға лықсып шығады [1,24].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым, 1998. -140 б.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
3. Белый А. Символизм. Книгоиздательство: Мусагеть, 1910.
4. Белый А. Критика. Эстетика. Теория символизма. В 2-х т. М., 1994.

ӘОЖ 82-1/-9

«ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ АДАМЫ» ПОВЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы

*Ш.Есенов атындағы КТИУ қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ақтау қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа. Мақалада «Үлкен жолдың адамы» повесіндегі көркемдік тәсілдер, көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі сараланды. Мектеп өмірі, басты кейіпкердің оқушылар арасында сана сілкінісін жасауға ұмтылысы, оқушыларын армандауға, мақсат қоюға ынталандыру арқылы тәрбиелеуге тырысуы жан-жақты сараланып, қаламгер қолтаңбасы, шеберлік нақыштары, әдеби шығарманың көркемдік бітімі, стильдік даралығы талданады.

Кілт сөздер: повесть, контраст, психологизм, суреттеу, салыстыру, лингвистикалық талдау

Қаныгүл Жаманбаеваның «Үлкен жолдың адамы» повесі мен «Қыз Құндыз», «Қара гүл», «Айдос батыр» ертегілері ғалымның жазушылық қырын айқындайтын айрықша шығармашылық табысы болып саналады.

Бастан-аяқ психологиялық, сезімдік құбылысқа құрылған шағын ғана «Үлкен жолдың адамы» повесі шып-шымырлығымен қоса шытырман ойлы.

Көркем мәтіндегі басты қағида болып саналатын адамды тану қағидасы – заңдылық. Автор – адам, автор – кейіпкер, автор – оқырман, авторлық сана үстемдігі деген ұғым-түсініктердің «Үлкен жолдың адамы» повесінде өзіндік орны сарапталады.

Шығармада оқушы қыздар мен ұлдар арасындағы конфликті астар мен тұспал арқылы контраст суреттеулермен берілген. Контраст сөзінің мағынасы қарама-қарсы, салыстыру, кереғар ұғымдарымен тығыз байланысты екендігі белгілі.

Әдебиеттегі көркемдіктің бірі – контрасты (қарама-қарсы) бейнелеу. «Ұлдардың бөлмесі жүдеу. Есік жақтағы бір шкафтың есігі жоқ. Әр жеріне сыр тамған. Стол терезе жақта. Қоңыр жолақты сары перденің шетінен 2 ілгіші үзілген, онысы салбырап тұр. Кереуеттердің арасындағы тумбалар да қақпасыз. Ішіндегі қағаздар бей-берекет. Серікқалидың бас жағындағы ілулі әдемі домбыра болмаса, қабырға жап-жалаңаш.

Көңілсіз бөлме. Тіпті төсектің жабындыларының көнетоздығы сондай – көзге кір сияқты көрінеді» [1,8] деп көңілсіз көрініспен қарсы алған бөлме тұрғындары да Аманды жатырқай, тіпті жақтырмай қарсы алады. Олар тіпті Аманның сөзін ықылассыз жүре тыңдаған қалып танытады.

Сұрқай бояулы сұрықсыз бөлмеге келгендегі шаруасы оңынан орала қоймайтыны оқырманға осы тұста сезіліп қалады. Пушкиннің «Балықшы мен балық» ертегісіндегі шалдың тойымсыз, дүниеқоңыз кемпірінің жұмсауымен сұрамсақтанып, қайталап келген сайын, теңіз қалпы өзгеріп «Жыбырлап судың беті шимайланып», «Бұзылып судың түсі лайланып», «Қарайып теңіз беті түнереді» де, ең соңында «Қара бұлт, қара дауыл толқынды айдап, Сапырып теңіз суын, желдетіп» жіберіп, кемпірді баяғы таз қалпына түсіретін күдіретті құбылыстың әсері бар шығармада. Алтын балықтың тоқтаусыз жалғаса берген шал тілегін орындамай, кілт тоқтатата салуы табиғат құбылысымен астарланса, «Үлкен жолда» повесінде Аманның ұлдар мен қыздар арасын ымыраға келтіріп, татуластыруды көздеген мақсаты тура осы жолы жүзеге аспайтындығы контраст суреттеулер арқылы тұспалдап жеткізіледі.

Дегенмен, жүдеу, солғын бояулы бөлмеге көрік беріп тұрған жалғыз дүние бар. Ол – Серікқалидың бас жағында ілулі тұрған әдемі домбыра. Автор осы домбыра арқылы әлсіз ғана үміт сәулесін жылтыратып кетеді. Осы орайда ұлтымыз үшін құндылық саналатын домбыра деталін сәтті енгізген.

Тихонямен төбелесіп, беті көгеріп, бұзық бала атанып жатқан кейіпкеріміздің досы да, сырлас, мұңдасыда – қазақтың қара домбырасы.

Мүмкін Серікқали домбыра шерте отырып, іштегі мұңын азайтып, шерін тарқататын да шығар. Баланың көкірегінде тұнған ащы өксіктің себебі – әке-шешелері не туыстары өкпе ауруына шалдыққандықтан, отбасынан оқшаулап, қауіпсіздік мақсатында интернатта тәрбиелеу деген аты ғана, үнемі кекету, Домбыраның иесі Серікқали болуы да тегін емес.

Контраст көрінісі бір-біріне мүлдем қарама-қарсы заттар мен құбылыстарды бірге алып қараған кезде жаңа бір сезім тудырады. Ұлдардың бөлмесінен көңілі түсіп, жайсыз әсермен шыққан Аманды қыз балалардың бөлмесі әндетіп, жылы атмосферамен қарсы алады.

Повесте: «Мұнда ер балалардікіндей сұрғылт емес, кіріп келгенде, кең, жарық, әрі тап-тұйнақтай бөлме көңіліңді сергітеді. Бейсауат жатқан дүние жоқ, бәрі орын-орнымен үйлесім тапқан, жарасымды-ақ. Перделері де әдемі. Бір бөлмеде он қыз. Кереуеттерді төрге қатарластыра тізіп қойған. Бергі алаңқай бос. Ортада үлкен стол. Қабырғамен жапсарлас шкафтарда киім-кешек, кітап, қағаз. Бар мүлік сонда. Шкафтардың есігі де көп, шамасы, бұл жатын бөлме емес, кезінде оқу залы болса керек» [1,12] деген үзінді арқылы шығармаға көркемдік-эстетикалық қасиет дарыта отырып, нақты деректі құбылыстарды оқиғалық негіздермен байланыстырады.

Осы контраст суреттеу Аманның практика басталған күні-ақ ұл балалармен тіл табыса алмауын меңзеп, екі ортадағы тартыстың жуық арада ымыраға келе қоймайтын қаупін танытады.

Контрастың ең мәнді, басты қасиеттері: «Негізінде қарама-қарсылық тек көркем әдебиетке ғана тән құбылыс емес, диалектикалық тұрғыдан қарағанда, бұл жалпы даму, өмір заңына тән құбылыс екені мәлім. Ал көркем шығармадағы образдар жүйесі, концептуальды мазмұн кейіпкерлердің іс-әрекеті қайшылықсыз болмайтындықтан, бұл көркемдік тәсіл атқарады. Әрине, ондай қайшылықтар бір шығармада аз, жасырын, енді біреуінде көп, ашық көріне береді. Тіпті шығарманың бүкіл идеялық мазмұнын контраст сөздермен берген, аңғартқан қаламгерлер әлемдік әдебиетте аз емес, мысалы А.Н.Толстойдың «Соғыс пен бейбітшілік», Ф.М.Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза», Ф.Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат», Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясын атасақ та жеткілікті. Ал қазақ поэзиясында контраст мәнге құрылатын антитезаны кез келген ақынның шығармасынан кездестіреміз» [2, 64]- деген пікір арқылы анық көрінеді.

Шығарманың тұтас мазмұнында Аманның жадыраған, жарқыраған көңілді сәтін кездестіру қиын, ондай элементтер жоққа тән. Жақсы баға алуды ойлап, класс жетекшінің айтқанына амалсыз көніп отырған құрбысы Сараға Аманның: «Байқайсың ба, біз осы оқушымен емес, мұғаліммен жұмыс жүргізетін секілдіміз. Мысалы, екеуміздің де ойымызда: Жаңылдың сол жағынан шығып қалмаудың жайы. Бір нәрсе істесек, балаға ұнай ма демейміз, тіпті олардың пікірімен санаспаймыз да, жетекшінің не методистің көңіліндегідей болса деп қылпылдаймыз» [1,24] деген сөзі оның үнемі ой үстінде, шешімін таба алмай қиналып жүруінің себебін айқындағандай.

Аманның ойында ылғи да интернат балалары, оның ішінде Серікқалимен тіл табыса алмай шиеленісе түскен қарым-қатынастары тұрады.

Осы тұста Аманның тығырықтан шығар жол іздеп қалың ой шырмауына түсуі мен «Ұстаз» фильміндегі Ілияс ұстаздың жетекшілік ететін сыныбындағы ата-анасы маскүнемдік жолға түсіп, мүлдем қараусыз жүрген, сабаққа да келмейтін Мағжанды қадағалауды қолға алған әрекетіндегі ұқсастықты көреміз.

«Ұстаз» фильмі шәкірт алдындағы аса жауапкершілік пен оларға білім мен тәрбие беру жолындағы маңызды қадамдардан тұратын мұғалім қызметін айна-қатесіз сипаттап, мұғалімнің балалармен байланысы, олардың өмірін жақсы жаққа өзгертуге деген ұмтылысымен жүрекке жетеді. Ілияс ұстаз өз әріптестерінен де, ата-аналар тарапынан да қолдау таба алмағанмен, түңіліп кетпей, ақыл, білім, білік, парасат, табандылық, көркем мінез арқасында оқушыларының ҰБТ нәтижесін жоғары ұпайға жеткізіп, жемісті жеңіспен дәлелдейді, ауыл сүйсініп, аудан бойынша үздік мектеп қатарына ілігеді.

«Үлкен жолдың адамы» повесінің кейіпкері декедергі, қиындықтарға қарамастан, өзінің негізгі мақсатын – білім беру мен тұлға қалыптастыруды жоғары қоюы оқырманын сүйсіндіріп отырады. Екі кейіпкердің рухани үйлесімі – шынайылығында.

Шығарманың бір тұсында Асан көрініп, Аманның көңіліне көктем сыйлап, қуанышқа бөлегендей әсері болғанымен, жігіттің Серікқалиды тергеуші алдында жығып беруі, ойын алаңына қатысты даулы мәселеге келгенде қарсы жақты қолдап кетуі секілді әрекеттері оқырманның сенімін күл-талқан етеді. Шығарманың орта тұсынан бастап, әңгіме ойын алаңына тірелгенде интернат пен мектеп оқушыларының, Аман мен Асанның арасындағы байланыс тартысқа ұласып, қатты шиеленіседі және тартыстың өрбуі де, шешілуі де оқырманды қатты қызықтырып, толғандырып отырады. Асанның көрінуі Аманға үлкен үміт, сенім сыйлағанымен, өзара қарама-қарсы екі топтың арасындағы конфликтіге ұласып кетеді.

Көркемдік мотивировка тұрғысынан алғанда екеуінің психологиялық шиеленісі, жүректерінде жылы сезім орнай бастаған тұста таразының екі басына екшеленіп, талқыға түседі. Автор қыздың шешімді үкімін тергеуші алдында, Асанның Серікқалиды даттап жазған түсініктемесін оқып отырып: «...Аман қағаз емес, жылан ұстап отырғандай тыжырынды. Аяғына дейін оқымай, тергеушінің алдына сілки тастады. – Оңбаған, Өсекші! – Удай ащы сөздер лықсып-лықсып тіл ұшына еріксіз оралды» [1,64] деп өз аузымен айтқызады. Бұған қоса Серікқалидың Аманмен соңғы кездесуінде жалған жалаға, әділетсіздікке төзбей, Асанды ұрып, жазалы болып қамалғандағы жан толғанысын көрсетететін: «Мен түк те өкінбеймін. Асан, шындығында опасыз. Тергеуде тек өзіне зиян келмеу жағын ғана ойлады» [1,65] деуі де Асанға берілген анықтамалық мінездеу. Аман мен Серікқали аузымен айтылған осы ызалы тіркес Асанның спорт алаңын жасап, кабинет

жасақтауға көмектескен қайырымды әрекетін толығымен бүркемелеп, жеделдік темпімен басып кетеді.

Оған қарсы тұруға екеуінің де шамасы келмей, татулық көбесі сөгіліп, қыз таңдау таразысында әділдікке басымдық береді. Кейіпкерлердің алуан түрлі тағдыры мен әр-әрекеттері де, характері де араларындағы тартыстың өрбуі үстінде тереңірек ашыла түседі.

Шығармада Серікқалидың сезімі, жан толқындары, болмысы сарандау жазылғанымен, астарлы түрде ашыла бастайды.

Тихоня мен Серікбол екі жақтың жыртысын жыртып, ырылдасып жүрген спорт алаңының өзі бітіспес тартыстың желісі емес.

Автор Аман бейнесіне арнайы тоқталып, сипаттап жатпайды. Аманның рухы биік, әділдікке сенімі берік, ой-ниеті таза жан екендігін шығарма бойында оның ойлары, пайымдары танытып, биікке алып шығады.

Аман бар ықыласымен Серікқалиды жан-жақты зерттеп, мінез-құлқының бағыт-бағдарын айқындап, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алуға тырысады. Серікқалидың кейбір қылықтарына түсінбей дал болып отырса да, адами фактордан бір елі ажырамайды. Аман өте таза, болашақта өз ісінің майталман маманы болатын ұстаз. Осы орайда ұлы педагог А.С. Макаренконың: «Тәрбие — баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие — тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», — деген пікірін негізге ала отырып, баланың, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал екендігін мойындатып тұрған ұстаз Аманды танимыз.

Тіпті оны практикаға қойылатын төмен баға да қызықтырмайды, Класс жетекші Жаңылдың Назгүл деген оқушы қызды басы-көзіне қарамай тілдеп жатқанына шыдамай ара түседі, айтарын айтып қалады. Тіпті Жаңылдың жүзін көрмей кетеді,

Аманның бітім-болмысы мектеп өмірі, оқушылар ортасы, әртүрлі мінез-құлықты қиын балалар, кертартпа мұғалімдері аралас ұжым бейнеленген Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айлар» повесінің басты кейіпкері ауылға оқуды жаңа ғана аяқтап келіп жатқан жалындаған жас ұстаз Жұқыпбектің бойындағы талапшыл қасиеттерімен ұқсас екендігін аңғаруға болады. «Алғашқы айлардың» басында жазғы ұзақ каникулдан кейін сабақ басталар кезеңде мектеп маңында бір-бірімен тәжікелесіп, шекісіп, соңы төбелеске ұласып бара жатқан екі баламен кездесу сәтінде:

«— Екеуің де бері келіндер!

— Бізді қайтесің? — деді қара сирақ.

— Қайда оқисыңдар?

— Оны қайтесің?

— Керегі бар.

Әңгімеге енді бұйра шаш араласты.

— Бізосындаоқимыз.

— Олайболса, мен сендергекелгенмұғаліммін...

Екі бала нанарын да, нанбасын да білмей, тосырқап тұрып қалды да, артынша қара сирағы тағы да тұрпайы мінез көрсетіп: «сен нанып тұрсың ба, әшейін айтады», деп бұйра шашқа қарады.

— Әйда, кеттік!

Екеуі жүгіріп ала жөнелді.

«Бұл неғылған бейбастақ балалар? Өздерінің әке-шешесі қайда екен?» — деп ойлады Жақыпбек. «Адам тәрбиелеуді оңай деме. Алуан түрлі бала бар. Солардың бәрінен азамат өсіріп шығару — ең қиын өнер» дейтін еді оның қарт оқытушысы, жаңағы екі баланың қылығы сол сөзді ауылға келмей жатып-ақ есіне салды» [3,3]. Бұл мысалда автор Жақыпбектің ойымен балалардың әрекетіне бірден баға бере салады. Ал Аман ойланып, әсіресе балаларға келгенде бірден кесіп-пішуден аулақ.

«Қарай гөр, Серікқалидан шығады ондай сөз, - Аман ішкі ризашылығын жасыра алмай, жымия түсті» [1,19], - Ой, тамаша балалар! Әсіресе, Серікқали. Өр, тәкаппар, намысқой. Әнді қалай айтады десейші. Өттең, бізге көңілі толмайды тек. Соған қарағанда, біздің ісіміз ірі болмаса керек-ау, кәкір-шүкірге айналғанымыз-ау...»[1,42], Аманның еден жуып жатқан суын әдейі төгіп кеткен тентек баланы орнын тазалауға жұмсаған Серікқали екенін біліп «Аманның Серікқалиға іші жылып сала берді. Тентек баланы өзі төккен суын құрғатуға жіберіп отырған сол. Қыз көңілденіп демде еденді құрғатып алды. «Айттым ғой, негізінде, жақсы адам» деп қойды Серікқали туралы» [1,49], Аманның кезекшілігінде жұмысқа келмей қалғанын көріп, Серікқали балаларға еден жудырып, тазалық жұмыстарын жүргізіп қойғанын естіп, іштей сүйсініп: «Жарайсың, Серікқали!» дейді қыз. Аман Серікқалидың әрбір қимыл-қозғалысынан, сөзінен тек жақсылық теруші ретінде көрінеді.

Аманның оқушылармен алғашқы кездесуін автор: «Ұзынды-қысқалы бес бала кітап-дәптерлерін қолтықтарына қысып, самбырлай сөйлеп, төмен түсіп келеді екен. Аманды көріп бұған самарқау көз тастады да, әңгімелерін тия қалысты. Баспалдақта ығысып, жол ашқандарымен, тілге келмеді, ешқайсысы амандаспастан, жанынан сырғып өте берді» [1,5],деп бастайды. Бір таңғаларлығы ұл балалардың осы самарқаулығы практикадан өтуге келген студенттерге келгенде үдеп кетеді. Класқа кірсе де, бөлмесіне іздеп барса да, әйтеуір осы самарқаулық, немқұрайлылық еңсені басады да тұрады. Қашан көрсе де алдынан кегежесі кері тартып тұрған қырсық мінезді ұл балалар шығады. Серікқалидың әрбір қимыл-қозғалысын, психологиялық мезеттерін зерделеуден талмайтын Аманның табандылығы түбінде көздеген межесіне жеткізді де. Серікқалидың басына қара бұлт үйіріліп, шарасыз күйде түрмеге кетіп бара жатқанда ең соңғы үміті Аманда болып, балалар үйіндегі бауырына балап жүрген кішкентай балаға қамқор болуын өтінеді.

Шығармада түс секілді символдық мәнге ие тәсіл бар. Повесте басқа тәсілдермен бірдей автордың алдына қойған мақсатына қызмет етеді. Аманның Серікқалиға қатысты көрген түсі айнымай келеді. Автор – адам, автор – кейіпкер, автор – оқырман үштігімен бірлесе отырып, кейіпкерге түс

көрсету арқылы ішкі құрылым тәсілімен алдағы жағдайдың сезімдік контурын сызып береді.

Түсінде Серікқалидың үсті алба-жұлба кішкентай баланы өзіне табыстап жатқанын көрген Аман таңертең ұйқыдан мең-зең қалыпта тұрады. Шым-шытырық, түсініксіздеу аяқталған түсті қалай жоруға болатынын білмей, дал болады. Өлгі кішкентай баланы қолына ұстай бергенде, жұлқынып қаша жөнеліп, ақыр аяғында таба алмай қалғанына өкініп, Серікқалидың еңіреп жылап жіберген сәтінде шошып оянып, жүрегі соғып өзі-өзіне келе алмайды. Ертесіне Серікқалидың Асанды ондырмай сабап, түрмеге қамалған хабары жетеді.

Көркем шығармадағы психологиялық аспектілердің бірі болып табылатын – «түс көру» ұғымының көркем шығармада атқаратын қызметі, мәні мен мақсаты турасында Г.Піралиева «Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары» еңбегінде осы түс көру аспектісі жөнінде жүйелі тұжырымдар берген: «Әсіресе түс көру техникасын пайдаланудағы қаламгерлердің құпиясында шек жоқ. Мұнда нағыз шеберлік, нағыз поэтика жатыр. Жазушы өзінің фантазиясын бейнелеуде эстетикалық, философиялық, психологиялық құндылықтарға қол жеткізуде, кейіпкердің жан жүйесін зерттеуде түс көруді талдауға ешқандай бейнелеу құралы тең келмейтіндігі сондықтан да түсінікті болса керек» [4,96].

Осы орайда ғалымның М.Әуезов шығармашылығы турасында зерделеген пікірін талдап отырған повесімізге да қатыстылығы бар деп ескергеніміз жөн.

«Ешкімге ешқандай міндет жүктемейтін түс көру табиғаты әр жазушының суреткерлік қабілетіне қарай көркем туындыда өзгеше бір көркемдік әлемді, рухани эстетикалық құндылықты бедерлейтін көркемдік құрал бола алатыны белгілі. Қаламгердің қиялын, айтпақ ой ниетін көркемдейтін түсті М.Әуезов– иллюзия, Елес, Еске алу, Елестету секілді психологиялық элементтер арқылы шебер кестелей білген» [4,96].

Аманда повестің басынан аяғына дейін бір беймазалық бар, шешіміш таппаған сауалдар тыныштық берер емес халде. Кейіпкердің үнемі ой үстінде, санасын сансыз сауалдармен шырмап жүретін сәттері авторға қосыла оқырманның өзі жауап іздеп отыратын риторикалық сұраулармен беріледі. «Былырғы тәжірибесі бар, әрі бұзып-жарар өткірлігіне салып, үзіліс кезінде класқа емін-еркін кіріп барды да, өзін таныстырған» [1,5] әрекеті сәтсіз болып шығады.

Сонда бұл қыздың былтырғы батылдығы қайда қалды?

Дәл осы беймазалық «Алғашқы айлар» повесінің кейіпкері Жақыпбекте те бар: «Мектептен көңілсіз қайтқан Жақыпбек әлденеге мазасызданады. Тосын бір жайсыз сезімдер пайда болған. «Сөз жоқ, қате жібердім» деген ой бастан шықпайды. «Қандай қате?» Дәл мұны кесіп айта алмайды. «Әлде Сапарды кластан қуғаным теріс пе, әлде сабақ бастай білмедім бе» деген шүбәні кезек-кезек салмақтап көрсе де, безбеннің екі басы бірін-бірі баспай,

тең түсе береді. Тегінде, екі бірдей сәтсіздік біріне-бірі тығыз байланысты тәрізді» [3,36].

Жалпы, Аманның жан-жағы шулаған оқушылар мен думанды орта студенттерге толы болса да, жаны құлазып, үнемі жалғыздықта болады. Бірақ бұл жалғыздық тезаурустық қатар құрап, ғалым Қ.Жаманбаева еңбегіндегі: «Жалғыздық, қараңғылық, түпсіз терең т.б.сөздер белгілі бір жан күйінің тылсым белгілерін көрсете бастайды. Айталық, мұң деген күйдің ішкі бөлшектерінің біріне – жалғыздық, өлім, қараңғы көңіл, түпсіз терең т.б. сегменттер кіреді» [5, 72] дегендей, мағына тұтастығына апармайды. Керісінше: «Жалғыздық. Дарашылдық, жапа-жалғыз қалу. Дүниеден, әлемнен бөліну. Өзінің жанын аластау. Оған жеру, безу, жатсыну тән. Философиялық мәнде алар болсақ, жанның әлдебір абсолютті күшке ұмтылуына» [5, 97] бағыттайды. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында Абсолют ұғымы Тәңірмен, кейін Алламен (Хақпен) байланыстырылғандығын ескерсек, Аманның сол Абсолютке жақындауға ұмтылуы – жалғыздықта ойларын жинақтап, жан-дүниесін саф тазалықпен құрсауы деп қабылдаған жөн.

«Үлкен жолдың адамы» күздің салқын күнінде көңілсіз күйде көк бояуы оңып, мұңға оранып, бұлттары әлдекімге өкпелеп кетіп бара жатқандай әсермен жылжыған, қуқыл тартқан аспанға қарап қойып жатақхана алдында Аманның бұйығып тұрған сәтінен басталады. Автобуска да бүкшііп отыра кетуі жас қыздың жастық шаққа тән жалынын басып, келбетін бүркемелеп кеткендей. Оқырман көз алдына самарқау қалыпты кейіпкерді елестетеді. Мектепке бара жатқан қыздың бар ойын оқушылары жайлы күмән мен күдік еншілеп алған.

Ал повестің соңы Аманның болашақтан үлкен үміті бар жарқын бейнесімен «Сол күні күн де жарқырап, айнала төңірекке бар мейірін шашып тұрды. Бұл – шуағын төге жеткен көктемнің алғашқы нұры еді» деп аяқталады. Басы шырғалаң шатаққа қалған Серікқалидың өзіне сенім артып бара жатқаны Аманға бүкіл шығарма бойына жоғалтып іздеп отырған күші қайта оралғандай сезімде қалды.

Автор «Сіз сол балаға мен түрмеден шыққанша көз қырыңызды сала жүріңізші, өтінемін» деген өтініші арқылы Аман көзқарасымен Серікқалидың образ табиғатын жан-жақты толық деңгейде ашып, өшіп бара жатқан үмітін сөндірмеуді мақсат етті.

Аман мен Серікқалидың клубтағы дискотекада кездесіп қалып, арасында болатын диалогқа назар аударсақ:

«—Мені ешкім ешқашан өз еріктерімен босатып көрген емес, - деді Серікқали иығын көтеріп.

—Қалай сонда?

—Тап солай. Олар босатпайды. Есесіне мен тығырықтан шығар жол таппай қалған емеспін.

—Қашып кетесің де

—Несі бар. Оның қасында **түрмеден** де қашып жатпай ма? Онымен салыстырғанда, интернат деген не, тәйірі?

—Екеуі екі бөлек дүние, ешқашан салыстыруға, теңестіруге келмейді...

—Ал маған кейде екеуі ұқсайтын секілді, — деді Серікқали қырсығып» [1,57]. Серікқали түрме мен интернат арасындағы айырмашылыққа басын қатырып та тұрған жоқ. Міне, енді қырсық шалып, айтқаны айналып келіп, өз сөзі алдынан шығып, түрмеге кетіп барады. «...Сөз біздің мәндер дүниесіне өтуімізге көмектеседі. Сөз ондай құдіретке жеткенде өзі де өздігінен энтелехияға (ішкі ниетке) айналады. Адамның сөз әлемі — оның бүкіл тағдыры. Адам кейде бір сөзді оқыс айтып қап, сол сөздің түкпірінде жатқан энергияны еріксіз оятуы мүмкін. Ол энергия көбіне зиянды, қатерлі күш болып келеді. Олар санаға үнемі лықсып шығып отырады, тек әдетте әлдебір формаларды бүркемеленіп өтеді. Алайда кейбір сөздің құдіреті — сол энергияның тап өзі болып шығуында. Яғни қатерлі күштің түр жамылуының қажеті жоқ, ол дайын сөздің (форманың) бойына орналаса салады. Немесе сөз — өзінің терең ішкі мәнінен апофатикалық күштерді санаға лықсытып өткізеді. Кейде бір ауыз сөздің жаманат, ауру шақыратыны да содан. Көп сөздердің сырлар бізге беймәлім дүниеде жатыр. Ол сырлар санаға көтерілетін болса, адамға ерекше тосын серпінмен әсер етіп, өктемдік жүргізе бастайды» [5, 68] деген Қ.Жаманбаева зерттеулеріндегі пайымдауларға дәлелді Серікқалидың «түрме» сөзін еш эмоциясыз «интернатпен» теңестіре салуынан көруге болады. Соңында сол түрмеге қамалып, бір ауыз сөзбен тағдырын талайлы етуіне әкеп соғады.

Шығармада мектеп оқушылары, студенттер, ұстаздар арасындағы қарым-қатынас, Аман мен Асан арасындағы сезім мен сын, сан қилы тағдыр шарпысы қызықтырса, сатқындық, қызғаныш, екіжүзділік секілді күйбең тіршілікте кездесіп отыратын құбылыстар оқырманды ойландырмай қоймайды.

Мұғалімнің беделі, шәкірттерін білім бәсекесіне қабілетті етуге ұмтылысы мен жаңашылдығы, сондай-ақ, педагогикалық қызметтің қиындығы мен қызығы көрініс тапқан шығарманың оқырманына берері мол.

Қорыта келгенде, шығарма тек білім беру саласындағы мамандарға ғана емес, әрбір адамға адамгершілік, мейрімділік, жанашырлық, табандылық, сабырлылық секілді қасиеттердің қаншалықты маңызды екенін сезінуге мүмкіндік береді. Әрбір мұғалімнің жеке тұлға ретінде де, қоғам үшін де маңызды екенін ұғындырып, ұстаздықтың шынайы бейнесін ашады.

Қаныгүл Жаманбаеваның «Үлкен жолдың адамы» повесінің құндылығы — әсер етушілік қуаты мол шыншыл шығарма жасай алғандығымен ерекшеленбек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаманбаева Қ. Үлкен жолдың адамы. Повесть және ертегілер. Алматы: Балауса. 1992. -80 б.

2. Сыздық Р., Шалабай Б., Әділова А. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. Оқу құралы / - Алматы: Ғылым, 2002. -184 б.
3. Иманжанов М. Алғашқы айлар. Алматы: Атамұра. 1950. -216 б.
4. Пірәлі Г. Көркем прозадағы психологизм және оның бейнелеу құралдары.- Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті. 2016. - 366 бет.
5. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: Эмоция, символ, тілдік сана. Оқу құралы / - Алматы: Ғылым, 1998. -140 б.

ӨОЖ 82.08:159.9

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТЫҢ БАҒДАРШАМЫ

Жылқыбаева Маржан Сәрсекешқызы,

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ақтау қаласы, Қазақстан*

Тіл – адамзат қоғамында қолданылатын маңызды семиотикалық жүйелердің бірі. Ол табиғи түрде пайда болатын (адам қоғамы дамуының белгілі бір кезеңінде) және табиғи түрде дамып келе жатқан көп функциялы белгілер жүйесін білдіреді.

Дәстүрлі лингвистикада зерттеушілер тарапынан тілдің атқаратын бірнеше қызметі көрсетілген. Соның ішінде оның екі түрлі маңызды қызметіне басымдық берілген. Біріншісі – коммуникативтік, ал екіншісі – танымдық, яғни сананың жұмысын жүзеге асыру қызметі. Тілдің когнитивтік қызметі оны (тілді) дүниені тану, түсіну, ойлау, ғалам туралы білім қалыптастыру үшін қолданумен өлшенеді.

Тіл – адам санасының көрінісі, яғни оның қалай ойлайтынын көрсетеді. Адам жаңа ұғымдарды түсінгенде, оларды атайды, сол арқылы ретке келтіреді. Танымдық функцияны жүзеге асыру мысалдары: ғылыми гипотезаларды тұжырымдау, мәтіндерді оқу және талдау, есептерді шешу т.б.

Тіл тарихында зерттеушілер тарапынан тілдің коммуникативтік қызметіне баса назар аударылып, тіпті кейбір ғалымдар оны бастапқы және бірден бір функциясы ретінде танығанмен, ХХІ ғасырда когнитивтік немесе менталды процестерді, яғни адам санасында болатын таным мен білім процестерін зерттеумен айналысатын когнитивті ғылымдардың дамуына байланысты тілдің танымдық қызметі жетекші орынға шықты (бірақ бұл оның коммуникативтік қызметін жоққа шығару емес).

Когнитивтік қызметтен тілдің танымдық, денотаттық, референция қызметтері қатар танылады. Когнитивизмнің негізгі зерттеу объектісі – адамзаттық когниция. Когниция – адамды қоршаған шынайы болмыс жөнінде жан-жақты мәлімет беретін, сезім, қиял, қабылдау, ақыл-парасат сияқты әрекеттермен бірлікте дамитын құбылыс ретінде айқындалатын

танымның өзгеше сипаты. Демек адамның танымдық әлемі оның ойлау әрекеті мен тәжірибесі арқылы анықталады. Тіл ғылымында когнитивтік лингвистикаға «тіл біліміндегі тіл мен сананың арақатынасы мәселелерін, дүниені концептуализациялау мен категориялаудағы тілдің рөлін, адам тәжірибесін когнитивтік процестер мен жалпылаудағы рөлін, адамның жеке танымдық қабілеттерінің тілмен байланысын және олардың өзара әрекеттесу формаларын зерттейтін бағыт»деген анықтама беріледі. Демек, психолінгвистикамен тығыз байланыста бола отырып, когнитивті лингвистика сана, қабылдау, сыртқы ортамен үздіксіз қатынаста болу, тану, бақылау, пайымдау секілді проблемаларды ұғым, семантика тұрғысынан талдап көрсетуге бағытталады. Осы мәселе жөнінде қазақ тіл білімінде алғашқылардың бірі болып Қаныгүл Жаманбаева ғылыми зерттеу еңбегін жариялаған болатын. Оның 1998 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясы осындай өзекті мәселеге арналған. Ғалым зерттеуінде тілдік сана құрылымы, гештальт теориясы, тілдік сана және мәтін құрылымы, тілдік модельдер, көркем шығарманың символдық қызметі, мұң концептісі, құндылықтар дүниесі т.б. когнитивтік мәселелер жан-жақты қарстырылған.

Автор еңбектің алғы сөзінде: «Бүгінгі таңда ғылым алдында тұрған үлкен мәселелердің бірі – адам жөнінде біртұтас тұжырымдамалық бағыттар белгілеу», – дей келе, адамның күрделі жүйе екендігін, оның арнаулы рухани-психикалық, психосоматикалық (психика мен тән бірлігі негізіндегі санасыз әрекеттер мен қасиеттер) қабілеттер мен процестердің деңгейлерінен тұратын құрылым екендігін айтады. «Күрделі жүйені тұтастықта танып білу оның көп қырлары мен сыр-сипаттарын дұрыс, дәл ашуға септігін тигізбек... Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылымның зерттеу әдістері мен құралдарының бір проблема үстінде тоғысуына әкелмек», – дейді[ТҚКН: эмоция, символ, тілдік сана, 3-б.]. Таным мен тілдің ара қатысы адам проблемасын шешумен түйінделеді деген тұжырым жасайды. Ғалым тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның ара қатысы адамның интеллектуалды өмірінде қаншалықты маңызды екеніне мән береді.

Адам туралы ілімдерді «эмоция», «символ», «тілдік сана» ұғымдары төңірегінде жинақтап береді. Орыс ғалымдарының зерттеулеріне сүйене отырып, зерттеу құрылымын «ізденіс моделі» деп атап, аталған терминге түсініктеме береді.

Зерттеудің алғашқы тарауы зерттеудің когнитивті қағидаларына арналған. Автор мұнда тілдік сананың құрылымына кеңірек тоқталады. *Қажеттілік, құндылық, гештальт, тезаурус–дүниенің тілдік моделі, дара тұлғатәрізді* атау, ұғымдардың мәнін ашып көрсетеді. Кейбір түсініксіз атаулардың мағынасын жақша ішінде көрсетіп, кейде терминнің мәнін дәл беру үшін, әрі адресатқа түсінікті болу үшін тырнақшамен орыс тілінде беріп отырады. Осы зерттеу әдістерін ескере отырып, Қ.Жаманбаева когнитивтік лингвистика саласында қазақшатерминдердің қалыптасуына елеулі үлес қосты десек болады. Өйткені *ішкі ниет(энтелехия), күшті*

эмоция (аффект), өзін өзі өзектендіру (самоактуализация), жан түкпіріндегі инстинктер (санасыз түйсіктер), дара тұлға (индивидуальность), түпсана (подсознание), сана үсті (надсознательное) және т.б. көптеген ұғымдар лингвистика саласында термин ретінде алғаш рет осы еңбекте қолданылған десек, қателеспесек керек. Сонымен қатар бұрын қолданыста бар атаулардың өзін жаңа мәнде қолданғанын және басқа тілден алынған терминдерді сөзбе-сөз аударып салмай, қазақ тілінде сол ұғымға дәл келетін атау беруге тырысқанын байқаймыз. Мәселен, «тілдік сана» ұғымы туралы: «біз ұсынып отырған «тілдік сана» деген ұғым орыс тіл біліміндегі «языковая личность» деген тұлғадан өзгеше... Орыс тіл білімінде «языковая личность» деген тұлға «средний носитель» қызметін атқарады. Бізде «средний носитель» деген тұлға жоқ. Жоғарғы интеллектуалды тұлға – дара тұлға нысанаға алынады. Дара тұлға (индивидуальность) – тұйық жүйе. Оның қатынастары ішкі дүниеге бағытталады. Және дара тұлға болмысы абстракцияланып, «сана» дәрежесіне көтеріледі. Сана дәрежесіне көтерілудің, абстракцияланудың мәнін зерттеу барысында көңілге түюге болады. Сонымен, біздің зерттеуіміздегі тілдік сана – абстракцияланған ұғым» [ТҚКН: эмоция, символ, тілдік сана, 8-9-б.], – дейді. Одан әрі «тілдік санаға» өзіне дейінгі зерттеулерге терең талдау жасай отырып, толық сипаттама береді де, оның құрылымы зерттеу нәтижесінде ғана нақтыланатынын айтады. Сол сияқты «орыс тіліндегі «мировая скорбь» деген тіркес пен қазақ тіліндегі «әлемдік мұң» деген тіркестегі «скорбь» пен «мұң» деген сөздерді салыстырар болсақ, екеуінің ішкі мәнінде өзгеше, тосын сипаттар бары байқалады (апофатикалық сәттері әр алуан мәнде, «мұң» деген сөздің иррационалды сипаты басым) деп нақтылайды [ТҚКН: эмоция, символ, тілдік сана, 21-б.].

Келесі кезекте қазақ тілінде баламасы болғанымен, кейбір ұғым-атауларды қазақша бермей, сол тілдегі түпнұсқа күйінде қалдырады, оның себебін өзгеше мәнділігімен түсіндіреді. Мысалы, «нарративность» – баяндалу формасы. Мәтінді одан тыс жатқан әлдебір құрылымдармен байланыстыратын баяндалу формасы. Бірақ біз «баяндаушы тұлға» деп қазақша бермейміз. «Нарративтік» деген ұғым сақталады. Себебі оның ішкі мәні бөлек», – дейді [ТҚКН: эмоция, символ, тілдік сана, 23-б.]. Бір сөзбен айтқанда, Қ.Жаманбаева когнитивті лингвистика саласындағы әрбір терминді, әрбір ұғым атауын жан-жақты түсіндіріп, мәнін ашып көрсетіп отырады. Бұл көптің тісі бата бермейтін, яғни кез келген адам бірден түсініп қабылдай қоймайтын күрделі когнитивтік процестерді, зерттеуші қозғап отырған мәселелерді адресаттың қиындықсыз түсініп қабылдауына мүмкіндік береді.

Ғалым зерттеу барысындағы ойларын уәждеуде Дж.Лаккоф, Н.Я.Пэрна, В.А.Штофф, Ю.Н.Караулов, А.Ф.Лосев, Л.С.Выготский, А.И.Новиков т.б. еуропалық, ресейлік ғалымдардың еңбектері мен қатар К.Г. Юнг, Ф.Ницше, И.Ф.Шиллер, Ибн Сина т.б. сынды батыстық және шығыс ойшылдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, тұжырымдарын талдап, саралап жүгінеді. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ тілі

білімпаздарының ой-түйіндері арқылы негіздейді. Бұл ғалымның аталған салаға үлкен теориялық дайындықпен келгенін көрсетеді.

Қ.Жаманбаеваның бұл ғылыми еңбегін лингвистикалық тұрғыдан талдап, баға беру үшін де осындай мықты дайындық керек, ғалымның еңбегін терең зерттеп барып қана салмақты ой айтуға болады. Біз бұл шағын мақаланы осы бағыттағы зерттеулерге жасалған алғашқы қадам ретінде ұсынамыз. Мақаланың мақсаты –Қ.Жаманбаева сынды өлкемізден шыққан ғалымның еңбегін көпшілікке таныстыру және оның қазақ тіл ғылымындағы маңызды орнын көрсету.

Сөз соңында зерттеудің алғы сөзінде автордың «зерттеу бағыты қазақ тіл білімінде жаңа қолға алынған сала болғандықтан, еңбек ғылым сұраныстарына үзілді-кесілді жауап бере алмайды, дегенмен кең көлемдегі бағдарламалық көрсеткіштерді ұсынамыз деген үмітіміз бар» деген сөзіне оралуды жөн санадық. Және ғалымның бұл үміті ақталды деуге толық негіз бар. Себебі Қ.Жаманбаеваның аталған еңбегі жарық көргеннен кейін-ақ қазақ тіл білімінде осы бағыттағы зерттеулер (мақалалар, диссертациялар) бірінен соң бірі шыға бастады. Сөйтіп Еуропа, Ресей ғалымдары сөйлеткенмен, қазақ тіл ғылымында түйіні шешілмей, сұрлеуге түсе алмай тұрған жаңа бағытқа түрен салынды, когнитивті лингвистикаға қазақша тіл бітті. Тақырыпты «Қазақ тіл ғылымындағы жаңа бағыттың бағдаршамы» деп алуымыз да сондықтан.

Қысқа ғұмырында қазақ ғылымына өзіндік үлесін қосқан, артына аз болса да, мағыналы, салмақты еңбектерін қалдырған, тіл ғылымының жаңа бағытына сұрлеу салған, когнитивті лингвистика саласында кейінгі зерттеулерге бағыт көрсетіп кеткен Қ. Жаманбаеваның еңбектері тек ғылыми аудиторияларда ғана емес, жалпы көпшілікке танылуы керек. Осы мақсатта ғалымның еңбектері жарияланып, насихатталуы тиіс. Қолжазбалары мен жарық көрген еңбектерін жинақтап, баспадан шығару, тарату, өзі туып-өскен Маңғыстау өңірі білім беру ұйымдарында Қ.Жаманбаева атындағы оқу аудиториялары мен зертханалар ашу, ғылыми семинарлар мен конференциялар өткізу алдағы кезек күттірмейтін шаралар қатарында болуы керек. Ғалымның зерттеулері ғылыми айналымға түсіп, кейінгі ғылыми ізденістерге арқау болары сөзсіз.

**ӘДІСКЕР-ҒАЛЫМ Қ. ЖАМАНБАЕВА ЕҢБЕГІНІҢ
ӨМІРШЕҢДІГІ**

Каримсакова Б.А.

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ақтау қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа. «Жақсының аты өлсе де, ғалымның хаты өлмейді» демекші, өмірден өзі өтсе де, ұрпаққа қалар мол мұрасы бар зерттеуші ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты Қ. Жаманбаеваның мұрасы халықпен бірге. Қ. Жаманбаеваның зерттеген тақырыбы «Әдебиет сабағында әдеби көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесі» деп аталады. Әдіскер - ғалым өмір жолын ұстаздыққа арнаған, шәкірт тәрбиелеуде, білім беруде өзіндік ұстанған бағыт-бағдары болды. Әсіресе, оқушыларға көркем шығарманы оқытуда негізгі принциптері мен әдіс-тәсілдердің тиімділігі арқылы оқытуды негіз етеді.

Кілт сөздер: Білім беру жүйесі, әдебиет сабағы, көркем шығарма, оқушы, шығармашылық жұмыс.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихында өзінің өлшеусіз еңбегімен көзге түсетін ірі тұлға – Қ. Жаманбаева. Әдіскер-ғалым қазақ мектептерінің алғашқы оқулықтарын жазудан бастап қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихында үздіксіз еңбек еткен. Алғашқы мектепке арналған оқулықтар Қазақ әдебиетінің алғашқы оқу құралдары әрі оқулық, әрі әдеби, ғылыми, зерттеу еңбегінің нәтижесі болғаны белгілі.

Өз еңбегінде «Адамзаттық прогрестің, әрбір жеке адамның дамуындағы негізгі қозғаушы күш – шығармашылық» [1,20], - деп баға береді. Шығармашылық әрекет қана қоғамның рухани мәдениетін көтеріп, дүниежүзілік экономикалық және рухани интеграция, қатаң бәсекелестік, іскер адамдар кезеңінде жеке адамдардың бейімділік, ептілік, шапшаңдық, ерекше ойлау қызметі, мол шығармашылық мүмкіндік, жағдайлардың тез өзгеруіне икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттеріне жол ашады.

Республиканың әлеуметтік-мәдени дамуының басты бағыттарының бірі ретінде жеке адамдардың шығармашылық әлеуетін ашу, жас ұрпақтың гуманитарлық тәрбиесі мен білімін жетілдіру мәселесінің белгіленуі - осының айғағы. Себебі кез келген қоғам дарындыларға мұқтаж. Және әрбір қоғамның міндеті - өз мүшелерінің әрқайсысының қабілетін дамыту. Ал қазіргі тәуелсіздік пен демократия, әлеуметтік әділет пен экономикалық көркею жолында түбегейлі алға қойылып отырған мақсаттарымыздың

қаншалықты дәрежеде жүзеге асуы бүгінгі жас ұрпақтың біліктілігімен негіздейді.

Шығармашылық проблемасының қоғам, жеке адам өміріндегі мәні өте айқын болғанымен, әлі күнге дейін оны жүзеге асырудың бағыттары, жолдары нақты белгіленбеген. Бүгінгі таңда да қабілет пен талант адамдар үшін сирек кездесетін табиғат "сыйы" ретінде бағалануда. Шығармашылық қабілетті қалыптастырудың қазіргі өмір сүріп келген мүмкіндіктері қоғамның әлеуметтік даму қажеттілігін толық қанағаттандыра алмады. Біздің өміріміздің әлеуметтік жағдайлары жеке адамның шығармашылық табиғатын ашуға жарамсыз. Қоғамдық-әлеуметтік прогреске жетудің бірден-бір шарты ретінде қоғам мүшелерінің көптеген бөліктерінің шығармашылық дамуына қолайлы жағдайлар туғызу керектігі әлі де сөз жүзінде қалып отыр.

Осы тұрғыдан келгенде, көп нәрсе осы заманғы білім беру жүйесіне қатысты шешілмек. «Мектепте берілетін білім мазмұны тәрбиелеу мен сезімді дамытудың барлық өрісін оқу, жұмыс, қарым-қатынасын ескере отырып, оқытудағы негізгі салмақты оқушылардың шығармашылық ойлауы мен еңбектенуі мақсатына аударады, сол арқылы өркендеген демократиялық қоғамға үйлесімді жаңа адам үлгісін тәрбиелейді» [2,9],- деген пікірге ғалымның ойы сай келеді.

Бұл мүддені орындау үшін оқыту жүйесіне тың методологиялық өзгерістер, жаңа теориялық пайымдаулар, шығармашылық сипаттағы практикалық іс-дағдылардың кешені керек екендігін және жаңа оқу - методикалық кешен оқыту процесінде шығармашылық әрекет формаларын ұйымдастырып, оқушылардың ақыл-ой мүмкіндіктеріне жол ашуды негізге алады.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты: 6-7 сыныптағы әдебиеттік сабақтарында қазіргі қоғамда еңбек етіп, қызмет істеуге икемді, жан-жақты үйлесімді дамыған жеке адам үлгісін тәрбиелеуге бағытталған жаңа тұрпатты оқу-әдістемелік жүйенің негізін жасау. Осы мақсат жолында төмендегі міндеттерді шешуге тырысқан:

- орта буында (6-7) сынып шығармашылық формасын анықтау;
- проблеманың оқыту жүйесіндегі осыған дейінгі жай-күйіне сипаттама беру;
- оқушының психологиялық ерекшеліктеріне (6-7 сынып); шығармашылыққа бағыт-бағдар берудің психологиялық алғы шарттарына; педогогикалық жағдайларына; әдеби негіздеріне дәйектеме беру;
- білім мазмұнының тақырыптық сипатын белгілеп, оқу-методикалық жүйесін қайта құруды жүзеге асыру;
- шығармашылық бағыт-бағдар берудің жолдарын, сатыларын, әдіс-тәсілдерін көрсету болатын.

Ғылыми жұмыстың бірінші тармағында зерттеу принциптері айқындалады, зерттеудің ғылыми-практикалық мәні ашылады. “Проблеманың оқыту жүйесіндегі рөлі мен қысқаша тарихы” атты екінші тармағында шығармашылықтың қоғам, адам өміріндегі мәні, өнер саласының

ішінде адамдардың жалпы шығармашылық күш-қуатын күшейтудің ең қолайлы, ең тиімді формасы ретінде көркем шығармашылықтың ашылуы, оның сыры, көркемөнер түрлері ішінен сөз өнерінің приоритеті, әдеби-көркем қабілеттіліктің құрамы, проблеманың қазақ әдебиетін оқыту жүйесіндегі жай-күйі анықталды.

Зерттеуші Ш.Кәрібаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың, А.Көшімбаевтың, Е.Дайрабаевтың, С.Тілешованың, Х.Арғыновтың, С.Мақыпұлының т.б. еңбектерін негізге алған.

Әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар берудің теориялық негіздері тарауында оқушы шығармашылығының психологиялық негіздеріне психологиялық тұжырымдар жасайды:

- балаларды өнердің белгілі бір саласы туралы білуге, оның жекелеген бөліктерін, қасиеттерін айыра білуге, шығармашылықпен ұзақ уақыт шұғылдануға, мақсатты түрде қабылдауға тәрбиелеу арқылы түйсін қызметін күшейтудің;

- қабылдау формалары дұрыс, жүйелі, мақсатты ұйымдастыру арқылы оқушылардың тұрақты апперцепциясын қалыптастырудың;

- бұрынғы қабылданған тірек образдар арқылы жаңа образдар тудыруға үйретудің;

- бала жанында нақты, жеке, көрнекті елестердің қорын қамтамасыз етудің;

Бірнеше елестерден біртұтас дүние құрастыруға, арнайы жаттығулар арқылы бала қанындағы елестерді ықтиялды түрінде жаңғыртуға дағдыландырудың;

- шығармашылық синтезге үйретудің, білімінің негізгі болып табылатын күрделі ассоцияларды дамытудың, қиял формаларын дұрыс құрастыруға үйретудің жолдарын табуға көмектесті.

Оқушылардың психикалық қасиеттеріне жасалған психологиялық талдаулар Л.С.Выготский, Э.И.Моран, Э.Фрейд, П.Пензо, М.Мұқанов, И.С.Кон, З.Н.Новлянская, В.П.Ягунков т.б., әдеби көркем шығармашылықпен айналысуға ең тиімді жас ретінде орта буынды, соның ішінде 11-12 жастағы балаларды (6-7 сынып) таңдап алуға себепші болды.

Материалдық және рухани мәдениеттің кез келген жаңа өнімін жасаудың психологиялық тетігін, шығармашылық процестің кезеңдерін, сапаларын меңгерту М.А.Пономаров, А.Н.Лук, В.Д.Драгюнов, Д.В.Богополенская, Е.С.Егоров, Н.С.Лейтес, оны педагогизациялау В.С.Чубинский, А.А.Колик-Павлов арқылы жүргізілді. В.С.Чубинскийдің шығармашылық актілеріне педагогикалық жүйесі әдеби көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдісін құруда басшылыққа алынды.

«Оқушы шығармашылығының әдеби-педагогикалық негіздері» бөлімінде бала жазатын шығарма көркем шығарма дәрежесіне жетуі үшін белгілі бір жанр аясында болуы, көркем шығарма жазуды (басты өлшемі белгілі бір жанрдың әдісі мен тәсілін өте жақсы меңгеру керектігі, 11-12 жастағы балалардың мүмкіндіктеріне орай) жанр таңдаудың әдеби-

педагогикалық негіздері әдебиет зерттеушілер: В.Я.Пропп, Х.Сүйіншәлиев, С.Қасқабасов, Н.Рошияну; психолог-ғалымдар: Л.С.Выготский, В.П.Ягункова; методист П.И.Панкина қарастырылды.

Жанрдың көркемдік дәрежеге түскен, құрылысы, әдіс-тәсілдері қаралған түрлері алынды; фольклорлық жанрлардың көркемдік және құрылымдық белгілері әбден тұрақталған, композициялық, сюжеттік, көркемдік бейнелеу тәсілдері балаға арнап білініп тұрады, екіншіден, эстетикалық функциясы айқын жанрлар қарапайым формада үйретіледі. Көркемделген проза – эстетикалық және ғибраттық функциясы бар ертегілер, мысалдар осыған сай келеді.

Соның ішінде қиял-ғажайып ертегілерінің рөлі өте жоғары. Ол диссертацияда оқушыларды алғашқы поэтикалық ойлауға үйрету формасы ретінде дәйектелінген. Қиял ертегілерінің тәрбиелік функциясында А. Байтұрсынов, Ә. Дайырова, С.Ұзақбаева байланысты құнды пікірлер де басшылыққа алынған.

Мысал жанрының ішінен алғаш “хайуанаттардың өзара тілдесулерін сипаттайтын мысалдар формасында туған” Х.Сүйіншәлиев композициялық негізінде қайшылығы жоқ қарапайым мысал үлгілері алынады. Ол жөнінде зерттеуші ғалымдардың: Л.С.Выготский, А.А. Потебня, М. Әуезов, С.Қасқабасов еңбектеріне сүйенген.

Мақал жанры мысал мазмұнының түрлі әдіспен сығымдалуы арқылы жасалатын болғандықтан А.А.Потебня, Б.Адамбаев, әрі шығармашылық синтезге үйретудің бастапқы формасы ретінде таңдап алынды. Шығармашылыққа үйрету аталған жанрлардың негізінде жатқан материалы мен формасын танытудан басталады.

Көптеген сюжеттердің негізінде бір ғана композициялық құрылым болуы, композициялық функциялардың қызметі тұрақты ертегі жазу процесін жеңілдетеді.

Ертегі, мысал, мақал жанрына шығарма жазу сол жанр негізінде жатқан көркем шығармашылыққа тіршілік, жан беріп отырған қозғаушы күшті, тетікті, заңдылықты ашу (ол шығарманың психологиялық негізі деп те аталады) арқылы үйретіледі. Кез келген жазушының шығармасы екі арнаның қатар үйлесімінен - автордың көп шығармашылығы мен әдеби дәстүрдің үндесуінен тұрады. Біздің зерттеуіміз оқушы шығармашылығында жеке авторлықтан гөрі әдеби дәстүрдің белгілері көбірек кездесетіндігін көрсетті. Ертегі мысал, мақал жанрларында болатын дағдылы, дәстүрлі белгілерді білудің, оларды белгілі бір композициялық құрылымға біріктірудің тетігін меңгерудің ғылыми-практикалық маңызы осында екендігі еңбекте көрсетілген. Проблеманың әдеби негіздерінің ішінде көркемдік тәсілдерді меңгерудің теориялық тұжырымдамалары да Х.Әдібаев, З.Қабдолов, Р.С.Негимов, Т.Ақшолақов, Б.Майтанов, Б.Сманов еңбектерінде қамтылды.

«Әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар берудің дидактикалық қағидалары» деп аталатын бөлімінде оқу материалын

кұру принциптері, шығармашылық икем мен дағдыларды қалыптастырудың педагогикалық сатылары айқындалды.

Оқу материалы психолог-педагогтардың П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, Л.В. Благондетша, Н.О. Тализина, В.К. Дьяченко, В.Я.Якунин, Ә.Алдамұратов, Г.Жүнісова т.ббағдарлау әдісі арқылы құрылды.

Сонымен бірге М.Н.Скаттин, Н.Л.Данилов, В.Н.Кабанова-Моллер, Л.Т. Охитина, В.С.Шубанский, В.К-Дьяченко, В.В.Давидов, В.С. Гончаровтың теориялық тұжырымдамаларының негізінде білімді шығармашылық мүмкіндіктеріне айналдырудың сатылары интеграцияланып жаңа нұсқада белгіленді.

Әдебиет сабағында оқушылармен жүргізілген эксперимент әдістері де кездеседі. 11-12 жастағы балалар тапсырманы орындау барысында мысал жанрының сюжетін дұрыс құра білген және кейіпкерлерді талдауда шапшаңдық танытқан.

Мысал жанрын оқып үйренудің екінші кезеңінде оқушылар алған білімін жаңа, тың жағдайда қолдана білуде оқиға аясын кеңейту, айналаны көркем түрде суреттеу, кейіпкердің ішкі сезімін жан-күйін, тағдырын бейнелеуге ұмтылыс жасалды, яғни оқып-үйренудің шығармашылық сатысында оқушылар қарапайым мысал үлгілерінің негізінде көркем образ жасау элементтерін меңгерді.

Мысал жанрын оқыған кезде «әділетсіздік», «әлеуметтік тіршілік қайшылықтары», «рухани және материалдық байлық», «бөлініс» сынды ұғымдарды көптеп кездестіреміз. Әуелі, оқушылар осы ұғымдармен танысады. Танысқаннан соң, адами қасиеттердің әсерін, адамдармен қарым-қатынас кезіндегі мінез-құлық өзгешеліктеріне мән беріп, бақылайды. Өмірмен байланыстыра шешімдер қабылдайды. Осы қадамдарды іске асыруда оқушылардың бойында «әлеуметтік таным» фундаменті қаланады. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, «әлеуметтік таным» түсінігі толыққанды қаланады деп айта алмаймыз. Біріншіден, жоғарыда аталып өткендей, оқушылардың жас ерекшелігі, психологиялық қабылдау жүйелері (сана, ақыл-ой, қабылдау процестері, ес т.б.) әртүрлі. Кейбір оқушылар тез қабылдап, тез түсініп алуы ықтимал, ал басқа бір оқушылар үшін бұл процесс асықпай, ақырын жүруі мүмкін. Бұл факторларды да ескерген жөн. Алайда, осы секілді көптеген себептерді негізге алып, оқытуды жеңілдету не болмаса тапсырмаларды қарапайым нұсқада ғана ұсыну – алға қойылған оқу мақсаттардың орындалу коэффициентін төмендетеді. Дұрысы жеңіл-желпі тапсырмаларды емес, білімді жоғарылатуға бағытталған тапсырмалар жүйесін беру. Осылайша жұмыс жасаудың нәтижесінде, оқушылардың өзге қырынан дамуына мүмкіндік тудыра аламыз.

Қ.Ә. Жаманбаева методологиялық тұрғыда қарастырғанда зерттеу жұмысының қорытындылары бойынша мынадай анықтамалар ұсынады:

1.Орта буында шығармашылықтың басты формасы ретінде сөз өнері алынады.

2.Әдебиет сабағындағы әдеби көркем шығармашылық педагогикалық ықпал етудің, эстетикалық тәрбие берудің құралына айналды.

3.Жүйелі, мақсатты бағытталған оқу процесі арқылы әдеби - көркем шығармашылыққа үйретуге болады.

4. Шығармашылыққа бағыт- бағдар беру бала санасына жаңа нақты жетілдіру, әрбір психикалық процестер мен қасиеттердің мүмкіндіктерін өте тиімді түрде пайдалану арқылы жүзеге асады.

5.Бағдарлау шығармашылық әрекеттің сапалы, жүйелі ұйымдастыруға көмектеседі.

6.Шығармашылыққа үйретудің әдістері орта буында барлық оқушының шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік туғызады.

7.Шығармашылық тапсырма - міндеттер, жаттығу жұмыстары көркемдік тип қалыптастырудың бірден бір формасы ретінде көрінеді.

8.Шығармашылық бағытта жүргізілетін жұмыстардың бүкіл жүйесі оқушылардың материалдық және рухани мәдениеттің жаңа өнімінің жасауына кепіл болады.

9.Әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесі орта мектепте әдеби білім сапасын, пән беделін көтеруге септігін тигізеді, әдебиетті оқыту процесін жеңілдетеді[3,27].

Қорыта айтқанда, Қ. Жаманбаеваның педагогика саласына қосқан еңбегінің өміршеңдігі ғылыми еңбектерінен байқалады. Танымал педагог Қ. Жаманбаева әдебиет сабағында әдеби көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесін зерттеп, осы салада көптеген ғылыми еңбектер жазып қалдырды.

Қ.Жаманбаеваның еңбектері оқушылардың әдеби шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ол әдебиет сабағында көркем шығармашылықты үйретудің қажеттілігін және оның дамуын арттырудың ықтималдықтарын көрсетеді. Оның әдістемесі әдеби көркем шығармашылық жұмыстарын жасау процесінде бағыттау және бағдар құру әдістемелерінің негізгі аспектілеріне сәйкес келеді.Оның педагогика саласындағы еңбектері бүгінгі таңда оқу процесінде қолданылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Көркемдік ойлау - дүниетаным кілті. // Қазақ тілі мен әдебиеті 1991, № 9-10, 29-34 б.
2. Көркемдік әлемін таныта алып жүрміз бе?// Бастауыш мектеп, 1992, №4, 4-10-б.
3. Әдеби шығармашылық: мәні, методикалық негізі// Қазақ тілі мен әдебиеті, 1992, № 5-6, 23-28б.

ҚАНЫГҮЛ АПАЙДЫҢ РУХЫ МӘҢГІ БІЗБЕН БІРГЕ

*Зекенова Ажар Жарылкасыновна,
филология ғылымдарының кандидаты,
Maqsut Narikbayev университетінің профессоры,
Астана қаласы, Қазақстан*

Осыдан бірер күн бұрын Қаныгүл апайға қатысты болатын шараны көрген кезде жанарыма біраз жас іркіліп қалды, себебі ол кісі бізге сонау 90-жылдары Алматы қаласында №136 мектепте 8-10 сыныптарда қазақ тілінен сабақ берген ұстазымыз еді. Ол кісінің сабақ беру кезінде соншалықты білімге, сабақ беруге, педагогикаға, Абайдың еңбектеріне, Шәкәрімнің, Мағжанның еңбектеріне берілгендігі соншалық, риясыз балаша қуана алатын адал көңілді жан екендігінің арқасында бізде сабаққа соншалықты бар ықыласымызды, зейінімізді аударды. Қазіргі кезде осындай маған сабақ берген ұстаздарымның арқасында мен когнитивті лингвистика, Абай, Мағжан, Шәкәрімнің философиялық толғамдарын, пікірлерін, прагматика, сыни ойлау деген түсініктерді сол кісілердің аузынан естіп, түсініп өз саламда еңбек етіп келе жатырмын. Қаныгүл апай сияқты педагогика саласында баланың жанын түсінуге қатысты біраз тәжірибелі еңбектер, ғылыми еңбектер жазған кісілердің еңбектері болашаққа өзінің оқырманын тауып жол тартатынына сенімім шексіз, себебі қазіргі кезде мұндай таза ғылымға берілген адал жандар ілуде біреу деп санаймын. Қазіргі кезде ол кісінің бұл дүниеде жоқ екенін естіп, көңілім босап отыр. Ол кісіні осы өмірде деп ойлап жүріппін. Мүмкін рухы жанымызда жүрген соң солай болар. Бұндай кісілер ғылымға берілгені соншалық мына фәни дүниенің материалдық құндылықтарынан ол кісілерге моральдық түсініктер, моральдық құндылықтар жақын болып келеді. Сондықтан ол кісілер моральдық жағынан берік, өзінің ұстанымдарына сенімді.

Қаныгүл апай өзінің пікірін өзге жұртқа түсіндіруге келген кезде алдына жан салмайтын ғылымға, білімге берілген жан болатын. Ол кісінің өлмес еңбектері қалды. Қаныгүл апайдың рухы мәңгі бізбен бірге!

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОЦИЯЛАРДЫ БІЛДІРУІ

*Сарекенова Қарлығаш Құрманғалиқызы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Астана қаласы, Қазақстан*

Фразеологиялық тұлғалардың эмоционалдылығы дегеніміз бұл олардың түрлі сезімдерді, эмоцияларды білдіру мүмкіндігі. Фразеологизмдер мағынасының эмоционалды компоненті – олардың семантикалық құрылымындағы негізгі коннотациялардың бірі. Образды метафоралық, экспрессивті және стилистикалық мағыналармен қатар бұл коннотация фразеологиялық тұлғалардың стилистикасында маңызды орын алады. Түсіндірме, фразеологиялық сөздіктерде тұрақты тіркестердің мағыналық құрамының маңызды бөлімі қамтылу керек. Шындығында бұл мәселе жеріне жеткізіле берілмей жүр.

Фразеологизмдердің көпшілігі эмоционалды-экспрессивті қасиетке ие. Мұндай эмоционалды-экспрессивті сөздер көбінесе сөздіктерде арнайы белгіленеді. Мысалы, Қожахметова Х., Жайсақова Г., Қожахметова Ш. «Қазақша-орысша фразеологиялық сөздігінде» мынандай эмоционалды белгілер қойылған.

Отырса опақ, тұрса сопақ. Шутл. *Күн озған сайын Жамалдың отырғаны опақ, тұрғаны сопақ көріне берді*[1].

Ернін шүйіру. Пренебр.

Оспанның бұны сырттан қыжырттып жүрген қабағын сан естігенде (Нұрғаным) түк қымсынбай, ернін шүйіріп «есуас» деп қана қоятын[1].

Атқа жеңіл телпекбай. Ирон.

Нағыз **атқа жеңіл Телпекбайдың** өзі. Шаршадым, қажыдым дейтін кісің ол емес, тапсырылған істі бас шайқамай атқара береді [1].

Көзің аққыр, көзің ақсын, Қарғ.

Көзің аққыр, көзің ақсын! *Ей, Құнанбай, аруақ қане, қарғыс атқыр! – деп Бөжей айқай салып еді*[1].

Міне, сөздіктерде берілген қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қатарынан аз да болса осындай эмоционалды-экспрессивті белгілерді іздеп табуға болады.

«Фразеологизмдер – күрделі лингвистикалық бірліктер. Олардың күрделілігі тек құрылымдық түрлері мен синтаксистік модельдердің көпшілігімен ғана емес, сонымен қатар тематикалық және семантикалық көп жақтылығымен, сондай-ақ ойдың түрлі эмоционалды-экспрессивті реңктерін бейнелеу мүмкіндігімен түсіндіріледі», – деп академик

Ә.Т.Қайдардыңайтақанындай [2, 202], ғалымдардың барлығы фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті реңкін мойындайды.

Эмоциялар физиологиясы саласындағы соңғы ғылыми деректер адам организмінде физиологиялық қозғалыстар эмоциямен қатар жүретінін көрсетіп отыр. «Организмдегі кез келген эмоционалды реакция симпатиялық және парасимпатиялық әсерлердің бірлесіп әрекет етуімен ерекшеленетіні айқын. Мысалы, адам мұнайғанда жүрек қан тамырлар жүйесінің қозғалыстарының жұмысы өзгереді де, қуанғанда тыныс алуы өзгереді» [3, 73-74]. Мұндай физиологиялық қозғалыстардың тілдегі ФТ-мен көрінуі мынадай болар еді. **Қаны қайнау, қаны басына шабу // тебу** – қатты уайымдау, қайғыру салдарынан қан қысымының көтерілуі; **бір ысып, бір суу** – қатты әсерлену жағдайымен байланысты дене температурасының өзгеруі; **жүрегі жарылу** – стресс алған жағдайда жүрек қағысының жиіленуі т.с.с. А.М.Эмированың айтуынша, адам эмоциясы саласымен байланысты тілдік единицаларды лингвистикалық талдау психологиялық ұғымдар шкаласын, мысалы, психологияның өзінде жоқ «эмоционалды жағдай» ұғымын, неғұрлым дәл анықтайды [4, 70].

Сонымен, фразеологиялық тіркестердің ерекше бір қасиеті – оның эмоционалдылығы. Тілде тек номинативті функцияны ғана атқаратын жеке сөздерден айырмашылығы фразеологизмдер тілде де, сөйлеуде де эмоционалды тәсіл ретінде жұмсалады. «Фразеологиялық бірліктер... олар кез-келген пайда болған заттар мен құбылыстарды атау үшін емес, бейнелі көрініс арқылы сөзбен аталған тұжырымдаманы сипаттау, оған деген көзқарасын білдіру, оны осы фразеология қолданылатын әлеуметтік орта тұрғысынан бағалау үшін пайда болады. Яғни фразеологиялық бірліктер ана тілінің экспрессивтілікке деген қажеттілігін қанағаттандырады» [5, 81].

Қазақ тілі фразеологизмдерінің қандай эмоционалды-экспрессивті белгілері бар екенін ажыратпас бұрын, «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көңіл күйі, сезім күйлеріне байланысты берілген атаулардың ішінен «жабырқау» деген сөзді келтіріп көрейік.

Жабырқа ет. *Көңілі босап жабығу, қамығып жасу*. Адам үнемі қуанып қана жүре ме, кейде көңілі жүдеп, жабырқайтын кездері де болмай ма? Әсіресе сондай шақта ой дегенің қалыңдап, ауырлап алады (Н.Ғабдуллин). Ананың өн бойы балқып, түнерген қабағы ашылып, жабырқаған көңілі жадырап сала берді (М.Иманжанов). Самалдың лапылдаған шат көңілі осылайша су сепкендей басылып, қатты жабырқап қалған шағы еді (З.Жәкенов).

Жабыраңқы сын. *Көңілі қамығыңқы, ұнжырғасы түсіңкі*. Жайнақ жетіп келді. Бұған дейін бұндайда ақ көңілсі аңғалақтай кіретін оның қазіргі жүрісі сылбыр, жүзі жабыраңқы, қабағы қатыңқы (С.Мұқанов). Сабақ үстінде ешкіммен тіл қатыспай, бұрын болмаған, бір жабыраңқы мінез көрсетіп, томсарған күйде үнсіз отырды (М.Иманжанов).

Жабырқаңқылау сын. *Көңілі қамығыңқылау, еңсесі түсіңкілеу.* Дәрменнің көңілі тасып отыр. Қыздың осы бір жабырқаңқылау шыққан лебізінде көп сыр жатқанын іші сезеді (Ө.Қанахин).

Жабырқаулау сын. *Көңілі босаңқылау, қамығыңқылау.* Жабырқаулау жүр едім, Болмағанға сенен хат. Алдым кеше хатыңды. Енді менің көңілім шат (Ө.Есмағамбетов).

Жабырқаулы сын. *Көңіл-ойы қамығыңқы, ренішті.* Гүлсім бір түрлі өзін сырқат жандай сезінеді. Жүзі сынық және солғын тартқан. Осылайша жабырқаулы отырған шағында үйге ойламаған жерден Оразбай келді (С.Алдабергенов).

Жабырқаулық зат. *Еңсесі түсіп, мойып қалушылық, қамығушылық.* Оның бұл үнінде бір түрлі аянышты жабырқаулық сезіліп тұрды (Ө.Қанахин). Ия, шал мұндай күйін көптен бері Дәмешке байқатқан жоқ-ты. Қаладан қайтқан әуелгі айлардағы жабырқаулығы қазір қайта оралғандай (К.Баялиев).

Жабырқаушылық зат. *Көңіл-күй босаңдап мұңаюшылық, қамығушылық.* Бірде Кәрісбек мектепке көңілсіз келді. Жүзінде әлденеге жабырқаушылықтың ізі бар. Бет-аузы домбығып кеткен («Лен. жас»).

Бұл жердегі «жабырқау» көңіл күйі, көбіне тек фразеологиялық тұлғамен ғана түсіндірілген. Қ.Жаманбаеваның: «Түсіндірме сөздікте көңіл күйі, сезім күйі атауларына берілген түсініктемелер ішкі жан дүние болмысын дәл таныта алмайды. Бұл, бір жағынан, дұрыс та. Себебі жан күйі атауының ішкі мәні жеке тұлға тұрғысынан келгенде ғана ашылады. Сол себептен де жан күйлерінің анықтамасы сөздікте берілген түсініктен гөрі астында келтірілген мысалдарда мазмұны жағынан көп толыққан» [6, 81], - дегені де көңілге қонымды.

«Жабырқау» сөзін түсіндіріп тұрған ФТ-лар «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» былай берілген.

«Көңілі жабықты [қамықты, тарықты, қамырықты]. Көңіліне құса [уайым] түсті. Қайғырды, уайымдадың [7].

«Көңілі босады [бұзылды]. Қамықты, қобалжып толқыдың (ҚТФС).

Үнжұрғасы [үнжырғасы] түсті // к...інен су кетті көне. Сәтсіздікке ұшырап, еңсесі түсті (ҚТФС).

ҚТФС-да «еңсесі түсу» фразеологизмі жеке берілмепті. Оның орнына «еңсесі түсу» фразеологизмінің антонимі «еңсесі көтерілу» тұрақты тіркесін келтірдік.

Еңсе көтерілді. Көңілі жайланды, бойы жазылды, үстін басқан батпандай ойдан, уайым-қайғыдан құтылды, көңілденді (ҚТФС).

Осы жерде тағы да Қ.Жаманбаеваның: «Сөздікте көбіне белгілі бір жан күйінің болмысы екінші бір жан күйінің атауымен түсіндіріледі», - деп айтқанындай жоғарыда келтірілген мысалдардан байқағанымыз, «жабырқау» сөзі де, оны түсіндіріп тұрған фразеологиялық тұлғалар да «қамығу» сөзімен ұштасып жатыр. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «қамығу» ұғымы –

Қамық (у). *Бір нәрсеге қатты налып ренжу, қайғырып-қапалану, жабырқау, - деп түсіндірілген.*

Негізінен тілде мұндай сөздер бір-біріне синоним болып келгенімен психологияда берілетін жоғарғы эмоциялардың (Г.Смағұлова) түп-төркіні немесе алғашқы сатылары ретінде көрінеді. ҚТТС-де солай берілген сияқты. Олай болатын болса, **жабырқау – қамығу – налу – қасірет – азап – қайғы** болып бірінен соң бірі сатылана береді. Мысалы,

Нала. Қайғы қасірет, мұң-шер, қапа. Өн бойын дерт басқан жаны жара, көңілі нала (І.Есенберлин).

Азап. Ауыр бейнет, қиыншылық. Бұзауларды қолдан сүт беріп асыраудың азабы көп, ауыртпалығы басым жұмыс екені осы отырған жұрттың бәріне мәлім (Ә.Нұршайықов). Азабы мол, қызығы жоқ күндерді күрсіне көз алдына елестетпек боласың (Келіншек).

Қасірет. Басқа түскен уайым, қайғы. Алғашқы ұғымға қайым өлең сияқты боп көрінген осы екі жолда қаншама қайғы, қасірет, мұң ізі жатыр десеңші (С.Бақбергенев).

Қайғы. Күйік, Қасірет, мұң-шер. Ұлтуған баланың қылықтарын, сөйлеген сөздерін қызықтап, бір ауық көңілі сейіліп, өзінің қайғысын ұмытқандай болады (С.Мұратбеков).

Енді, шартты түрде алынған, осы топтаманың фразеологиялық тұлғаларымен көрінуі мынадай болады:

*Шара бар ма ажалға,
Сағынып көрген сәбидің
Санаулы күні жетеді.
Қоңыр түсті қарасан
Бөбегін алып кетеді.
Ақкенже ана зарланып,
Қайғыменен қан ішті,
Төсі сыймай кеудеге,
Тұлымын жұлып жер құшты.
Немесе
Төлегенді сағынып,
Санаменен сарғайып,
Қайғыменен қан жұтып
Іше алмадым асымды (ҚТФС 305).*

Осы мысалдардағы **қайғыменен қан ішу, қайғыменен қан жұту** фразеологиялық тұлғалары нағыз басқа түскен қайғыны білдіреді. Негізі, қазақ тілінде қан ішу, қан жұту, қан сию сияқты тіркестер бар. Олардың эмоционалды-экспрессивті белгілері де қайғыру болар еді. Бұл жерде **қан ішу** мен **қан жұту** қайғы сөзімен тіркесіп, стильдік бояуын одан сайын қоюлата түседі.

Жоғарыда айтып кеткендей, қайғы – эмоциясы жоғары фразеологизм, ал оның алғашқы сатысы жабырқау, қамығу тәрізді көңіл күйлері дегенбіз. Мысалы,

Үзіп-үзіп айтылса да, ұзақ бір жыр естілгендей болып, өңдері бұзылып, ажары сына қалған әйелдер біріне-бірі қарай алмай қалысып еді (ҚТФС).

Басы салбырап, үйіне қайтты (ҚТФС).

Бұл мысалдардағы **ажары сыну** – жабырқауды білдірсе, **басы салбырау** – қамығуды білдіріп тұр.

Айдауға көнбейтін ешкіге ашуланып, әлгі қазақ «алда **шұнақ құдай-ай**» деп жіберіпті (ҚТФС).

Бейшара Жәми әке-шешесінің сөзінен шыға алмай, **іш құса боп, ит қорлықпен** күн өткізуде (ҚТФС).

Ол бір өлеңінде тар өмірдің **уын ішкен** қойшының қара түнек күндерін көзге былай елестетеді (ҚТФС).

Қайғымен қарс ұрып, **қара жүрегі қақ айырылып** отырған қаралы жан қабағына қарауға да қаймығасың (ҚТФС).

Мұндағы **ажары сыну, басы салбырау, шұнақ құдай-ай, іш құса болу, у ішу, қара жүрегі қақ айырылу** сияқты болып, бірінен соң бірінің экспрессивтік мәні жоғарылай береді. Бұл жердегі **шұнақ құдай-ай** деген ғана кейіс сөз ретінде алынып, фразеологиялық тіркес ретінде келіп тұр, ал біздің бұл тіркесті кірістіру себебіміз, адамдар қатты налып-ренжігенде айтылатынын ескеріп отырмыз. Енді осы топтамамен фразеологиялық қатар түзіп көрейік.

ЖАБЫРҚАУ, ҚАМЫҒУ – басы салбырау, белі бүгілу, жабыңқы (жабырқау) көңіл, жабырқау тарту, көңілі енжар (қаяу) тарту, еңсесі түсу, қабағы кірбің тарту, қабағы салбырау, мойнына су кету, жүрегі мұз болу т.б.

УАЙЫМ, ҚАСІРЕТ – басына уайым түсу, Асан қайғыға түсу, жанына бату, жаны қиналу, жүрегіне дақ түсу, көкірегі шерге толу, көңілі жасу, көңілі қараң тарту, күйік тарту, қапа болу, сары уайымға салыну, уайым жеу, шерлі болу // шер жұту, шер көкірек, іш құса болу т.б.

АЗАП – дерт басу, дертіне күй, ет жүрегі езілу, жегені желім, ішкені ірің болу, зар жұту, көкірегі қарс айырылу, көңілі шер [мұң] болу, күйік тарту, у жұтқандай болу, жүрегі өрт // от боп жану, запыран зәрін құю, іші-бауыры өртену т.б.

ҚАЙҒЫ – бор боп егілу, ботасы өлген түйедей зарлау, көкірегі күй, қайғы басу, қайғыға улану, қайғымен қан жұту, қара жүрегі қақ айырылу т.б.

Осы фразеологизмдерден байқайтынымыз жеке сөздер адамның ішкі сезімін дәл осындай образды түрде жеткізе алмас еді. Сондықтан да фразеологизмдердің көпшілігінің өн-бойында эмоционалды-экспрессивті қасиеті бар. Ал контекст бойынша бір фразеологизмнің өзін мың құбылтуға болар еді. Мысалы,

Әйткенмен көңілімде әлдебір асылымды қапыда жоғалтқандай өкініш ізі, қимасымды **қара жерге тапсырғандай** өксік табы бар еді (М.Мағауин).

Алыс мал отарынан күйеуі Мырзабек келген, зекіп тастады: «**Қара орманды басқа орнатпай** тыныш жат, онсыз да қажыған жанды **тілгілеме!**» (Ш.Құмарова).

Ыза мен намыстан ішіме қан құйылып жатқандай (Б.Нұржекеұлы).

Бірінші мысалдан түйгеніміз, **қара жерге тапсыру** өлімге байланысты ФТ, ал өлім дегеніміз нағыз қайғының белгісі емес пе, тірі жүрген адамды, онда да жанына жақын адамның өлімінен асқан қайғы бар ма?! Бұл жерде де сол қимасын, асылын қара жерге тапсырғандай деп осы бір сөйлемнің ішінде ФТ-ның стильдік реңкін, соның ішінде эмоционалды-экспрессивті мағынасын жан-жақты ашып тұр. Екінші мысалда **жанды тілгілеу** фразеологизмі арқылы **қара орманды басына орнату** тұрақты тіркесінің мағынасын қайғыға жақындатып, контекске бағындырып тұр. Ал үшінші мысалдағы **ішіне қан құйылу** не үшін, не себепті деген сұрақтарға жауап беріп, контекстегі ФТ-ның рөлі анықталып тұр.

Сонымен фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті топты құрайтын «қосымша» реңктер (қалжың, қуаныш, қайғы, мысқыл, еркелету, ашулану, жек көру т.с.с.) дифференциациялауға негіз бола алмайды. Бұл реңктер анық байқалып тұрса да, олар тек тұрақты тіркестердің эмоционалды-экспрессивті мағынасын коштап, түсіндіріп қана бере алады.

Бірақ та бұл белгілер түсіндірме сөздіктердегі фразеологизмдерде де көрсетіледі. Осылай тұрақты тіркестердің функционалды-стилистикалық классификациясы тек ауызекі сөйлеу тіліндегі, қарапайым, кітаби, бейтарап деп қана анықталмайды, фразеологизмдердің толық стилистикалық сипаты мынадай қосымша белгілермен жүзеге асырылады. Мысалы, мысқыл, қалжың, жек көру, қуану, қайғыру, ашулану т.с.с.

Сөйтіп, фразеологиялық тұлғалардың коннотациялары – олардың образды-метафоралық, эмоционалды, бағалауыштық, экспрессивті және стилистикалық мағыналары – тіл дамуы барысындағы қалыптасқан белгілі жүйелі қарым-қатынаста болады.

Фразеологизмдердің эмоционалды-экспрессивті мағынасы, өз кезегінде, олардың функционалды-стилистикалық дәрежеленуінің негізінде бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожахметова Х., Жайсақова Г., Қожахметова Ш. Қазақша-орысша фразеологиялық сөздік. – Алматы: Мектеп, 1988. – 220 бет.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 бет.
3. Симонов П.В. Эмоциональный мозг. – М., 1981. – 215 с.
4. Эмирова А.М. Русская фразеология в коммуникативном аспекте. – Ташкент: Фан, 1988. – 92 с.
5. Федоров А.И. О причинах архаизации и исчезновения фразеологизмов в русском языке // Изв. сибир. отдел. АН СССР. Серия обществ. наук. 1972. № 6, выпуск 2.
6. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

ӘОЖ 82-1/-9

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ СИМВОЛДЫҢ МӘНІ (Қ.Жаманбаева зерттеулері негізінде)

Қамарова Назбду,

*Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университетінің профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты,
Ақтау қаласы*

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ ақындары қолданысындағы символдың мәні сипатталады. Лингвист ғалымдардың зерттеу еңбектері, әсіресе когнитивті лингвистиканы зерттеген ғалым Қ.Жаманбаеваның символ туралы тұжырымдары зерделеніп, белгілі ақындар өлеңдерінен алынған мысалдарды талдауда сөздің де, жан күйінің де ішкі мәнін ашуда септігін тигізді. Әр ақынның ұғым-түсінігіне байланысты символ-бейнеден сан алуан құбылыстар жасалатындығына көз жеткіздік.

Кілт сөздер: қазақ өлеңі, символ, Қаныгүл Жаманбаева, символ туралы тұжырым, символ-бейне, символ-сөз

Символ мәселесі көптеген ғылым саласында зерттеліп, зерделеніп келеді. Қалыптасу тарихы тым әріде жатса да, бүгінгі күні «символ» ұғымының ауқымы кеңейіп, лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі нысанына айналды. Әрине, символ табиғатын талдап түсіндіргенде көне ғылыми таныммен, пікір-тұжырымдармен ғана шектелмеуіміз керек. Символдың теориялық мәселелері А.Ф.Лосев, Л.В.Уваров, А.А.Потебня, Ю.А.Лотман т.б. сияқты зерттеушілердің еңбектерінде баян етіледі. Ал қазақ тіл білімінде символды зерттеу Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, С.Мұқанов еңбектерінен бастау алады. Осыған жалғас ғылыми көзқарастарды тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, Ә.Т.Қайдаров, Е.Н.Жанпейісов, К.Ш.Хұсайынов, Т.Жанұзақов, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, Ж.А.Манкеева, Қ.Ә.Жаманбаева, Г.Н.Смағұлова, Ш.Бекмағанбетов, Р.Ә.Авакова, Г.Сағидолда, Қ.Ғабитханұлы, С.Е.Жанпейісова, Б.Нұрдаулетова, Э.Оразалина, Б.Ақбердиева, Қ.С.Дүсіпбаева, А.Қ.Сейілхан сияқты лингвист ғалымдардың зерттеу еңбектерінен көруге болады.

Көркем әдебиетте символ қаламгердің дүниені поэтикалық қабылдау ерекшеліктеріне байланысты көркемдік танымның маңызды шарттарының бірі. Символдың зерттелу жайы туралы ғалым Қ.Жаманбаева «символ дегеніміздің өзі – сөздің энтелехияға (ішкі ниет, мақсатқа, қозғаушы күшке)

айналуы» [1, 68]. Қ.Жаманбаеваның айтуынша кез келген сөзден символ-бейне жасауға болады. Сөздің түп негізіндегі иррационалды негіздерді адманың жанының аталған сөзбен қабылдануын ерекше атайды. Бірақ ғалым кез келген сөздің символ-бейне екенін дәлелдеп жатпайды.

Лирикалық туынды – ой мен сезімнің жемісі. Ақынның (немесе лирикалық кейіпкердің) ішкі жан-күйі бір сөз немесе бір құбылыс арқылы көрінуі мүмкін. Осылайша ішкі түкпірден жасалып, тереңнен түзілген адам жаны символ арқылы көрініс табады. Тұтасқан көркемдік әлемнің бөлшегі ретінде символ барлық халықтар әдебиетінде кездеседі. Мысалы: аққу – таза махаббаттың, адалдықтың, арудың; қарға – қара ниеттің; нан-тұз – қонақжайлық, достық, дархандықтың; қыран бүркіт – алып күштің, алғырлықтың, ержүректіліктің; шәңгіш өсімдігі (калина) – сұлу қыздың, лотос өсімдігі – аспан әлемінің, арыстан – айбарлықтың, гүл – нәзіктіктің, шынайылықтың символы; т. б. Символдардың белгісі айтпақ ойды астармен білдіру, жеткізбек иедеяны басқа зат-құбылысқа балап, меңзеп көрсету. Нақтылы бейнемен салыстырғанда символдың мәні әлдеқайда кең де көлемді. Символдың образдық астарында терең мән жатады, тағдыр, өмір сырлары, құпиялары жатады. Лирикалық өлең ақын жан дүниесінің тылсымдарына жол салады. Өмірді өзінше бейнелейді.

Символдық көріністер мен атауларды, ақынның көңіл күйі, сезімі мен ой түйінін, нені астарлап отырғанын әркім түрліше ұғынады. Өйткені символдың екі жағы бар: бірінші жағы – сезімге бағытталған бейнелілігі, оқырман көз алдындағы бейне-суреттер, екінші жағы – ішкі рухани әлеммен қабаттасқан автордың негізгі айтар ойы. Ішкі жан күйлерін тану адам баласын бірте-бірте жоғары өлшемдерді тануға алып келеді.

Далада гүл жүдейді,
Есірік жел. Қараңғы түн де үрейлі.
Тентек бұлттар ойнақтап аспан төсін,
Семсермен тілгілейді. «! [2, 274]

Ақын Ф.Оңғарсынованың осы шумағы терең жан күйінен туған. Даладағы жүдеу гүл – ақынның қамыққан жүрегінің, есірік жел – жанын мазалаған жайттардың, қараңғы түн – қайғы-мұңның символы. Аспан төсін семсермен тілгілеген тентек бұлттар – ақынның ішкі әлемінің аласапыран күйі. Өлең былай жалғасын табады: «Күн шықты жалқын қырдан // Жер жайнайды арылып салқын мұңнан!..» [2, 274]. Бұл жердегі күн – ақынның оптимистік ойы, арман-аңсары. Ғалым Қ.Жаманбаеваның пайымдауынша «жан күйлері адамның болмысын, ішкі дүниесін біртұтас етіп танытатын тетік болғандықтан» [1, 70], жерді салқын мұңнан арылтып, жайнату арқылы автор өзіне сүйеніш-тіренішті өлеңнен табады.

Ақындар өлеңдеріндегі түр-түс, бояу-реңк символикасы да үлкен рөл атқарады. Өйткені лирикалық өлең арқылы ең сирек кездесетін бояуларды көруге болады. Бұл түр-түстер лирикалық туындының идеалық-эстетикалық рухын түсіндіруде маңызы зор. Қазіргі ақындар көбіне-көп бояулар тілімен сөйлеуге шебер. Әсересе ақын Ф.Оңғарсынова поэтикасындағы түр-түс

символикасы тереңнен түзілген адам жанын көрсетеді. Ақын жырларында сөз қоры молдығын дәлелдейтін мысалдар толып жатыр. *Аппақ сәулелер, сағым үміттер, қап-қара тереңдер, көпеңбек-көк биіктер* ақынның әлемін, ішкі дүниесін де көрсетеді. «Бұла көңіл», «бұлыңғыр мұң», «бал сезім», «сүт сәуле» сияқты сөздердің көптеп кездесетінін аңғарғанбыз. «Теңіз – көңіл қалайша толқымасын...», «Мені ешнәрсе өмірде таң қылмайды...», «Көңілім құздан құлап жүрмін ессіз...», «Майса дала арылады гүлді өңінен...», «Ашу, ыза кеудемде қамалған үн...», «Жанымдағы жалаңаш жара табын...», «Екеумізді бір арман матастырып...» деген сияқты жеке жыр жолдары; әйтпесе: «Мен сені жүретінмін мақтан көріп, Қызғыш боп өсек айтқан жаттан қорып...», // «Ақтүтек ойлардың ақпаны сақ-сақ күледі, жалғыздығынан жынданып кеткен жесірдей...», // «мен қашанғы ішімнен шыңғырамын, қашан-қашан басылар бұл құмарым...», // «Сезім өлген. Жүрем тек құр сүлдерім, жүрегімді, миымды таң асырып...» дегендей егіз жолдар ақынның ішкі мұңы, ішкі ой тебіренісі, ішкі сезім-сыры. Ақын өлеңді тебіреніспен жазып, сезіміне тіл бітіртіп, құдды бір оқырман қауыммен сырласып отырғандай.

Ақын Г.Салықбаева өлеңдеріндегі бояу-реңк символикасына назар салсақ, бір ғана «Жан» өлеңдер жинағында *әппақ қайғы, әппақ мұң, әппақ тіршілік, айдың ақ қабағы, арманның әппақ кеңістігі, қаракөк түн, қара қар, қара судың қызылсары қабығы, сұр дала, сұр қала, сұр мекен, сұрғылттанған көгілдір әлем, сап-сары қала, сарғайған жүрек, сап-сары бақ, қып-қызыл күн, көгілдір ай, көгілдір кеңістік, сары ғашық, көгілдір күн, қызыл адам, жасыл адам, жасыл көңіл, жасыл үн; т.б.* символдар кездеседі. Г.Салықбаева өзіне дейінгі поэтикалық дәстүрді дамыта отырып, түр-түске байланысты эпитеттерді шебер қолданады. Бұл қолданыстардың ішінде абстрактылы құбылыстардың да түстері бар. Бұлардың бәрі ақынның ішкі түйсіктер дүниесін ашады. Символды зерттеген Қ.Жаманбаева «Бұның бәрі – адамды сырттан қоршаған дүние емес, ішкі түкпірден жасалып, тереңнен түзіліп, тылсымнан құралып келе жатқан адам жаны» [1, 78], - деп ой түйеді. Оны ақын Г.Салықбаеваның мына өлең жолдарынан да байқауға болады:

Сені көрдім,
Бәрі де бекер бірақ,
Көре-көре көздерім өтер жылап.
Әппақ қайғым бар еді –
Әппақ түнде
Әппақ мұңға оранып көтерді бақ. [3, 47].

Осы өлеңдегі *әппақ қайғы, әппақ түн, әппақ мұң* бейнелері – ақынның белгісіз бір әлемді аңсауынан, тылсымды іздеуінен туындаған образдар. «Бақ атаулы арман етер жоқ құсты, Күннің көзі қызыл емес, көп түсті», - дей келіп, жарық дүниені, өмірді түстермен белгілей отырып, әр түске мағына дарытады.

«Жүдетсе де дүниенің жыртығы, Көңілді аулап Күннің қызыл кірпігі», - дейді ақын. «Күннің қызыл кірпігімен» нұрланған ақын бұл бейнені жалпы поэзиясының сүйікті образы еткен.

Ақын Ф.Оңғарсынованың жылдың төрт мезгілінің бірі күзге арналған өлеңінде күзді көңілсіздікке балайды. Әрине, ақындардың бұлтты жылатуы, ағаш жапырақтарын жұтатуы бізге қашаннан белгілі. Кейде күз арқылы көңілдегі кірбінді күйлер де қоса шертіліп отырады. Табиғат – Фариза үшін күнәсіз сәбилік шақ. Ал қайындар жапырағын байқаусызда шашып алған соң жылап тұруы, бозаң дала өкпелеген баладай томсыраюы, мезгілге сай жаратылыс дүниелерін жандандыру, олардың адам мінезімен қылықтарына ұқсаған түрі, сиқы, қимылдары арқылы болмысты барлық келісімдермен бейнелеу ақынның күшін, тапқырлығын, танытады. Бұл күз бейнесі – ақын поэзиясының символы.

...Нәзік гүлдер жаутаңдап, дірілімен
ғашықтың сезіміндей.

Адамдардың думанды дүбірінен
дала жатыр көзі ілінбей. [2, 198].

Нәзік гүлдер мен кең дала адам бейнесіне көшкен. Бұл – дәстүрлі жаңғыртудан туған жаңашылдық, ақынның өзіндік өзгешелігі, өзіндік сипаты. «Символ – бір нәрсені не құбылысты тура суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бүкпелей бейнелеу, ойды да ашық айтпай, тартымды тұспалмен түсіндіру. Ең бастысы – символ сөз өнерінде көркем кестеленіп отырған шындыққа әсем ажар, байсалды философиялық астар береді, шығармаға бір түрлі сыршыл сипат береді», [4, 219], - дейді академик З.Қабдолов.

Аққу құсты сұлулықтың символы ретінде жырлау дәстүрі қазақ поэзиясында Асан Қайғыдан басталады. Біздің халқымыздың көшпелі тұрмысы табиғатпен етене жақын. Көл жағалап, көп көшкен біздің ұлттық ұғымымызға ең жақыны - аққу құс, көшпелілер ұғымында аққу – киелі құс. Аққу құстың көркемі деп санағандықтан, қыздардың сұлулығын аққуға теңейді және жақсы көрген адамын «аққуым» деп еркелетеді. «Аққу құстай кіршіксіз ақ», «аққу құстай жарқылдау», «аққудай», «аққудай сылану», «аққу құстың мойнындай», «айдынның ерке сұлу аққуындай», «аққудың мамығындай», «аққудай тізілу», «аққудың топшасындай», т.б. теңеулер мен тұрақты тіркестер көркем шығармаларда кездеседі. Айдынның ерке сұлу аққуындай, аспанда жүзді жайлап нұрлы алтын ай (Қ.Аманжолов). Арғымақ аққу құстай кіршіксіз ақ, бергендей досқа ғана досы қиып (С.Сейфуллин). Ақ жұмыр қос білегі Аққу құстың мойнындай (І.Жансүгіров). Аққу – қазақ поэзиясындағы дәстүрлі поэтикалық образдардың бірі. Сәкен аққу құсты көп жырлаған. Ақын алғаш аққу құсты «Шөлде» өлеңінде жырға қосады. Қуғын-сүргінде жүрген кезінде туған бұл өлеңге ақынның туған жерге, елге, анасына, сұлу жарына деген сағынышы өзек болған. Өлеңнің алғашқы бөлімі «Домбыра» деп аталса, екінші бөлімі «Аққуға» деп атап, жүрегін кернеген сағыныш сазын аққу құс арқылы білдіреді. Аққу құс арқылы ақынның келер

күннің қуанышын көруге деген үлкен ниеті, үміті жатыр. Сәкен аққу құсты махабаттың, достықтың, сұлулықтың ерекше бейнесі ретінде жырлайды. «Туғаннан саған ғашықпын» деп жырлаған ақынның «Аққу құс» өлеңінен өмірде де, өлеңде де ізгілікке, сұлулыққа іңкәр аңсарлығын танимыз. «Аққу құс ұшты, Желдей есіп күшті, Ән салып күлді айнала, Көлді кеп құшты... Керіліп құшты, Ақ төсін төсеп айнаға» [5, 71], - дейді ақын. Ақын аққу құстың ұшуындағы әсем қимылы мен сұлу қыздың қимыл-әрекетіндегі нәзіктікті қатар қояды. Бұл жердегі аққу нәзік қимыл-әрекеттің емес, өмірдің еркесіндей болған арулардың еркіндігінің символы ретінде беріліп тұр емес пе? Ақын өлеңінде аққудың ұшуын «желдей есіп күшті» деп береді. Егер де осы өлеңге Сәкен өмір сүрген заман көзқарасымен баға берер болсақ, ежелден сұлулық, табиғат тамашасы, нәзіктік символы болып келген аққу өзгеше қырынан көрінеді. Сезім – сұлулық, табиғат тамашасы адам үшін мәңгілік категориялар. Тазалығымен, текті пәктілігімен мәңгілік. Осы ұғымдарды өн бойына тұтастай сыйдырған С.Сейфуллиннің «Аққудың айрылуы» поэмасы келешекке зор сеніммен құлаш ұрған, мақсат-мансұғы бір ұлы махаббат туралы аңыз тәрізді. Қорлық, бақытсыздық өмірден гөрі жалынды махаббат, айнымас серт, ізгі достықтан артық деген ой-пікірді ұштай түседі. Аққу құс С.Сейфуллин поэмасында махаббаттың символы ретінде көрініс тапты.

М.Мақатаев аққудың поэзиядағы образына керемет ескерткіш ретінде «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын мұра етіп қалдырды. Бұл ұрпақтар бойы жалғаса беретін мәңгілік мұра болмақ. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы сұлулыққа орнатылған ескерткіш. Мұқағали аққудың әдемілігін таныту мақсатында мүсін келістілігін кескіндеген, оның жарасымды іс-әрекеттерін, аққу үнінің ерекшелігін бейнелейтін көркем, бейнелі сөздерді ұтымды, орнымен пайдалана білген. Әсем айдын көлдің көркі – аққу. Сол аққудың шырайлылығын, оның сұлулық символы екендігін ақын қалай жырлайды? Ақын аққулардың әсемдігін танытар мекенді өзгертпейді, Сәкен төгілте жырлап кеткен айдын көл. Айдын көлде жүзген аққудың әдемілігін дарлап көрсету үшін ақын таңдаған сәт - таң мезгілі.

...Құс-аппақ, айдын-аппақ, көл-аппақ,

Аппақ нұр аппақ нұрға шашылады.

Көл көкке, көк көлге кеп асылады,

Ұйқысы аққулардың ашылады, - [6, 61], -

деп ақын аппақ әсем таң мезгілімен өмірге қуаныш әкелер кереметтің бір ұшығы аққу құста жатқандығын жырлайды. Мұндай табиғаттың жарасымдылығын көзбен көріп жырлау үшін көкірек көзі ашық ақын ғана осындай көрініске куә болуы тиіс. Құс, көл, айдын аппақ таңның нұры жер бетіне шашырағанда ғана ажырамас бірлікте. Аққу құсты біз аппақ таңмен әлемге жарық әкелер құдіретті күш иесі ретінде танып бас ұрамыз. Ақын ретінде М.Мақатаев аққу образын жетер жеріне жеткізіп жырлап кеткен ақын. Өйткені ол үшін табиғатта жат дыбыс жоқ, оның құлағы сырлы үнге түрік.

...Аққу боп неге ғана жаралмадым,
Адам боп өзіме-өзім симай барам. [7, 82]

Ақын көңілі әрқашанда жақсылыққа құштар. Өмірден түңілген сәттерінде алданыш болып, шіркін аққу құстай еркін ұшып, қанаты талмай ізгілікті жер бетіне таратсам деген ақын ниетін осы өлең жолдарын оқи отырып түсінеміз. Біз бұдан ақынның аққуды жеке өз басының рухани дағдарысқа ұшыраған көңілінің жалғыз медеті деп білеміз. Өмір өзінің қуаныш-қайғысымен, толқындап соғар сәтімен қымбат. Аққу құстың өзін ғана емес, мұңды дауысы, тылсым болмысын жырлау арқылы мұзбалақ ақын қалыбы бұзылмаған жаратылысты аңсайды.

...Саған қарай, мінекей, айдын көлін аңсаған
Аққу құстай асығып, ұшып келе жатырмын. [8, 83]

К.Ахметова өз поэзиясында аққу құсты тек сезім жаршысы деп қана танымайды. Оны өз жастығының мөлдірлігінің, пәктігінің бейнесі ретінде көрсеткісі келеді. «Рақымды маусымда шыға келген дүркіреп, Саяда өскен гүлдердей салтанатты ек, сылқым ек. Тойлар қандай көп еді! Қызыл-жасыл киініп, Қыздар жайнап кететін оянғанда қыр түлеп. Айнакөлге айналған аққулардай көркем ек, Көркемдік те қыздарды есейтеді ертерек» [8, 31], - деп жырлайды. Жылдар өткен соң кешегі албырт жастығына деген сағынышымен артына сын көзбен қарағанда, ол албырт жастығын аққу бейнесінде көреді. К.Ахметова өз поэзиясында аққу құс бейнесін адамның белгілі бір өмірінің кезеңімен байланыстыра отырып суреттейді де, аққу құсты өз өлеңдері арқылы жастық шақтағы мөлдір махаббат сезімінің жаршысы ретінде танып, біледі.

Табиғат еркесінің көркем бейнесінің артықшылығын көрсетуге үлес қосқан ақынымыздың бірі – К.Салықов. Сұлулықты көзімен көріп, көңілімен тани білген ақын табиғаттағы аққу құстың құрбандыққа айналуына қынжылады.

Аққуым ақ патшайым,
Өзіңе сыр даттаймын.
Аққұба қыз секілді маған құштар,
Бейнеңді әнге қосып сипаттаймын.
Жүректің емі сенде,
Қанатты бері серме.
Ақ мамық ақ төсінді аялатшы,
Досыңды саялатшы, жақын кел де, [9, 17],

- деп сезімін білдіру үшін аққу құсты тілге тиек етеді. Сүйген жарына деген сезімі жүрегін кернеген ақын сүйгенінің кейпін аққу бейнесінде танытады. Адамзаттың пайда болғанынан бері қорек етіп келе жатқан сұлулыққа деген құштарлық, оны бауырына тартып құшуға деген ерекше сезімнің өз бойында неліктен ерекше түрде атой салуының бір ұшығы сұлулығы көз сүйсіндірген замандасының сыртқы пішін, қимыл-қозғалысында аққу құспен ұқсас белгілердің болуы деп түсінеміз. Ақын аққу құстардай нәзік қыздарды іздеумен ғана шектелмейді. Оларға жүрекжарды жырларын арнап, аққудай ақ

қыздармен бірге болуды көздеген өз көңілінен хабардар етеді: « Аққу құс кетпей тұрды, Тыңдадым төккен сырды. Тірлікте бір қиналған жерім осы, Екі көз бір көруге жетпей тұрды [10, 11], - деп аққулардың қанат жаюының өзінен өмір гүлін көріп, көкірегі қуанышқа толған ол аққу құстың сұлулығына көзі байланып, екі көз бір көруге жетпей тұрды деп, қайта-қайта көре бергісі келгендігін жырға арқау етеді. Поэзиямызда әр ақын аққу бейнесін символ ретінде шығармашылық қуатын таныта отырып суреттейді. Солар арқылы аққу бейнесі жан-жақты ашыла түсті. Махаббат, сұлулық, пәктік, ізгілік, тыныштық, жарасымдылық, үйлесімділік тағы да басқа барлық жер бетіндегі ізгі қасиеттерді бір бойына жинаған қасиетті құс бейнесі кие ұғымымен астасып, көркем образға айналды.

Қ.Жаманбаева еңбегінде символ-бейнеге мынандай тұжырымдар жасайды: «Символ-бейне – сөздің ішкі мәні. Символ-бейне – жан күйінің ішкі мәні» [1, 70]. Сөздің ішкі мәні сөздің энергиясын білдірсе, жан күйінің ішкі мәні сөздің әлеуетін белгілеп көрсетеді. Белгілі ақындардың біз талдаған өлеңдеріндегі сөздің де, жан күйінің де ішкі мәнін аңғардық. Әр ақынның ұғым-түсінігіне байланысты символ-бейнеден сан алуан құбылыстар жасайды. Символдық бейнелер ақындардың терең ойлау шеберлігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
2. Оңғарсынова Ф. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы: Жазушы, 1978.
3. Салықбаева Г. Жан. Өлеңдер. – Алматы: Жалын, 1995.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
5. Сейфуллин С. Аққудың айырылуы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы: Атамұра, 2003.
6. Мақатаев М. Аманат. Алматы: Атамұра, 1999.
7. Мақатаев М. Жырлайды жүрек. Алматы: Жазушы, 1989.
8. Ахметова К. Жапырақ – жаздың жүрегі. Алматы: Жазушы, 1974.
9. Салықов К. Күзгі сарын. Астана: Елорда, 2005.
10. Салықов К. Аққу жеткен. Алматы: Қайнар, 1995.

ПОЭЗИЯ КАК ИНСТРУМЕНТ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА: ОБРАЗЫ, РИТМ

*Есенова Эльмира Мингазиловна,
Старший преподаватель кафедры языков Алматинского
технологического университета,
г. Алматы, Казахстан*

Аннотация: Статья рассматривает использование поэзии как эффективного инструмента в обучении иностранным языкам с позиции когнитивных процессов. Особое внимание уделяется роли эмоций, символов и языкового сознания, описанных в монографии Жаманбаевой К.Ә. «Когнитивные основы языкового использования: эмоция, символ, языковое сознание» (2021). Поэзия представлена как средство развития аналитического и критического мышления студентов, обогащения их культурной компетенции и формирования эмоциональной вовлеченности в процесс изучения языка. Также обсуждаются практические методы интеграции поэтических текстов в образовательный процесс.

Ключевые слова: поэзия, когнитивный процесс, изучение языка, метафоры, ритм, рифма, культура, образование.

Поэзия как инструмент обучения иностранным языкам привлекает внимание преподавателей, исследователей и студентов благодаря своей уникальной способности объединять эмоциональное, культурное и языковое восприятие. Этот вид искусства, насыщенный метафорами, ритмом и мелодикой, открывает перед изучающими язык не только богатство лексики, но и глубинное понимание культурного контекста. Поэзия богата разнообразной лексикой, включая редко используемые слова, синонимы и метафоры. Она позволяет изучающим расширить свой словарный запас, осваивая как современные, так и архаичные выражения.

Поэзия часто использует богатство языка, включая редкие слова, синонимы и антонимы. Например, В стихотворении Уильяма Блейка *"The Lamb"* встречаются противопоставления, такие как *meek* (кроткий) и *bright* (яркий). Студенты могут расширить свой словарный запас, изучая другие синонимы и антонимы для этих слов. Стихотворение Роберта Фроста *"The Road Not Taken"* знакомит студентов с метафорическими выражениями, такими как *"road less traveled"*, которые часто используются в английском языке. Многие поэтические строки становятся устойчивыми выражениями, которые используются в повседневной речи. Например: Стихотворение Альфреда Теннисона *"Tis better to have loved and lost than never to have loved at all"* помогает освоить фразеологию, связанную с отношениями, такими как *to have loved and lost*.

Поэзия часто использует редкие или архаичные слова, которые помогают углубить знания языка и культуры. Например: В стихотворении Эдгара Аллана По "*The Raven*" встречается слово *quoth* (архаичная форма "сказал"). Это дает возможность обсудить развитие языка и его исторические аспекты.

Многие стихотворения посвящены природе, что помогает изучить экологическую лексику. Например: В стихотворении Уильяма Вордсворта "*I Wandered Lonely as a Cloud*" встречаются слова, описывающие природу, такие как *daffodils* (нарциссы), *vales* (долины), *sprightly* (живой, веселый).

Поэзия часто выражает эмоциональные состояния, что помогает изучающим язык глубже понять значение слов, связанных с чувствами. Например: В стихотворении Перси Шелли "*Ode to the West Wind*" студенты сталкиваются с лексикой, описывающей эмоции, такие как *grief* (горе), *hope* (надежда), *despair* (отчаяние).

Поэзия знакомит с культурно-специфической лексикой, которая может быть важной для понимания контекста. В стихотворении Роберта Бёрнса "*Auld Lang Syne*" студенты знакомятся с шотландскими терминами, такими как *auld* (старый) и *lang syne* (давние времена).

Поэзия помогает изучать слова в сочетаниях, улучшая понимание их значения и использования. В стихотворении Льюиса Кэрролла "*Jabberwocky*" используются несуществующие слова, такие как *slithy* и *toves*, что стимулирует изучающих к самостоятельному анализу их возможного значения через контекст.

Некоторые поэты описывают бытовые ситуации, которые помогают студентам освоить язык реальной жизни. Например: Стихотворение Шел Сильверстейн "*Messy Room*" помогает изучить лексику, связанную с беспорядком: *mess*, *dirty clothes*, *dusty shelves*.

Рифма и ритм в поэзии способствуют запоминанию структуры языка. Регулярные повторения звуковых схем помогают улучшить произношение и ритмику речи. Использование детских стихотворений, таких как "*Twinkle, Twinkle, Little Star*", позволяет отработать мелодику английского языка, что особенно полезно для начинающих. Детские стихотворения — прекрасный инструмент для изучения иностранного языка, поскольку они просты, ритмичны и запоминаемы. Вот несколько популярных детских стихотворений, которые можно использовать на занятиях:

Humpty Dumpty

Humpty Dumpty sat on a wall,
Humpty Dumpty had a great fall.
All the king's horses and all the king's men
Couldn't put Humpty together again.

Простые рифмы, описательные слова (*sat*, *wall*, *fall*), использование прошедшего времени.

Hickory Dickory Dock

Hickory dickory dock,
The mouse ran up the clock.
The clock struck one,
The mouse ran down,
Hickory dickory dock.

Время (*clock, struck one*), предлоги направления (*up, down*).

Стихи помогают освоить ритм и интонацию английского языка и выучить слова через контекст. Создание рисунков по мотивам стихотворений. Песни на основе стихов делают обучение увлекательным. Детские стихи — это легкий и увлекательный способ изучать язык, позволяя студентам разных возрастов осваивать базовую лексику, грамматику и культурные особенности.

Поэзия раскрывает культурные особенности и менталитет носителей языка. Через анализ поэтических произведений студенты знакомятся с историческими и социальными реалиями. Стихотворения Уильяма Блейка, такие как "*The Tyger*", предоставляют возможность обсуждения философских и религиозных вопросов, свойственных английской культуре.

Поэзия стимулирует воображение, побуждая студентов интерпретировать и обсуждать прочитанное. Это развивает критическое и аналитическое мышление, необходимое для глубокого понимания текста. Чтение и обсуждение сонетов Шекспира позволяет студентам не только расширить языковые навыки, но и развить аналитические способности через интерпретацию сложных метафор. Возьмем анализ сонета Шекспира для развития языковых и аналитических навыков

Сонет 18

"Shall I compare thee to a summer's day?"

Shall I compare thee to a summer's day?

Thou art more lovely and more temperate:

Rough winds do shake the darling buds of May,

And summer's lease hath all too short a date.

Разбор лексики:

"Compare thee" — архаичная конструкция, эквивалент современного *compare you*. Разбор этой формы помогает студентам понять различия между современным и староанглийским языком.

"Temperate" — слово с несколькими значениями: *умеренный, мягкий*. Это стимулирует обсуждение, как многозначность влияет на интерпретацию.

"Rough winds" — пример описательной лексики, вызывающей ассоциации с природой.

Разбор метафор:

"Summer's day" как метафора красоты:

Студенты обсуждают, почему автор выбирает летний день для сравнения, подчеркивая его краткость и мимолетность. Это помогает углубить понимание того, как поэзия передает идеи через образы.

"Rough winds do shake the darling buds of May":

Здесь можно интерпретировать "rough winds" как символ трудностей или изменений, которые могут повлиять на красоту. Это стимулирует дискуссию о временности жизни и молодости.

"Summer's lease hath all too short a date":

Сравнение лета с арендой помогает студентам увидеть, как Шекспир использует повседневные понятия для передачи глубоких мыслей о бренности.

Можно предложить студентам дискуссию «Что Шекспир подразумевает под *"more temperate"*? Как образы природы усиливают эмоциональное воздействие сонета?

Дать задание переписать первую строфу на современном английском языке, сохраняя ее метафорическое значение. Написать свою версию "сравнения" кого-либо или чего-либо с другим объектом, используя метафоры. Анализ сонета помогает студентам не только обогатить словарный запас, но и развить аналитические способности, так как требуется глубокое понимание метафор и образов. Обсуждение таких произведений также способствует формированию критического мышления, позволяя студентам выражать свои интерпретации и аргументировать их.

На занятиях английского языка можно дать задание создать стихотворный перевод на русский язык. Цель такого задания: развить творческие способности студентов и углубить понимание лексики, метафор, ритма и структуры стихотворения. Привить навыки работы с литературным текстом.

Сначала необходимо прочитать стихотворение на английском языке и осмыслить его содержание, ритм и настроение. Затем сделать стихотворный перевод на русский язык, стараясь сохранить смысл оригинального текста, литературные образы и метафоры, ритмику и рифму, если это возможно.

Пример такого задания:

Переведите на русский язык следующие строки из стихотворения Уильяма Блейка *"The Tyger"*:

Tyger Tyger, burning bright,
In the forests of the night;
What immortal hand or eye,
Could frame thy fearful symmetry?

Сначала необходимо определить значения всех слов и выражений. Например: *burning bright* — горящий ярким светом.

fearful symmetry — ужасная/внушающая трепет симметрия.

Потом подумать, как передать эмоциональное воздействие и символику стихотворения. "Tyger" (тигр) символизирует нечто дикое, мощное и загадочное.

Выбрать форму перевода. Сохранить рифму (если возможно) или постараться передать ритм текста.

Пример перевода:

Тигр, тигр, светом пыша,
Средь ночных лесов дрожа,
Чья бессмертная рука
Создала твои бока?

Студенты представляют свои переводы, обсуждают их и анализируют: насколько удалось сохранить смысл? Какие образы переданы наиболее удачно? Какие трудности возникли при передаче ритма и рифмы?

Можно обсудить:

Почему переводчики могут выбирать разные способы передачи образа "burning bright"? Какие элементы в переводе легче сохранить: рифму, ритм или образы? Как переводы других студентов отличаются от вашего?

Дать задание создать свободный перевод стихотворения (без рифмы) или адаптацию, в которой основное внимание уделено передаче смысла и настроения.

Стихотворный перевод развивает языковые навыки, креативное мышление и позволяет глубже проникнуть в структуру и эмоциональное содержание текста. Это упражнение помогает студентам почувствовать язык через творчество.

Поэзия, будучи уникальным инструментом в изучении иностранных языков, способствует развитию когнитивных и эмоциональных способностей учащихся. Она стимулирует языковое сознание, формирует ассоциативные связи, обогащает лексический запас и позволяет глубже осмыслить культурный контекст изучаемого языка. Использование поэтических текстов в обучении иностранным языкам помогает укрепить мотивацию, развивает креативность и уверенность в языковой практике.

Поэзия, являясь искусством, насыщенным метафорами, ритмом и эмоциональной экспрессией, активно задействует когнитивные процессы, такие как ассоциативное мышление, символическое восприятие и языковое сознание. Эти аспекты подробно раскрыты в монографии Жаманбаевой К.Э. *«Когнитивные основы языкового использования: эмоция, символ, языковое сознание»*. В своей работе автор утверждает, что «языковое сознание является не только результатом обучения, но и активным инструментом в формировании новых когнитивных связей» (Жаманбаева, 1998).

Эти идеи находят прямое отражение в процессе изучения иностранного языка через поэзию. Использование поэтических текстов способствует созданию глубинных ассоциаций, которые облегчают запоминание и усвоение новых слов и выражений. Например, такие элементы, как метафоры, представленные в сонетах Шекспира, задействуют символическое мышление, позволяя учащимся глубже понять культурный и языковой контексты. Как подчеркивает Жаманбаева, «символы в языке являются ключом к пониманию культурных и социальных реалий, что делает их важнейшими элементами когнитивного подхода в обучении» (Жаманбаева, 1998). Когнитивные подходы к языковому использованию, рассмотренные в

работе Жаманбаевой К.Э., подчеркивают важность комплексного подхода к языковому обучению, объединяющего эмоциональный, символический и интеллектуальный аспекты. Это подтверждает, что поэзия может стать эффективным методом для достижения новых высот в освоении языка, обеспечивая глубокое и многогранное взаимодействие студентов с изучаемым материалом.

Связь когнитивных основ использования языка в обучении иностранных языков через поэзию строится на способности поэзии воздействовать на ключевые когнитивные и эмоциональные процессы, важные для изучения языка. Например, когнитивные аспекты:

Глубокое осмысление и запоминание: Поэзия способствует формированию ассоциативных связей благодаря ритму, рифме и повторяющимся структурам. Например, такие элементы, как аллитерация и метафоры, активируют более глубокие когнитивные процессы. При изучении английского языка, анализ стихотворения, например, Уильяма Блейка "*The Tyger*", может стимулировать обсуждение символизма и философских идей, что углубляет понимание лексики и культурного контекста.

Усиление языкового сознания: Поэзия развивает чувство языка через необычные синтаксические конструкции и многозначные слова. Например, чтение стихов Эмили Дикинсон позволяет изучающим язык погружаться в уникальные грамматические и поэтические структуры.

Развитие навыков интерпретации: Разбор скрытых смыслов в стихотворениях учит студентов анализировать контекст и подтекст, что является важным навыком для понимания иностранной речи.

Эмоциональная связь:

Эмоциональное вовлечение: Поэзия вызывает чувства, делая процесс обучения более увлекательным и лично значимым. Например, стихи о природе или любви на изучаемом языке вызывают эмоциональный отклик, способствуя лучшему усвоению материала.

Мотивация через творчество: Участие в создании переводов стихотворений или написании собственных помогает студентам развивать креативность и уверенность в языковых навыках.

Таким образом, использование когнитивных основ, рассмотренных Жаманбаевой, помогает обосновать, почему поэзия является не только эстетическим инструментом, но и мощным образовательным средством для изучения языка. Поэзия в обучении иностранных языков объединяет когнитивные, эмоциональные и культурные аспекты, делая процесс изучения многогранным. Она позволяет студентам не только улучшить языковые навыки, но и понять глубинные культурные и концептуальные различия, что особенно важно в современном глобализированном мире.

Поэзия играет уникальную роль в изучении английского языка, открывая перед обучающимися богатый мир лексики, метафор, ритма и культурных традиций. Этот вид искусства служит мощным инструментом для развития языковых навыков, углубления культурного восприятия и

формирования аналитического мышления. Стихи позволяют изучать язык не только на уровне грамматических правил, но и через эмоции, символику и эстетическое восприятие.

Современные технологии, такие как онлайн-платформы и интерактивные ресурсы, позволяют интегрировать поэзию в учебный процесс более эффективно, делая её доступной для студентов с разным уровнем подготовки. Это расширяет возможности для индивидуализации обучения, позволяя каждому обучающемуся найти свой уникальный путь к языковому и культурному развитию.

В заключение, использование поэзии в изучении английского языка трансформирует процесс обучения, превращая его из рутинного изучения лексики и грамматики в увлекательное путешествие по миру образов и смыслов. Поэзия помогает учащимся не только овладеть языком, но и стать частью культурного наследия человечества, обогащая их мышление, эмоции и личностный рост. Включение поэтических текстов в образовательный процесс делает изучение языка глубоким, осмысленным и по-настоящему вдохновляющим.

Список использованной литературы:

1. Арнольд, И.В. Стилистика современного английского языка. — М.: Высшая школа, 1990.
2. Блейк, Уильям. Стихи и поэмы. Пер. С. Я. Маршака. — М.: Радуга, 1991.
3. Виноградов, В.В. О поэтическом языке. — М.: Высшая школа, 1980.
4. Жаманбаева К.Ә. "Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана". Алматы: Ғылым, 1998.
5. Шекспир, Уильям. Сонеты. Пер. С. Маршака. — М.: АСТ, 2016.
6. Crystal, D. The Cambridge Encyclopedia of the English Language. — Cambridge: Cambridge University Press, 2003.

Электронные ресурсы

1. <https://www.shakespeare-online.com/>. Поэзия Уильяма Шекспира для изучения английского языка.
2. <https://www.nurseryrhymes.com/> Детские стихи и рифмы для обучения языку.

Ұ. ҚАЗЖАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН АФОРИЗМДЕРДІҢ СИМВОЛДЫҚ КОННОТАЦИЯСЫ

Жылқыбаева Маржан Сәрсекешқызы,

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар

және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессоры,

филология ғылымдарының кандидаты,

Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Ұ.Қазжанұлы қолданысындағы афоризмдер мен тұрақты тіркестердің символдық коннотациясы когнитивтік тұрғыдан сипатталады. Жырау шығармаларын талдауда тілші ғалымдардың ғылыми зерттеулері, әсіресе қазақ когнитивті лингвистикасының негізін салушы ғалым Қ.Жаманбаеваның танымдық тұжырымдары басшылыққа алынды.

Кілт сөздер: фразеологизм, афоризм, символ, коннотация, концепт.

Символ мәселесі ежелден-ақ зерттеушілердің назарына іліккені мәлім. Қазақ тіл білімінде де тілдік деректердің уәждемесін анықтауға көмектесетін, сонымен қатар қазақ мәдениетіндегі ұлттық символдар мәнін ашуға, саралауға жол ашатын еңбектер баршылық. Мәселен, қазақ тіліндегі этномәдени атаулар мен символдық мәнге ие фразеологизмдер, мифтік танымға ие символдар, ұлттық танымдағы сұлулық, жақсылық, жамандық символдары біршама зерттелген. Ал Қ.Жаманбаеваның еңбегінде символдың когнитивті сипаты зерделенген. Ғалымның пайымдауынша: «Ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде сана ішкі қажеттілікті қанағаттандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни сана сыртқы факторларға таңдаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді» [1, 8].

Академик Р. Сыздық: «Символ – идеяның заттық нышаны, астарлы образы», – деген тұжырым жасайды [2,89]. Демек, символ – адам танымы дамуының жемісі, соның көрінісі. Біз сөз еткелі отырған фразеологизмдер де халықтың танымы, өмір-тіршілігі негізінде қалыптасқан және тұрақты символдық мәндерді игеруге өте қабілетті. Қоршаған әлем, табиғат, адамның сыртқы және ішкі болмысы, қасиеттері танымдық процесінде ерекше семиотикалық мағынаға – мәдени мағынаға ие болады. Әлем өзінің физикалық, материалдық табиғаты, негізі туралы мағынасынан босатылып, адам танымында әлеуметтік, рухани уәжділікке ие болады. Мәдени мағынасы бар материалдық әлемнің таңбалары мәдени таңбаларға айналып, адамда

оның екіншілік қасиеті бойынша қолданыс табады. Осыған байланысты Р.Авакова: «Кез келген халық санасында қалыптасқан символдар болады, ол символдар әрқашан уәжделеді, яғни олар дәлелді. Тіл-тілдің идиомасында фразема жасайтын символдық компоненттер болады, оларды кейбір ғалымдар ұйытқы компоненттер деп атайды» [3, 161].

Символдық коннотация Ұ.Қазжанұлының ғибраты мол толғауларында фразеологизмдер мен афоризмдер арқылы беріледі.

Мысалы:

...Басыңнан тарқап базарың,
Жас қартайып жеткен соң
Жастағы кетед ажарың...(4,88-б.)
Бүгінде туы құлады-ай,
Тарқады базар құралы-ай(4,137-б.).

Мұндағы «базары тарқау» тұрақты тіркесінің мәні – *дәурені өту*. Жырау адам өмірінің басынан дәурені өтіп, жасы ұлғайған шақта жас күніндегі ажары кетіп, бетінен әрі таятын қартайған шағын осылай суреттейді. Сондай-ақ, ақын тілінде *бас, тіл, көз, жүрек, құлақ* сынды соматизмдер қатысқан фразеологизмдер де орынды қолданыс тапқан.

...Бақ қонған күні басыңа
Байтақ жұртың танысын.
Абырой көптен аласың,
Білмесең де – данасың.
Бағыңды бастан ұшырсаң,

Қатарыңнан қаласың...(4,92-б.), –деген жолдардағы «басына бақ қону» тұрақты тіркесіне «басынан бағы ұшу» антонимдік мәндегі фразеологизм карама-қарсы жұмсалған. Немесе:

Осы күні қорқып жүр,
Жүрегі тайып, жасқанып...
...Жаралған тастан жүрегі,
Біз – еңбекшінің еліміз...
Ұстап берің, аямаң

Бұзылса кімнің жүрегі...(4,129-б.),–деген жолдарда «жүрек» сөзіне қатысты үш тұрақты тіркес кездеседі: *жүрегі таю, жүрегі тастан жаралу, жүрегі бұзылу*. Жүрек – адамның ішкі ағзасындағы орталық мүше,соған сәйкес «Жүрек» концептісі адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде қабылданады. Яғни бұл жерде жыраудың «жүрек» деп отырғаны – адамның ішкі жан дүниесі. Осылайша ол ел-жұртын үнемі қатыгез болмауға, мейірімділікке, имандылыққа шақырады. Тілімізде «*тас жүрек*» деген тұрақты тіркес бар екенін білеміз. Жырау тілінде ол «*жаралған тастан жүрегі*» түрінде қолданылған. Енді мына жолдарға назар аударайық:

...Алуан түрлі сөзбенен,
Қандырдың көптің құлағын...(4,103-б.)
...Айтқыш тақтақ көбейді,

Сөз назымын кезенген.

Алқалаған шаршыда

Қызыл тілін безенген...(4,115-б.). Бұл мысалдардан жырау қолданысындағы тұрақты тіркестер әрдайым түпнұсқада келе бермейтінін көруге болады. Кейбір реттерде олардың құрылымын сәл де болса өзгеріске түсіріп отырады. Мәселен, халық арасына тараған нұсқасы бойынша «құлақ құрышын қандыру» болуға тиіс еді, автор оны «қандырдың көптің құлағын» деп өзгеріске түсіреді. Сол сияқты, екінші бір фразеологизм «тілін безеу» деп таралған. Оны жырау «*қызыл тілін безенген*» түрінде пайдаланады.

Әуелден Қыдыр дарыған,

Уызына жарыған...

Пақыр-мүскін паналап,

Көз жазбаған маңынан...(4,116-б.)

Құдайке, Келінберді –туған бірге,

Туғаннан домалаған тасы өрге...(4,125-б.)

Жанды жеген жалмауыз

Ішімізден арылды,

Мұқалып, *тауы шағылды...*(4,137-б.). Келтірілген үзінділердегі *Қыдыр дарыған, уызына жарыған, көз жазбау, тасы өрге домалау, тауы шағылу* сынды тұрақты тіркестердің де жырау баяндауларында бейнелілік тудырып тұрған сөз өрнектері екені даусыз. Жоғарыда көрсетілген тұрақты тіркестермен қатар, жырау тілінде сирек те болса мақал-мәтелдер де ұшырасып қалады:

Жері байдың –елі бай,

Байлыққа тегіс толығып,

Дүнияға молығып...(4,119-б.). Бұл жерде автор Маңғыстау жерінің қазба байлықтарға бай екенін, алғашқы мұнай өндіріле бастаған жылдардағы халық тұрмысының жақсарып, ісі оңға бастаған тұсты мақтана жырлайды. Демек, «жері байдың –елі бай» деп ой түйеді.

Өз тұсындағы сөз шеберлері сияқты Ұзабай жырау да халық қазынасы – мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді кейде осылай өңдеп, кейде сол күйінде өз туындыларында жарасымды қолдану арқылы белгілі бір жағдайға қорытынды жасайды және баяндауда бейнелілікті тудырады.

Мақал-мәтелдерге үндес, терең мағыналы сөз өрнегін қанатты сөздер немесе афоризмдер дейміз. Мақал-мәтелдерден афоризмдердің айырмашылығы белгілі шығарушысының болуында. Афоризмдер бейнелілікке емес, ойға құрылады. Жырау тілінде осындай ойға құрылған, оқырман көңіліне қонып, жатталып қалуға бейім тұратын, яғни нақыл сөздерге сұранып тұрған ой-тұжырымдар мен ой-толғамдар кездеседі. Сондай-ақ, тілімізде бұрыннан қалыптасып, қолданыста жүрген сөз мәйегімен үндес келетін насихат мәнді мынадай жыр жолдары да жырау поэзиясының құндылығын арттырып тұр:

Елдің сәні –ерменен,

Ердің – сәні елменен...(4,133-б.) немесе

Бөкен өсер жерінде,
Толығар жігіт елінде

Мұндағы негізі ой түйіні «Ер –елінде, гүл –жерінде», «Ер –туған жеріне, ит – тойған жеріне», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» тәрізді мақал-мәтелдермен мазмұндас екенін көреміз.

Жыраудың «Жолдас болмас бұл пәни», «Бұл дүниенің мысалы», «Тәубе», «Өмірдің баяны» сынды насихат жырларынан мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Сөзіміз дәлелді болу үшін төмендегі жолдарға назар аударайық:

Намысы болмас жігіттің,
Абыройы бастан кетерде... *немесе*
...Қас тентекте ақыл жоқ,
Қас жаманда жақын жоқ,
Қанағат болса, қайғы жоқ.
Қайғысыз жаннан жайлы жоқ.
Мұнша керек боласың
Дерегің бар ма, дүние-боқ?
Жағдайыңа қарамас,
Атылған күні ажал-оқ (4,153-б.).

Жыраудың басқа өлеңдерінде де белгілі бір философиялық түйіні бар сөздер өз қисынымен орынды қолданылып отырады. Олай болуының бір себебін ақынның халық ортасында болуынан және халық әдебиетін жақсы білгеннен, сонымен қатар, оның халықты жақсылыққа шақыруға, сөз көркемдігін түсіндіруге талпынғандығынан деп білеміз. Бұл пікірімізді жырау толғауларындағы мына жолдар дәлелдей түседі:

Білігі терең ерлер бар
Сөздің мәнін білетін;
Қисық ауыз қыңыр бар
Шекараны бөлетін;
Рахатсыз өмірден
Ұйқыда артық түс көрген;
Жарлы адамның жайы жоқ,
Бардың малы аяулы;
Қасиетсіз жаманнан
Жақсының артық мазары;
Жақсының алды рахат
Салулы көпір жол-дағы,
Жамандардың мысалы
Құрулы тұрған тор-дағы;
Хас ақылдың белгісі
Пайдасын айтса, хош көрген
Ақылсыз адам белгісі
Пайдасын айтсаң, қас көрген, т.б. (4,156-б.).

Жалпы, нақыл сөздер белгілі бір философиялық ойға құрылады. Онда айтылған ой ешуақытта құнын жоймайды. Дәуір өтіп кетсе де адам жасының өтуі сол дәуірге тығыз байланысты болады. Жақсы мен жаман заман тынысын көрсетеді. Бұндай толғауларда адам өмірінің мәнді өткеніне көп көңіл бөлінеді. Не істелді, енді не істеу керек, қандай шаралар жасалды, кейінгі ұрпаққа қандай аманат қалады осы қағида бірінші орында тұрады. Сондықтан жыраудың қай толғауын алсақ та ғибраты мол, жастар үшін, жалпы оқырман үшін рухани-тәрбиелік мәні зор құнды туындылар деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
- 2 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. -Алматы: Санат, 1995. 208 б.
- 3 Авакова Р.Ә. Фразеология теориясы. –А.: Қазақ университеті, 2009. - 292б.
- 4 Қазжанұлы Ұ. Менің атым –Ұзақбай. Алматы: «Бабамұра-М», 2011. - 260 б.

ӘОЖ 82-1/-9

ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ ДІНИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МӘНІ

Төлеуханова Арайлым Демеухановна,

Көп тілді білім беру факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ 2-курс магистранты,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қаласы, Қазақстан

*Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С. - филология ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры
Ақтау қаласы, Қазақстан*

Аңдатпа. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығы сан қырлы. Ақын туындыларының қыр-сыры, тақырыптық аясы, поэтикасын зерделесек, салмақты. Ақын дастандары, діни-философиялық туындылары, толғау, арнау, көңілқос, мінәжат өлеңдері, жазба айтыстары мен аралық сөздері үлкен мәнге ие.

Бұл мақалада ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылығы, діни тақырыпқа жазылған өлеңдерінің мәні ашылады. Діни сипатты туындыларындағы діни сөздер байыпталады.

Кілт сөздер: Сыр ақыны, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, заман шындығы, идея, діни тақырып.

Кешегі Кеңестік жүйе тұсында тарихымыз ұлт топырағында тамыры жоқ идеологияға сәйкестендіріліп зерттелінді. Социализм талаптарына жауап ретінде жазылған дәмсіз, нәрсіз, өтірік шығармалар бүгінде жер жастанды. Кеңес үкіметі, партиялық органдар қаншалықты қаталдық жасап, қырағылық көрсеттік дегенмен, алаш идеялары, ұлттың азаттық рухы, тәуелсіздік сарындар, адамгершілікті ұлықтайтын ислам қағидалары, әсіресе, әдебиетте, өнерде, ғылымда жойылып кеткен жоқ.

Тұрмағамбеттанудың негізі XX ғасырдың алпысыншы жылдарынан, яғни «халық жауы» деген жалған жаламен қудаланған қазақ зиялыларының есімдері алғаш ақтала бастаған уақыттан басталады. Саясаттан қашу, тоталитаризм құрығынан құтылу үшін қаламгерлер шыншыл сөз өткізудің сан алуан тәсілін ойлап тапты: бүгінгі тақырыптардан кетіп, тарих қойнауына сүңгіді, астарлы емеурін айту амалдарын меңгерді, сөз өнерінің табиғатына жат сарындардан безді. Көкейтесті сырларды бейнелі суретті, ишара сырлы сөзбен айта білген үздік шығармалар халықтың махаббатына бөленді, ұлттың рухани игілігіне айналды, еліміздің тұрмыс салтын, тарихын, мінез құлқын өзге жұрттарға таныстырды.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы – дара тұлға. Ақын өзінің ішкі дүниесін поэзиясы арқылы көрсетті. Қай тақырыпты жырласа да ақынның ішкі кернеуі көрініс табады. «Дара тұлғаның жасалуы терең негізі бар ішкі қажеттілікпен байланысты. Ал қажеттіліктер – өздігінен пайда болатын, өздігінен өрістейтін процесс» [1, 27], - дейді ғалым Қ. Жаманбаева. Зерттеу проблемаларын тілдік сана төңірегіне жинақтап, негізгі мәселені психофизиологиялық (психофизиологиялық эстетикаға жақындау), психологиялық (негізі психоаналитикалық теориялардан басталады), философиялық, тілдік, әдебиеттану (соңғы үшеуі семиотикалық сипатта) тұрғысынан кешенді түрде, когнитивтік жүйеге біріктіру арқылы ғылыми негіздеген ғалым кез келген дененің ішкі энергиясы бар екендігін көрсетеді. Адам атты болмыстың адами қалпы оның туындыларынан көрінеді. Мәселен, Тұрмағамбет ақынның «Адам» атты өлеңі адамдық қалыпты надандыққа қарсы қоя отырып, оның бар болмысын ашып көрсетеді.

Қимаймын «адам» – «далын» надандарға,
Надан көп осы жүрген адамдарда
Далаға «далдың» әрпін жібермендер
Ғылымға ойдың көзін қадандар да [2, 51].

Өлеңдегі «дал» сөзі қазақ танымына түсініксіздеу көрінгенімен, жырдың бар мазмұн-мағынасы осы сөзбен байланысты ашылатын дығына көз жеткіземіз. «Дал» – араб әліпбиіндегі сегізінші әріптің аты. Ақын «дал» әрпіне ерекше мән бере отырып, өлеңінде Әбжәд іліміне сүйене келе, муамма тәсілін қолданады. «Муамма» жұмбақтау мағынасында, ақындар көбіне өз атын және шығарманың туындау мерзімін өлеңдерінде астарлап, жұмбақтап

берген. «Муамма» тәсілін діни медреседе оқыған ақындар өлеңдерінде жиі қолданған. Әсіресе, мұндай шеберлік Бұқара медресесінің шәкірттеріне тән деуге болады. Мысалы Шәді төре Жәңгірұлы «Хайбар» қиссасының соңында:

Әбжәдтің есебімен атымды айттым,
Халқыма дұға етіңіз міскін менің
Үш жүздің ол әріптің ортасына,
Бір менен төртті қосып етіңіз жат [2, 52], –

деп сандарды ойнату арқылы өз есімін жасырып берген. «Әбжәд – көне араб алфавитінің өзгеше тізілу ретін көрсететін ойдан шығарылған 8 сөздің («абжәд», «һаууаз», «һұтти», «каламан», «сағфас», «қарашат», «саххаз», «зазағ») жалпылама аты. Бұл сөздердегі әріптердің жалпы саны 28 болып, әрбір әріп тұрақты бір санды білдірген». Өлеңдегі 300 – Әбжәд ілімі бойынша «ш» әрпіне, 1 – «а» әрпіне, ал 4 – «д» әрпіне сәйкеседі. Демек, сандарды қосып оқығанда Шад сөзі шығады. Әбжәд ілімі бойынша 10 санына «иә» әрпі сәйкеседі. Яғни өлеңдегі «ол» сөзінің орнына біздің ойымызша «он» жазылған секілді. Сонда жасырылған сөз «Шади» болып шығады.

Бұқара медресесінен тәлім алған Тұрмағамбет Әбжәд іліміндегі төрт санымен белгіленген «дал» әрпіне астарлы мағына үстей келе өлеңіне қосады. Мұндағы ақынның айтпақ ойы «адамдық», «адамгершілік» ұғымдарының төркіні «адам» деген төрт әріпті ұлықтау, қасиет тұту. Демек, «адам» деген атты надандарға қимайтындығын жыр мазмұнына тірек еткен Тұрмағамбет ақын «ғылымға ой көзімен» қарау керектігін өсиет етеді.

Сонымен қатар «Адам» деген сөздің араб тіліндегі алиф+дал+алиф+мим әріптері мұсылманның намаз оқығандағы қимылдарына өте ұқсас келеді. Мысалы Алиф – тік тұрып қыбылаға қарап тұрған сәтін көрсетсе, «Дал» – мұсылманның «Аллаһу әкбар» деп рұқұғқа баратын сәтін көрсетеді. Үшінші әріп «Алиф» қайтадан тік тұрған бейнесі болса, соңғы әрпі «Мим» – адамның сәждеге бас қойған сәтін белгілейді. Исламның 5 шартының алғашқысы иман болса, екіншісі – намаз, яғни исламдағы алғаш парыз болған құлшылық, ол – намаз.

Намаз – ең маңызды, мағынасы мен мәні терең құлшылық. Оның ішінде Аллаһты мадақтау, ұлықтау, оған шүкір деп тәубеге келу, әрі кешірім сұрап, одан жәрдем тілеу, дұға ету, сол сияқты зікір ету. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) намазға «Діннің тірегі», «Мүміннің миғражы», «Жұмақтың кілті», «Көзімнің нұры» деп анықтама беріп, Намаз – исламның ең маңызды ғибадаты, оны тәрк етушілер тозақ азабына душар болады, - деген. «Сендерді тозаққа кіргізген не нәрселер? «Біз намаз оқымадық», – дейді олар» («Мүддәсир» сүресі, 42-43-аяттар). Яғни өмірін Алланы ұлықтауға арнаған ақын намазға жығылмаған, Алланы еске алмаған жандарға «Адам» атын қимаймын дегенді білдіргісі келеді. Ал, «далдың» әрпін далаға жібермей, ғылымға көзді қадандар дегені – кім де болса намазын қаза қылмай, Құранның әр сөзін мұқият, қырағылықпен

зерттесе көкірек көзі ашылып, ғылым әлемінде еркін қалықтай алатынын білдіргісі келеді.

Әр ғылымды зерттей келе шырқау шегі құранға алып баратынын қазір ғылым сан рет дәлелдеп отыр. Соның бір мысалы ретінде Атлант мұхитының екіге бөлініп жатқанын, суының, балықтарының араласпайтынын көрген Кусто оны Құранда әлдеқашан жазулы тұрғанын тауып, Құранды, ислам дінін шын мойындап, мұсылмандықты қабылдағанын айтуға болады. Діни-ағартушы ақындарды қызықтырып келген мәселенің бірі – жан мен тән мәселесі. Жанның азығы – рухани ізденістер болса, тәннің азығы – нәпсіге қатысты жайттар. Адамдар ардың тазалығы мен таразыланса, адамгершілік қасиеттер де осы жан мен тәннің, рух пен нәпсінің қатысы негізінде ажыратылып, бағаланып жатады.

Тұрмағамбет ақынның осы мәселені қамтыған өлеңдерімен қоса шығыстық үлгіде жазылған рубайлары да бар.

Негізінде, нәпсім – бөрім, ойым – қойым,
Нәпсіге қойды «жемей», жоқ қой тойым.
Біле алмай қайсысына қарарымды,
Болып жүр осы уақытта дел-сал бойым [2, 73].

Нәпсі – тәннің азығы. Ол – материялық тірі табиғаттың қозғаушы күші. Яғни, жалған дүниенің ашкөз тойымсыздығынан туған тәннің қамы. Метафоралық тәсіл арқылы нәпсіні бөріге, ойды оған жем олар қойға балап, сөз құбылта отырып, Тұрмағамбет адам табиғатын сөз етеді. Дін іліміндегі нәпсі мен рух аталар адами құбылыстардың өлең өрнегіндегі бейнелі көрінісі оқырманын ойға жетелері анық.

Төрттағанда тойымсыз нәпсі жөнінде тұжырым жасауы Тұрмағамбеттің руханият мәселесіндегі терең танымын байқатады. Ашкөз бөрімен ауыстырыла берілген нәпсі ашқарақтық, тойымсыздық, қанағатсыздық, көре алмаушылық, сарандық секілді сансыз жамандықтың басы болары белгілі. Осыны сезіне тұра көбіне нәпсіге ерік беріледі. Өлең кейіпкерінің дел-сал болып, қайсысын таңдарын білмеуі де адам табиғатына тән. Нәпсінің сілтегенінен сырт айналу, әрдайым рухани даму үстінде болу пенденің көбінің қолынан келе бермейтін іс. Тұрмағамбет жырларында аллитерация көптеп кездеседі. Мұндай ерекшеліктің ақын шығармаларында айқын көрінуі төрттағандық рубайларында да байқалады. Оған жоғарыдағы жыр дәлел бола алады. Ауыстырудың (метафора) еш жалғау, жұрнақсыз жасалған түрі осы «Ой» төрттағанында бой көрсетеді. Мұнда ұқсас, мәндес нәрсеге балау мақсаты ғана емес, өлеңге өзінше өң беру де қамтылған. Тұрмағамбет төрттағаны Шал ақын жырларымен үндес келеді. Шал ақынның жырларында да нәпсі бөріге, ақыл қойға баланатын тұстары кездеседі. Сөз қайталау, тіркес не болмаса ой қайталаулардың жыраулар толғауларында кездесуі өрескелдік емес, қайта өзгеше өнеге, дәстүрлі сабақтастық, шығармашылық заңдылық саналары анық. Шал ақынның өлеңіндегі метафоралық ұқсастық сөзіміздің дәлелі іспеттес.

Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,

Бөріге қой алдырмас ердің ері.

Таяғын қатты ұстап қойшы тұрса,

Жоламайды ешбір нәрсе, шайтан, пері [2, 84].

Нәпсі бөрімен, ой-иман қойменен алмастырылып, алғашқы екі тармақта көрініс тапқан ой бір болғанмен, кейінгі жолдарда Тұрмағамбет кейіпкері қайсысын таңдарын білмей, «дел-салдыққа» ұшыраса, Шал ақын дәрменсіздіктен құтылудың жолын көрсетіп, ақылдың таяғын мықты ұстауды ұсынады. Екі ақынның өлеңіндегі негізгі ой адамдық қасиеттерге кісі іштен жетіліп тумады, тәлім-тәрбиенің, ортаның әсерінен өсіп, ізгі қасиеттер бойға дарып, дамып қалыптасады дегенді білдіреді.

Тұрмағамбеттің «Өмір өткелдері» өлеңі 1912 жылы қаламгердің отыз жасында жазылған. Ақын өлеңінің бір ерекшелігі адамның өмірге келуін сөз еткенде атаның белі мен ананың құрсағын қоса қабат айтуында еді.

Атаның, әуелінде белінде еттің

Екінші, ана қарны теңінде еттің.

Тоғыз ай, тоғыз сағат, тоғыз күндей

Қадірлеп құдіретіңмен, шегінде еттің [2, 83].

Өмір туралы толғаныс адамды өмірге әкелуші күш – Алла Тағалаға арналып, бастан-аяқ екінші жақта жазылған. Дүние есігін ашқан нәрестенің әуелгіде қалай, қайда пайда болатындығы биологиялық түзілім тұрғысынан сөз етілуі ақынның білімдарлығын байқатады.

Тудырып сау-саламат, талпындырып,

Емшектері, іңгәлатып, тебінді еттің [3, 18].

Байқап отырғанымыздай, өлеңнің 7-8-тармақтарында ғана «сау-саламат туылған» шарана сөз етіле бастайды. Көп ақындарда баланың дүниеге келген кезінен бастап өмірден өткенге дейінгі аралық философиялық тұрғыдан түйдек-түйдек толғамдар түрінде өлеңге қосылады. Ал, Тұрмағамбет өмірге келуден бұрынғы ана құрсағындағы өсу жолдарын өлеңге қосып, сол тұстағы өз жасы отыз жасқа дейінгі «өмір өткелдерін» сөз етеді. Алты айлығында баланың өз бетінше отыруы, жылды толтырғанда апыл-тапыл жүріп «бойының жеңілдеуі», екі жасқа келгенде тіл үйіердей шырын сөздерді айта бастауы – бәрі-бәрі ақын өлеңінен тыс қалмайды. Жеті мен сегізінде күндіз ойынның қызығымен жүріп, айтақырды тықырлай түсетіндігі мен түнде әкешешке қойнынан бір-ақ шығатыны, ал он жасында ақыл мен айланы қатар игере бастайтындығы өлеңге қосылады. Жиырманың желігі қыз-қырқынға қыдыртса, «отызымда өз алдыма от жақтырып, кейпімді жұрт көруге келімді еттің», – дейді. «Өз алдына от жағуы» – отау тігіп, жеке түтін түтеткендігін айтқаны еді. Одан кейінгі өлең жолдарында жанұя құрып, отағасы болғаннан кейінгі жанның бәріне ортақ ұл-қызға әке болу, қораға қойдың толуы, секілді жайлар сөз етіледі. Жыраулық поэзияда жас мөлшерінің ерекшеліктерін жырға қоспаған ақын кемде-кем. Әдетте жыраулар әрбір жасқа анықтама беріп, жастық шақтың күш-жігері тасуын, орта жастың ақылын, кәріліктің кеміген қуатын өлеңге қосып жатады. Ақынның Алланы астарламай, ашық

мадақтап жазған діни өлеңдеріндегі ортақ идея – исламды насихаттау арқылы халықты

имандылыққа шақыру және адамгершілік ізгі қасиеттерге тәрбиелеу.

Тірегің жоқ, бір Алла
Осыншаны халық еткен –
Құдіреті күшті ірі Алла!
Қалайда да өзіңнің
Құлыңның болам бірі Алла.
Өлмейтін мәңгі, тірі Алла.
Тәубе-таупиқ бермесең,
Көңілімді басты кір Алла
Сол кірімді кетіріп
Ойыма орнат нұр Алла [3, 44].

Өлең жалаң үгіт пен жадағай насихаттан ада. Ақын Алла Тағалаға арнаған бұл мадақ жырында халқын иманға ұйытқан Алланың жолынан таймайтындығын, «қалайда құлы болатындығын» білдіреді. «Мәңгі өлмес» Алладан тәубе-таупиқ сұрайды. «Аллаға» аталатын ақын жырында адам – пенденің жай-күйі қарапайым тіркестер негізінде жан-жақты ашылған. «Көңілін кір басқан» ақынның лирикалық кейіпкері адам табиғатының әрдайым ізгі ниет пен адал іс-әрекет үдесінен шыға бермейтіндігін шынайы жеткізеді. «Көңілдегі кірді» кетіру үшін Алланың нұрынан медет тілеген өлеңді діни уағыз бен Аллаға мінәжаттың үлгісі ретінде тануға болады.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының діни сипаттағы қай өлеңін алсаңыз да адамның рухани өсуі, толысуы, кемелденуіне тікелей әсер ететін имандылық, адамгершілік туралы ордалы ой, тегеурінді тұжырым айтылады. Ақынның бас-аяғы жұп-жұмыр осындай өлеңдері көңіл көкжиегін кеңейтіп, адамдық ауылына сара жол салады. Осындай кенеуі кеткен кейбір кемшіліктерді көрсететін ақын өлеңдері айна іспетті. Санасында саңылауы бар кісі соған қарап бойындағы жамандықты ауыздықтап отыруға әдеттеніп, Тұрмағамбет жырларынан қуат алары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаманбаева Қ.Ә. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.
2. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармалары. – IV томдық. – Алматы: Жазушы, 2007.
3. Ізтілеуов Т. Назым. – Алматы: Жазушы, 1982. – 318 б.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің зерттеу және даму жөніндегі вице-президенті А.Ә. Сейдалиев сөзі | 3 |
| ТІЛ ҚҰДІРЕТІН СЕЗІНГЕН ҒАЛЫМ Фазылжан А. | 5 |
| ЖАНАРЫ ЖӘУДІРЕГЕН ҚАНЫГҮЛ ЖҮРЕГІМДЕ Манкеева Ж. | 7 |
| ҚАНЫГҮЛ ЖАМАНБАЕВА ЕРЕКШЕ ЖАРАТЫЛҒАН ЖАН ЕДІ Есенова Қ. | 11 |
| ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ТІЛДІК ТҰЛҒА МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ Нұрдаулетова Б.И. | 13 |
| ӨШПЕС МҰРА ҚАЛДЫРҒАН ҒАЛЫМ Аймұхамбет Ж.Ә. | 20 |
| ТІЛДІК ТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТКЕН ЕҢБЕК Сағын Б.Ұ. | 22 |
| ҒЫЛЫМНЫҢ ТЕРЕҢ ҚОЙНАУЫНА ТҮРЕН САЛҒАН ҒАЛЫМ Жұбай О. | 23 |
| ДАРА ТҰЛҒА Акбердыева Б.К. | 34 |
| «ҮЛКЕН ЖОЛДЫҢ АДАМЫ» ПОВЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР Жеткізгенова Ә. | 37 |
| ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМДЫҚ БАҒЫТТЫҢ БАҒДАРШАМЫ Жылқыбаева М. | 46 |
| ӘДІСКЕР-ҒАЛЫМ Қ. ЖАМАНБАЕВА ЕҢБЕГІНІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ Каримсакова Б. | 55 |
| ҚАНЫГҮЛ АПАЙДЫҢ РУХЫ МӘҢГІ БІЗБЕН БІРГЕ Зекенова А. | 56 |
| ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭМОЦИЯЛАРДЫ БІЛДІРУІ Сарекенова Қ. | 57 |
| ҚАЗАҚ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ СИМВОЛДЫҢ МӘНІ Қамарова Н. | 63 |
| ПОЭЗИЯ КАК ИНСТРУМЕНТ ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА: ОБРАЗЫ, РИТМ Есенова Э. | 70 |
| Ұ.ҚАЗЖАНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР МЕН АФОРИЗМДЕРДІҢ СИМВОЛДЫҚ КОННОТАЦИЯСЫ Жылқыбаева М. | 77 |

| | |
|---|----|
| <p>ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ ДІНИ ТАҚЫРЫПТАҒЫ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ МӘНІ Төлеуханова А.Д.</p> | 81 |
|---|----|